

**«ҒЫЛЫМИ-ЖАҢҒЫРУ: ТҰЛҒА МҰРАСЫ»  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

14 қазан, 2022

**Materials of the international Scientific and Practical Conference  
«SCIENTIFIC RENAISSANCE: THE HERITAGE OF THE OUTSTANDING  
FIGURE»**

October 14, 2022

**Ақтау 2022**

**ӘОЖ 378**  
**КБЖ 74.58**  
**Ғ96**

Есенов университетінің президенті Б.Б. Ахметов жалпы редакциялығымен

**Редакциялық алқа:**

Сейдалиев А.А., Сырлыбекқызы С., Гусманова А.Г., Омарова А.И., Айтбаева Н.К.,  
Озганбаева Р., Яғалиева Б.Е.

«Ғылыми-жаңғыру: тұлға мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы, Ақтау: Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2022 – 416 б.

**ISBN 978-601-269-106-1**

Мақалалар жинағы Академик Ш.Есеновтың туғанына 95 жыл толуына арналған "Ғылыми жаңғыру: тұлға мұрасы" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалары негізінде дайындалды. Конференцияның негізгі мақсаты академик Ш. Есеновтің еліміздің ғылымын дамытуға қосқан ғылыми үлесінің ерекшеліктері мен өзекті мәселелерін қарау және талқылау; ғылыми идеялары мен мұрасын жан-жақты насихаттау; ғалымның өмірі мен қызметі, ғылыми білімдері мен жетістіктерімен алмасу мақсатында елдің өскелең ұрпағына патриоттық және адамгершілік тәрбие беру үшін ғылыми алаң құру. Басылым ғылыми қызметкерлер, оқытушылар, магистранттар, докторанттар және университет студенттері үшін пайдалы болуы мүмкін.

Сборник статей подготовлен на основе докладов международной научно-практической конференции «Научная модернизация: наследие личности» посвященная 95-летию со дня рождения академика Ш.Есенова. Основная цель конференции создание научной площадки для рассмотрения и обсуждения актуальных вопросов и особенностей научного вклада Ш. Есенова в развитие геологической науки Казахстана; всесторонней популяризации его научных идей и наследия; патриотического и нравственного воспитания подрастающего поколения страны на примере жизни и деятельности ученого, обмена научными знаниями и достижениями. Издание может быть полезно для научных сотрудников, преподавателей, магистрантов, докторантов и студентов ВУЗов.

**ӘОЖ 378**  
**КБЖ 74.58**  
**Ғ96**

**ISBN 978-601-269-106-1**

© Есенов университеті, 2022

## ҒАЛЫМ. ҰСТАЗ, АЗАМАТ

### АЛҒЫСӨЗ

**Ахметов Б.Б.**

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау, Қазақстан*

### **Құрметті бүгінгі конференцияға қатысушылар, қонақтар!**

Аса көрнекті геолог ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, талантты өндірісті ұйымдастырушы, академик Шаһмардан Есеновтің туғанына 95 жыл толуына арналған «Ғылым жаңғыру: тұлға мұрасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қош келдіңіздер!

Ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың дарынды шәкірті Ш.Есенов ұстазының жолын жалғастырып, 1961 жылдан Қазақстанның геологиялық қызметін басқарды, өмірінің соңына дейін осы салада жемісті еңбек етті. Геология саласында ғылыми еңбектер жазды, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі атанды.

Жезқазған кешенді геологиялық-барлау экспедициясында аға геолог, бас геолог, бас инженер (1949-1960), Қазақ ССР Геология Министрінің орынбасары (1960-1961), Министр (1961-1965), Қазақ ССР Министрлер кеңесі Төрағасының орынбасары (1965-1967), Қазақ ССР Өндірістік геологиялық комитетінің Төрағасы (1965-1967), Қазақ ССР ҒА Геология институтының директоры, Қазақ ССР Ғылым Академиясының Президенті (1967-1974), Қазақ ССР Геология Министрі (1974-1978), Қазақ политехникалық институтында «Пайдалы қазбалардың кен көздерін іздестіру және барлау әдістері» кафедрасының меңгерушісі (1978-1994) қызметтерін атқарды.

Ш.Е.Есеновтің басшылығымен Ғылым академиясының ғылыми-ұйымдастырушылық қызметін жетілдіру мен еліміз үшін маңызды жаңа ғылыми бағыттарды дамытуда орасан зор жұмыстар жүргізілгені баршамызға белгілі. Ол Қазақстандағы геология ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосты. V-XI шақырылған Қазақ ССР Жоғары Кеңестеріне депутат болып сайланған. Қазақстанның аймақтық металлогениясының теориялық негіздемелерін жасақтады, металлогениялық аудандастыру жұмыстарын жүргізді, Жезқазған ауданындағы мыс пен родусит-асбест кендерін іздеу мен барлаудың тиімді әдістерін жасақтап, өндіріске ендірді. Маңғыстаудың негізгі кен орындары – Жетібай, Өзен, Теңге, Тасболат, Қаражамбас Ш.Есенов министр болып тұрған уақытта бағаланып, ашылды. Әсіресе, Жетібай мен Өзен мұнай кен орындарының ашылуы және олардың қысқа мерзім ішінде барланып, іске қосылуы үлкен жетістік болды. Осы жұмыстарға тікелей қатысып, басшылық жасағаны үшін бір топ ғалымдармен бірге оған 1966 жылы Лениндік сыйлық берілді.

Сонымен қатар Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының (1972), Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың (1971) лауреаты болды. Екі мәрте Ленин орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Ш.Е.Есенов – 11 монография мен 150-дің үстіндегі ғылыми мақаланың авторы. Оның «Недра Казахстана», «Тектоника и нефтегазоносность Мангышлака» т.б. монографиялары республиканың баға жетпес ғылыми қорына қосылды. Қазақстанның бүкіл территориясындағы болжамдық-металлогендік жұмыстардың картасын жасауды қолға алып, «Металлогения Казахстана» деген атпен он бір сериялы болып басылып шығуына басшылық жасады. Осы жұмысы үшін құрастырушылар 1985 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Белгілі геолог ғалым, Маңғыстау мен Батыс

Қазақстандағы мұнай-газ кен орындарын алғаш ашушы, Лениндік және ҚР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Шахмардан Есеновтің есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында 1995 жылы Ақтау мемлекеттік университетіне академик Ш.Есеновтің есімі берілген болатын. Содан бері, міне, ширек ғасырдан астам уақыт бойы біздің университетіміз атақты ғалымның есімін ардақтап, оның өнеге-өсиетіне лайықты жұмыстанып келеді.

2002 жылғы осы оқу орнында Ш.Есеновке ескерткіш қойылып, ғалымның мұражайы ашылды. Бұл мұражайға ғалымның өмірбаяндық құжаттары, түрлі жәдігерлер, әр кезеңдерде түскен фотосуреттері, кітаптары, марапаттары мен жеке заттары қойылған. Мұражай экспонаттары ғалым өмірі мен ғылыми қызметінен жан-жақты мәлімет береді. Сондай-ақ мұражайда өлкеміздегі мұнай саласының дамуын бейнелейтін қызғылықты материалдар да шоғырланған. Бүгін, өздеріңіз көргендей, университетіміздің бас ғимаратының алдында орнатылатын ғалымның еңселі ескерткішінің іргетасы қаланды.

Университет білім алушылары мен педагог-ұстаздары әрқашан академик Ш.Есеновтің есіміне лайық болуды мақсұт тұтып, білім мен ғылым жолында аянбай еңбек етуде. Университеттің осы жылдар ішінде жеткен жетістіктері соның дәлелі бола алады деп ойлаймын. Алдағы уақытта да осы қарқынымыздан таймай, ғұлама ғалым-ұстаздың есімін алған университетке лайықты биіктен көрінеміз деп сендіремін.

Құрметті конференция қонақтары мен қатысушылар!

Академик Ш.Есеновтің 95 жылдығына арналған бүгінгі конференциямыз табысты болады деген ойдамын. Спикерлер ғылымның өзекті мәселелерін талқылап, Қазақстандағы ғылыми ойдың дамуына өз үлестерін қосатынына сенімдімін.

Конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

## ҰЛТ РУХЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Қабылов Ә.

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау, Қазақстан*

Тарих тағылымы дегеніміз – аға буынның өмір жолының кейінгі ұрпаққа өнеге мен сабақ болуында, өткеннің өнегесін ұмытпай, ұлы тұлғаларымыздың есімдерін ұлықтай білуде. «Отызында халыққа танылып, қырық жасында орда бұзып, қазақ зиялы қауымының көсемі болған Шахаң өмірдің сан саласында өз болмысын таныта алды... Осы ұлан-ғайыр істі Шахаң ер жігіттің бөлі болар 40-45 жасқа дейін жасап үлгерді», – деген болатын Ш.Есенов туралы акад. М.Қозыбаев [1,237.].

Ш.Есенов тек ғылым саласы мен ұйымдастыру-басқару жұмыстарында ғана емес, мемлекеттік мүддені қорғау мен ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтауда да нағыз елжанды азаматқа тән ерлікке парапар еңбек сіңіргені тарихи еңбектер мен оның замандастарының естеліктерінде енді ашық жазыла бастады. Бұл орайда оның нағыз алаш азаматы ретінде ата-бабаларымыздың “ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен” қорғап, ұрпақтарына аманат етіп кеткен қазақ жерінің бүтіндігін жақтап, мемлекеттік шекарамыздың осынау ұлан-ғайыр территорияда сақталып қалуына үлес қосқанын айтуға тиістіміз.

1962 жылдың күзінде Мәскеудің ұйғарымымен Маңғыстауды игеру Түрікменстанға беру туралы әңгіме шыға бастайды. Бұл Кеңес одағын Н.С.Хрущев басқарып, Қазақстанның оңтүстігіндегі біраз жер Өзбекстанға өтіп, солтүстік облыстар Ресейге қосылады екен деген сөз басылып болмаған кез еді. Д.А.Қонаев республика басшылығынан кетіп, оның орнына Ы.Юсупов тағайындалып, ол Қазақстанның мүддесін қорғай ала ма деген күмән белең алған шақта осылайша Маңғыстаудан айырылып қалудың қаупі туады. Осындай жағдайда Ш.Есенов Маңғыстауды қайтсе де бермеуге құлшына кірісіп, орасан көп жұмыс істейді. Көптеген құжаттар дайындап, Маңғыстауды Түрікменстанға берудің қажетсіздігін дәлелдеуге септігі тиеді-ау деген деректер жинап, түрлі нұсқадағы қыруар хаттар дайындайды. Соларды негіздеп бірнеше рет барып, Орталық Комитет пен Министрлер Кеңесінің алдында дәлелдеп шығады. Ы.Юсуповтың өзіне де кіріп, ол кісіні Маңғыстауды бермеу мәселесін Хрущевтің алдына қоюға көндіреді. Осы жоспар сәтті жүзеге асып, Маңғыстау Қазақстанда қалды. «Марқұм Ысмайыл ақсақал өле-өлгенше Маңғыстауды мен алып қалып едім деп мақтанушы еді. Ал оған бұл мәселені дайындап, «пісіріп», табаққа салып берген Ш.Есенов еді», – деп жазады Гүлсім Оразалықызы «Шахмардан Есенов» атты кітабында [2,111-112.].

Ш.Есенов өз дәуірінің ерекше тұлғасы болды, өзінің бүкіл саналы ғұмырын, білімі мен шығармашылық қуатын туған елі мен халқына арнады. Оның барлық қажымас қайрат-жігері ғылымның аса қажетті өзекті мәселелерін, әсіресе халық шаруашылығы мен мемлекеттік маңызды мәселелерді шешуге бағытталды. Табиғи дарыны, адамдық қасиеттері, тынымсыз еңбекқорлығы, мақсаткерлігі мен қажыр-қайраты Шахмардан Есенұлының тұлғасын өз дәуірінің болмысынан шығандатып, әлдеқайда биікке көтерді.

Көзі тірісінде «Шах Аға», «Шахаң» атанған қазақтың біртуар ұлы Шахмардан Есенов, шын мәнінде «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген Абай өсиетіне лайық боп өткен азамат еді. XX ғасырда қазақтың болашағына алаңдап, оны тәуелсіз де еркін, ғылымы мен білімі дамыған, алдыңғы қатарлы елдермен терезесі тең ел қылуды армандап, бар өмірін соның жолында құрбан еткен Алаштың ардақтылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Діржақып Дулатов, Смағұл Садуақасов, Қошқе Кеменгерұлы секілді ұлы тұлғалардың арман-мұраты мен іс-қызметтерін кешегі кеңестік кезеңде коммунистік партияның қатаң талаптары мен

солақай саясатының қыспағына қарамастан жалғастырған мемлекетшіл, ұлтжанды азаматтардың алдыңғы қатарында болғандардың бірі Ш.Есенов еді.

Өткен ғасырдың алпысыншы-сексенінші жылдары қазақ қоғамы басынан өткерген ұлттық рухани дүмпудің қалың ортасында болған Шахаңның қазақ өркениетіндегі алар орны қомақты. Ол ерте есейіп, отыз жасында халыққа танылды, ғылымның биігіне шығып «ең жас министр», «Ғылым академиясының ең жас президенті» атанды, қырық жасында қазақ зиялы қауымының көсемі болды. Жаратылыстану саласында ғылыми еңбекпен шұғылданып жаңалықтар ашумен, ғылым мен өндірісті ұйымдастыру жұмыстарын тиімді жүргізумен қатар, Шахаң ұлтының рухани қазынасын ұлықтап, гуманитарлық саланы дамытуға да ерен еңбек сіңірген ғалым. XX ғасырдағы Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Нұртас Оңдасынов, Өмірбек Жолдасбеков секілді ғылымдағы қыруар жұмыстарымен қатар, елінің рухани мұрасына қамқор болып, ұлтының рухын көтеруге де көп үлес қосты.

Замандастарының айтуынша, Шахаң бойы екі метрден асатын палуан денелі, өр тұлғасы өзіне жарасымды, сөйлеген сөзінің лебінен үнемі жылылық сезіліп тұратын ақпейіл жан болыпты. Шахаңның зиялылығы, білімдарлығы мен кеңпейілдігі әкесі Жорабек Есеновтен дарыған болуы керек. Ол Ташкент гимназиясын алтын медальмен бітірген екен. Өзі зор денелі, келбетті, терең білімді қазақ зиялыларының бірі болыпты. Пушкин, Лермонтов, Крыловтардың өлең-мысалдарын жатқа оқиды екен. Бір естелігінде атақты ақынымыз Ә.Тәжібаев Жорабек ақсақалмен қалай танысқанын, алғашқы кездесуінің өзінде үлкен әсер қалдырғанын, сол күні бірге дастархандас болып отырған орыс жазушысы, аудармашы Михаил Луконинге Жорабек ақсақалдың «Евгений Онегинді» жарты сағаттай жатқа оқып бергенін айтады. Шаһмардан да осындай әдебиетке жақын болып, қазақ және әлем әдебиетінің даму барысын қадағалап, көрнекті өкілдерінің шығармашылығымен таныс болған көрінеді.

Шахаң бір сұхбатында өзінің жас кезінде қазақ эпостарын зерттеп, ғылыми еңбек жазуды армандағанын айтады. Эпостардың біразын жатқа айтатын болған. «Сонда мені, әсіресе, «Қыз Жібек» жыры өзінің лирикалық-трагедиялық желісімен таңғалдырушы еді. Тап қазір соның бір көріністері көз алдыма елестеп кеткені. Төлегеннің алты қазбен қоштасу сөзі – мұндай жан сезіміне оранған мұң-жалын, жүрегінді солқылдатар шерлі сөзді басқа халықтың эпостарынан кездестіру қиын», – депті ол [3,105.]. Мұндай сөзді әдебиеттің көркемдік қасиетін терең түсінетін, ақын жанды, рухани дүниесі бай адам ғана айта алатыны түсінікті болса керек.

Шахаң Абайдың қара сөздерінің көбін жатқа білген. Абайдың «отыз екінші қара сөзінде» былай дейді: «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің бірнеше шарттары бар. Оларды білмек керек. Оларды білмей, іздегенмен табылмас», – дей келе, ғылымға талап қылушыларға алты түрлі шарт қояды. «Мен осы алты шартты ғылым-білім жолында өнеге тұттым. Бір сәт есімнен шығарғаным жоқ», – дейді Шахаң.

Ғылым Академиясының президенті болған жылдарында Ш.Есенов өзінің мамандығы геолог болғанына қарамастан, қоғамдық ғылымдар саласынан да мол хабары бар басшы екендігін талай рет нақты іс-әрекетімен дәлелдей білді. Қазақтың тарихын жақсы білген. Оның әдебиет пен өнер жөніндегі ой-толғамдары мен тұжырымдары баспасөз бетінде жиі жарияланып тұрды. Оңтүстік Қазақстанда кешенді археологиялық экспедицияның жемісті жұмыс істеуіне мұрындық болып, мүмкіндік туғызғанын айтуымызға болады. Осы экспедицияның жұмысының нәтижесінде ширек ғасырдан астам уақыт Отырар маңында археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, соның негізінде ондаған зерттеу еңбектері жарық көрді. Сөйтіп «Отырар өркениеті» деген ұғым Қазақстан тарихнамасында орын алды.

1972 жылы 6-7 маусым күндері Алматыда өткен жыр алыбы Жамбылдың туғанына 125 жыл толуына арналған Ғылым академиясының жалпы жиналысының сессиясын Ш.Есенов басқарады. Келесі жылы осы сессияның құжаттары бойынша құрастырылған «Ғылым» баспасынан «Жамбыл және қазіргі қазақ поэзиясы» деген кітап жарық көреді. Бұл жинақ Шахаңның «Шаң жұқпайтын жүйрік» деп аталатын алғысөз-мақаласымен ашылған. Онда автор Жамбылды қазақ ақындарының «қынаптан қылыш суырғандай, табан астынан ойдан шығарып айтатын, суырып салма ақындық өнерінің» ұлы өкілі дей келіп: «Алатаудың өркешті ақбас шыңдарына көз жіберсек, өзі қатарлас өнерлі, дарынды ақындар арасында сол Алатаудың ең биік, ең еңселі шыңындай болып Жамбыл тұрады. Тау мүжіледі, темір тозады, бірақ халық мұңын мұндаған, халық қуанышын жырлаған шынайы, көркем жыр мүжілмек те, тозбақ та емес, Жамбыл жыры – осындай жыр», – деп тебірене түйіндейді.

Шаһмардан Есенұлының тікелей аралауымен халқымызға әл-Фарабидің есімі мен шығармашылық мұрасы қайта оралғаны, «Екінші ұстаздың» туғанына 1100 жыл толуына арналған халықаралық конференцияны ұйымдастыруға көп күш салып, Москва, Алматы және Бағдат қалаларында конференция өткізіліп, оның әлемдік деңгейдегі мәдени оқиға болғаны бүгінде баршаға аян.

1973 жылы 4-9 қыркүйек күндері Алматыда Азия және Африка елдері жазушыларының бүкіл дүниежүзілік V конференциясы өтеді. Онда әлем жазушыларының алдында тұрған басты проблемалар кеңінен талқыланып, өзекті мәселелер көтеріледі.

Конференцияның соңғы күні өткен ұлы бабамыз, әлем таныған ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуына орай салтанатты жиын өте табысты болады. Осы үлкен жиында Ш.Есеновтің өзі ашып, ұлы ғалым туралы терең мазмұнды баяндама жасайды. Ол өзінің баяндамасында Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанған Шығыс ғалымы әл-Фарабидің дүниежүзілік ғылымдағы орны туралы айтып, еңбектерінің маңызына кеңінен тоқталады. «Әл-Фарабидің мерекесін өткізу, – дейді сонда Ш.Есенов, – халқымыздың өзінің ұлы бабаларына деген зор қадір-құрметінің куәсі, сондай-ақ қазақ халқының ғылымының және мәдени өмірінің өсіп-толысуының да белгісі». Ұлы ұстазды адамзат қоғамының әр кезеңде өмір сүрген алуан түрлі ғалымдармен салыстыра сөйлеген сөзі Ш.Есеновтің жан-жақты білімдарлығын көрсетіп, жиылған оқымыстыларды тәнті етеді.

Осы жиында сөз сөйлеген Пакистан жазушысы Фаиз Ахмат Фаиз өз сөзінде: «Ғажайып өлке Қазақстанда қазір таңқаларлық Ғылым Академиясы, ғылыми-зерттеу институттары өсіп жетілді. Әлемге әлі де бір Әл-Фараби емес, оның бірнеше ойшыл ұрпақтарын беретіндеріңізге сенемін. Соның бір мысалы Қазақстан Ғылым Академиясының қазіргі президенті, осы жиынды ұйымдастырып, тамаша баяндама жасаған бауырымыз Шаһмардан Есенов деп білемін», – деп бағалайды [4,74].

Ш.Есенов ғылым мен көркем әдебиет, оның қоғамдағы ролі, жазушылық өнер, тарих пен көркем әдебиеттің арақатынасы секілді мәселелер жөнінде де жиі ойланып, ол туралы ой-пікірлерін айтып та, жариялап та жүрген. Қызмет бабында өзі көбіне орыс тілінде сөйлегенімен, ана тілін өте сыйлап, жоғары көтере бағалаған. Қазақ тіліне сондай жетік болуымен қатар, тіл байлығына аса мән беріп, ел аузындағы сирек қолданылатын сөздерді, мақал-мәтелдер мен шешендік сөздерді жазып та жүріпті. Әдебиет туралы маңызды ойлар оның қаламынан туған мақалалар да баршылық. Мысалы, «Қазақ әдебиеті» газетінің 1971 жылғы 10 желтоқсандағы санында жарияланған «Өнегелі әдебиет үрдісі» деген мақалада ғалымның небір өзекті ойлары айтылған. Онда ақын-жазушылардың өнерін жоғары бағалап, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігі мен алар орнын дұрыс бағалайды.

Бұл мақалада Шахаң көркем әдебиеттің табиғаты, оның қоғамдағы орны, жазушыларға қойылатын талаптар тұрғысында көптеген маңызды ойлар айтылады. Және олар оқырманды тартпайтын құрғақ сөзбен емес, кәнігі жазушыларша әсем теңеулі қазақтың айшықты сөзімен жазылған. Солардың кейбіреуін келтіре кетейік:

«Жер қыртысын игеріп кен іздеген геологтай, жазушылар да адам жанының бір қыртыс-қалтарыстарына терең үңіліп, қалт жібермей тап басады»;

«Қоғамның қай кезеңі, қандай әлеуметтік ортасы болсын өз қиялдарында қайта толғап, соның көркем болмысын қайта жасауға тек жазушылардың құдіреті жетеді»;

«Мың жылғы тарихты тірілтіп, мың жылғы ғылыми болашақты қиялмен болжайтын жазушы жолдастар бір көркемдік әлемнің жаратушысы сияқты»;

«Ғалымдар табиғат пен қоғамның сан-салалы ғажайып сырларын ашып, ғылыми ойдың өсуіне көмектесе, жазушылар халықтың эстетикалық талғамын тәрбиелеуге жәрдемдеседі»;

«Ғылымы өскен елдің әдебиеті кенже қалмайтыны сияқты, өскен әдебиет ғылымға да әсер-ықпалын тигізбей қоймайды»;

«Мәселе тек біздің өзімізге, ғалымдарымыз бен жазушыларымыздың дарынына, парасатына, еңбек сүйгіштігіне байланысты»;

«Ұлы адамдар белгілі бір ұлттан шыққанымен, өзінің еңбегі арқылы жалпы адамзатқа ортақ тұлғаға айналады»;

«Қазақстан даласында көптеген қалалар мен қорғандардың қалдықтары, обалар бар. Бұған дейін Орталық Қазақстан жеріндегі бірсыпыра қорғандар қазылып, зерттеліп еді. Енді көне Отырарды қазу жұмысы басталды. Өткен жылы Іле бойынан табылған «Алтын киімді адам» археология тарихындағы ірі жаңалықтардың бірі болды. Осының барлығы – халқымыздың, еліміздің, жеріміздің тарихы. Олар туралы біздің ой шеңберімізді кеңейтіп, білімімізді арттырып отырған – ғалымдар» [5].

«Біз қазақ әдебиетінің дүние жүзілік аренаға шыққанын мақтаныш етеміз», – деп бағалаған ғалым одан әрі көркем әдебиеттегі тарихи тақырыптың маңыздылығына тоқталып: «Әлбетте, тарих өткен үшін жазылмайды, тарихты білу, халық өмірінің даму жолын тану, ең алдымен бүгінгі күн үшін, болашағымыз үшін керек. Өз халқының, адамзат тарихының даму жолын білмей, өзінді мәдениетті адам деп санау қиын», – деп тұжырымдайды.

Ғалымның мұндай тұжырымының мәні зор болатын. Өйткені ол кездер Кеңес Одағы шеңберіндегі аз ұлттардың тарихының зерттелуіне шектеу қойылған, көркем әдебиеттегі тарихи тақырыптың тізгінін тежеп, тарихи тақырыпқа қалам тартқан қаламгерлерді аяусыз айыптап жатқан кез болатын. Осының алдында ғана Ілияс Есенберлин «Қаһар», «Алмас қылыш» және «Жанталас» секілді тарихи романдарын әрең жарыққа шығарған еді. Оны кейбір сыншылар іреп-сойып сынап жатқан болатын. І.Есенберлин Үкімет басшысымен достығының арқасында ғана бұл трилогияны «Көшпенділер» («Кочевники») деген атпен орыс тілінде шығарды. Ал бұл шығармалармен қатар жазылған Софы Сматаевтың «Елім-ай» романы жарық көре алмай, шаң басып «Жазушы» баспасының сөресінде жатқан болатын. Бұдан кейінгі кезеңде жазылған көптеген қазақ тарихи романдарының жарық көруіне осы Ш.Есенов секілді ұлт жанашырларының, халық тарихына терең мән беретін басшы азаматтардың ықпалы болғанын айтуымыз керек.

Бұл мақаласында Шахаң әдебиеттегі ғылыми-фантастика жанрының қажеттілігіне де назар аударып: «Ғылыми-фантастикалық жанр, бір жағынан, ғылыми көрегендікпен шектесе, екіншіден, көркем шығармамен ұштасып жатады. Ойы жүйрік, қиялы ұшқыр жазушылардың болжампаз көрегендіктері ғалымдарымыздың ғылым саласында көптеген жаңалықтар ашуына мүмкіндік берген», – деп ғылым мен әдебиеттің байланысындағы фантастиканың роліне дөп басып баға береді. Бұдан кейінгі кезеңде



қазақ әдебиетінде ғылыми-фантастикалық жанры дамып, Шоқан Әлімбаев, Абдулхамит Мархабаев, Талап Сұлтанбеков секілді фантаст жазушылардың шығармалары көптеп жазылды.

Тарих ғылымының докторы, профессор Ахмет Ержанұлы Шахаң туралы: «Қазақ елінің келешегі туралы жиі ойланушы еді... Жастарға деген көңілі, оларға қамқорлығы ерекше болды. Жоғары оқу орнын бітіріп, мамандық алып жатқан жастардың жалпы рухани бейнесіне, мәдениеті мен білім дәрежесіне айрықша көңіл бөлетін. Мемлекеттік емтихан үстіндегі студенттің терең мағыналы жауаптарына, құнды тақырыпқа ұтымды жазылған диплом жұмыстарына балаша қуанатын», – деп есе алады [6,37-38.].

Марқұм ақын әрі ғалым, осы университетімізде көп жыл бойы қызмет істеген Рахмет Аяпбергенұлы Шахаң арнаған өлеңінде:

...Үркердей санап алар бұл ғасырда,  
Ғалымдар көшінің ол тұр басында,  
Адамның адамы – ұстаз Сәтбаевтай  
Шахаңның мықтылығы тұлғасында.

Таспаған кемерінен кезінде бір,  
Бас маман – уәделі сөзінде кіл.  
Даламның жылылығын бойға жиған,  
Шахаңның ұлылығы көзінде тұр... [7,253] –  
деп жырға қосқан болатын.

Біздер бүгін Ш.Есеновтің өлмес рухының алдында басымызды иеміз. Оның ұшан-теңіз білімі, терең ақыл-парасаты, мұқалмас күш-жігері мен халқына деген асқан сүйіспеншілігі, асқан ғылыми жаңалықтары мен артында қалған еңбектері ұрпақтарының жадында ешқашан ұмытылмақ емес.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қозыбаев М. Ел баласы, Сыр баласы туралы сыр // Главный геолог. Алматы, 2007.
2. Оразалықызы Г. Шахмардан Есенов. Алматы. Қазақстан, 2012.
3. Мажитов М. Халқым деп соқса жүрегім // Біртуар Шахмардан. Алматы. Ғылым, 1997.
4. Нұршайыхов Ә. Академик Есенов // Біртуар Шахмардан. Алматы. Ғылым, 1997.
5. Есенов Ш. Өнегелі әдебиет үрдісі // Қазақ әдебиеті. 10 желтоқсан, 1971.
6. Ержанұлы А. Дарабоз // Біртуар Шахмардан. Алматы. Ғылым, 1997.
7. Аяпбергенұлы Р. Менің Шахам, менің атам // Главный геолог. Алматы, 2007.



Трансформациялық процестер жағдайында қазіргі заманғы ғылымды, технологияларды және білім беруді дамыту

Развитие современной науки, технологий и образования в условиях трансформационных процессов

УДК 574 (262.5.05)

## НЕОБХОДИМОСТЬ ЗАЩИТЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ ОТ ОПАСНЫХ ТЕХНОГЕННЫХ ВОЗДЕЙСТВИИ ПРОМЫШЛЕННОСТИ НА ЭКОСИСТЕМЫ

Рзаева К.С.

*Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова  
г. Актау, Казахстан*

**Аннотация.** В статье рассмотрены характерные антропогенные радиационные воздействия на окружающую среду.

**Ключевые слова:** деградация экосистем, радиационные воздействия, экологическая или ассимиляционная емкость экосистемы, техногенные воздействия на окружающую среду.

Экологическое состояние многих районов нашей страны вызывает законную тревогу общественности.

Из-за постоянного загрязнения атмосферного воздуха, поверхностных и подземных вод, почв, растительности происходит деградация экосистем, сокращение продуктивных возможностей биосферы [1].

Общие выбросы двуокиси азота оцениваются в  $6,5 \cdot 10^8$  т/год, выбросы серы составляют  $2,4 \cdot 10^8$  т/год, промышленность выбрасывает  $5,2 \cdot 10^7$  т/год всевозможных отходов. Выбросы углекислого газа, сернистых соединений в атмосферу в результате промышленной деятельности, функционирования энергетических, металлургических предприятий ведут к возникновению парникового эффекта и связанного с ним потепления климата. По оценкам ученых [2] глобальное потепление без принятия мер по сокращению выбросов парниковых газов составит от 2-х до 5 градусов в течение следующего столетия, что явится беспрецедентным явлением за последние десять тысяч лет. Потепление климата, увеличение уровня океана на 60-80 см к концу следующего столетия приведут к экологической катастрофе невиданного масштаба, угрожающей деградацией человеческому сообществу.

Среди других экологических проблем, связанных с антропогенным воздействием на биосферу, следует упомянуть риск нарушения озонового слоя, загрязнение Мирового океана, деградацию почв и опустынивание зернопроизводящих районов, закисление природных сред, изменение электрических свойств атмосферы. Характерные антропогенные радиационные воздействия на окружающую среду -

-загрязнение атмосферы и территорий продуктами ядерных взрывов при испытаниях ядерного оружия в 60-тые годы,

-отравление воздушного бассейна выбросами пыли, загрязнение территорий шлаками, содержащими радиоактивные вещества при сжигании ископаемых топлив в котлах электростанций,

-загрязнение территорий при авариях на атомных станциях и предприятиях.

Более локальные, но не менее неприятные последствия - гибель озер, рек из-за неочищенных радиоактивных сбросов промышленных предприятий. Значительную опасность для живых существ, для популяций организмов в экосистемах представляют аварии на предприятиях химической, атомной промышленности, при транспортировании опасных и вредных веществ. Известные аварии на химическом заводе в Бхопале (Индия), на 4-ом блоке Чернобыльской АЭС, аварии с нефтеналивными судами, да и результаты скоротечной войны в Персидском заливе показывают масштабы экологических бедствий современного общества.

Очевидно, что необходим радикальный пересмотр наших отношений с природой, нужны решительные шаги по защите окружающей среды, в частности многократное усиление мер воздействия нормативных рычагов на хозяйственную практику.

Совершенно недопустимо, чтобы установленные нормативами предельные концентрации вредных веществ в воздухе, воде реально превышались в сотни раз. Важной задачей является разработка вопросов нормативного разграничения допустимых и недопустимых воздействий, оценивания стоимости экологического ущерба.

Основными направлениями в ограничении вредных техногенных воздействий на биосферу являются ресурсосбережение и разработка экологически чистых или безотходных технологий. Чистоту вод можно улучшить методами биотехнологии. Радикальный путь оздоровления экологической обстановки - сокращение вредных выбросов и сбросов, увеличение безаварийности и безопасности опасных производств, переход на безотходные технологии, концентрация и надежное захоронение вредных отходов, разумное сотрудничество и международная взаимопомощь при экологических катастрофах.

Большое значение для целенаправленных действий по радикальному изменению деградиционных тенденций в биосфере может сыграть Программа биосферных и экологических исследований, Декларация Конференции по защите окружающей среды [3]. В работе по оздоровлению окружающей среды, ограничению воздействий вредных веществ на биоту важную роль играют службы контроля состояния природы, среды обитания людей, локального и регионального мониторинга окружающей среды. Эти службы, вооруженные современной измерительной техникой и приборами контроля, должны оперативно оповещать население о всех случаях приближения параметров окружающей среды к опасному уровню.

Важную роль в защите среды обитания человека от загрязнения должна сыграть глобальная система мониторинга состояния окружающей среды, охватывающая Мировой океан и все континенты, основанная на национальных системах, но находящаяся под эгидой ООН. В законодательстве имеются документы, определяющие обязанности и ответственность организаций по сохранности, защите окружающей среды. Такие акты, как Закон об охране окружающей природной среде, Закон о защите атмосферного воздуха, Правила охраны поверхностных вод от загрязнения сточными водами играют определенную роль в сбережении экологических ценностей. Однако в целом эффективность природоохранных мероприятий в стране, мер по предотвращению случаев высокого или даже экстремально- высокого загрязнения окружающей среды оказывается очень низкой.

Все техногенные воздействия на окружающую среду можно разделить на незначимые, приемлемые и недопустимые. В области незначимых воздействий все виды деятельности дозволены без ограничений. Границей этой области могут быть санитарно-гигиенические нормативы по содержанию вредных веществ в воде, воздухе, пищевых продуктах.

Экологическая или ассимиляционная емкость экосистемы [4] - максимальная вместимость количества загрязняющих веществ, поступающих в экосистему за единицу

времени, которое может быть разрушено, трансформировано и выведено из пределов экосистемы или депонировано за счет различных процессов без существенных нарушений динамического равновесия в экосистеме. Типичными процессами, определяющими интенсивность "перемалывания" вредных веществ, являются процессы переноса, микробиологического окисления и биоседиментации загрязняющих веществ. При определении экологической емкости экосистем должны учитываться как отдельные канцерогенные и мутагенные эффекты воздействий отдельных загрязнителей, так и их синергетические, т.е. усилительные эффекты из-за совместного, сочетанного действия.

Техногенные воздействия на окружающую среду при строительстве и эксплуатации атомных электростанций многообразны. Имеются физические, химические, радиационные и другие факторы техногенного воздействия эксплуатации АЭС на объекты окружающей среды.

Отметим наиболее существенные факторы -  
локальное механическое воздействие на рельеф - при строительстве,  
повреждение особей в технологических системах - при эксплуатации,  
сток поверхностных и грунтовых вод, содержащих химические и радиоактивные компоненты,

изменение характера землепользования и обменных процессов в непосредственной близости от АЭС,

изменение микроклиматических характеристик прилежащих районов. Возникновение мощных источников тепла в виде градирен, водоемов-охладителей при эксплуатации АЭС обычно заметным образом изменяет микроклиматические характеристики прилежащих районов. Движение воды в системе внешнего теплоотвода, сбросы технологических вод, содержащих разнообразные химические компоненты, оказывают травмирующее воздействие на популяции, флору и фауну экосистем. Особое значение имеет распространение радиоактивных веществ в окружающем пространстве. В комплексе сложных вопросов по защите окружающей среды большую общественную значимость имеют проблемы безопасности атомных станций (АС), идущих на смену тепловым станциям на органическом ископаемом топливе. Общеизвестно, что АС при их нормальной эксплуатации намного - не менее чем в 5-10 раз "чище" в экологическом отношении тепловых электростанций (ТЭС) на угле. Однако при авариях АС могут оказывать существенное радиационное воздействие на людей, экосистемы. Поэтому обеспечение безопасности экосферы и защиты окружающей среды от вредных воздействий атомных электростанций - крупная научная и технологическая задача ядерной энергетики, обеспечивающая ее будущее.

Отметим важность не только радиационных факторов возможных вредных воздействий АС на экосистемы, но и тепловое и химическое загрязнение окружающей среды, механическое воздействие на обитателей водоемов-охладителей, изменения гидрологических характеристик прилежащих к АС районов, т.е. весь комплекс техногенных воздействий, влияющих на экологическое благополучие окружающей среды. Видно, что все вопросы защиты окружающей среды составляют единый научный, организационно-технический комплекс, который следует называть экологической безопасностью.

Атомные электростанции оказывают на окружающую среду - тепловое, радиационное, химическое и механическое воздействие. Для обеспечения безопасности биосферы нужны необходимые и достаточные защитные средства. Под необходимой защитой окружающей среды будем понимать систему мер, направленных на компенсацию возможного превышения допустимых значений температур сред, механических и дозовых нагрузок, концентраций токсикогенных веществ в экосфере. Тогда защита не требуется, если

$$T(r,t) < T_d, V(r,t) < V_d, M(r,t) < M_d, C_i(r,t) < C_{id}$$

В противном случае, при невыполнении неравенств необходимы меры, которые будут компенсировать превышение параметров над допустимыми значениями. Эти меры суть управляющие воздействия для возвращения системы в область нормального функционирования. Достаточность защиты достигается в том случае, когда температуры в средах, дозовые и механические нагрузки сред, концентрации вредных веществ в средах не превосходят предельных, критических значений, т.е.

$$T(r,t) < T_{кр}, V(r,t) < V_{кр}, M(r,t) < M_{кр}, C_i(r,t) < C_{икр}$$

Здесь и выше  $T$  - температура,  $T_d$ ,  $T_{кр}$  - допустимое и критическое значение температуры,  $V$  - дозовая нагрузка,  $V_d$ ,  $V_{кр}$  - допустима и критическая дозовая нагрузка,  $M_d$ ,  $M_{кр}$  - допустимое и предельное значение механической, например, шумовой, нагрузки,  $C_i$  - концентрация  $i$ -того вещества в биосфере,  $C_{id}$  - предельно-допустимая концентрация (ПДК),  $C_{икр}$  - критическая концентрация  $i$ -того вещества. Итак, санитарные нормативы предельно-допустимых концентраций (ПДК), допустимые температуры, дозовые и механические нагрузки должны быть критерием необходимости проведения мероприятий по защите окружающей среды. интенсивностью.

Учитывая, что воздействия  $AC$  на биосферу не ограничиваются лишь радиационными факторами, ясно, что реальную защиту окружающей среды следует строить на основе нормативного эшелонирования защит от всех воздействий, влияющих на состояния экосистем. В настоящее время принято обосновывать экологическую безопасность атомных электростанций при их проектировании в несколько стадий [5].

Символическое решение для вектора состояния системы, т.е. вектора биомасс, концентраций радиоактивных продуктов и других веществ, температур, можно представить в виде

$$C(r,t) = [D+I]^{-1} q(t) d(r-r_0)$$

Это поле биомасс, концентраций и температур в биосфере. В литературе имеются описания моделей экосистем различной степени сложности и детализации процессов переноса, перехода в элементах экосистем. В полном составе проблем такая задача представляется исключительно сложной как из-за большого объема вычислений, так и из-за необходимости задания большого числа эмпирических зависимостей [6]. Большой популярностью пользуется камерная модель окружающей среды, которая интегрально, в точечном приближении описывает распространение вредных нуклидов в среде и попадание их в организм человека. Оно позволяет определить полное количество вредных веществ в организмах биоценозов и их дозовые нагрузки, как функцию времени, и сопоставить с предельными, т.е. такими, которые могут вызвать необратимые биологические изменения. При расчетах радиационной нагрузки элементов экосистем должны учитываться, разумеется

облучение при прохождении радиоактивного облака;

внутреннее облучение из-за поглощения радиоактивных веществ при дыхании, глотании воды, пищи;

облучения от загрязненной радиоактивностью поверхности земли, от придонного слоя, воды водоемов. Отметим, что полезным источником данных о коэффициентах переходов радионуклидов по разным камерам пищевых цепей, дозовых коэффициентах загрязненных поверхностей является НТД МХО "Интератомэнерго" [7].

Для эффективной защиты окружающей среды необходимо законодательно ввести принцип ограничения вредных техногенных воздействий, в частности выбросов и сбросов опасных веществ.

По аналогии с принципами радиационной защиты человека, упомянутыми выше, можно сказать, что принципы защиты окружающей среды состоят в том, что должны быть исключены необоснованные техногенные воздействия, накопление вредных

веществ в биоценозах, техногенные нагрузки на элементы экосистем не должны превышать опасные пределы, поступление вредных веществ в элементы экосистем, техногенные нагрузки должны быть настолько низкими, насколько это возможно с учетом экономических и социальных факторов.

#### ЛИТЕРАТУРА

1.М. Попов, Т. Ерохина "Состояние загрязнения атмосферы на территории СССР в 1990 г. и тенденция его изменения за последнее пятилетие", "Метеорологи и гидрологи", N 4, 2015г.

2.Ю.А. Израэль "Проблемы всестороннего анализа окружающей среды и принципы комплексного мониторинга" в сб. "Всесторонний анализ окружающей природной среды", Ленинград, Гидрометеиздат, стр.16, 2017 г.

3.Д. Никитин, Ю. Новиков "Окружающая среда и человек", Изд. 2-ое, М., Изд. Высш. школа, 2016 г.

УДК 621.431

## ТОПЛИВО ДЛЯ ДВИГАТЕЛЕЙ С ИСКРОВЫМ ЗАЖИГАНИЕМ

Саугабай А., Рзаева К.С.

*Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова  
г. Актау, Казахстан*

**Аннотация.** Рассмотрен пуск двигателя внутреннего сгорания (ДВС) с искровым зажиганием с электронной системой управления на газовом топливе. Показано влияние температуры ДВС на характеристику газовой подачи во время пуска и прогрева.

**Ключевые слова:** поршневые и роторно-поршневые карбюраторные двигатели, испаряемость топлива, детонация, двигатель, октановое число, физико-химические свойства топлива, испарения, смесеобразования, воспламенения и сгорания топлива.

К двигателям с искровым зажиганием относятся поршневые и роторно-поршневые карбюраторные двигатели, двигатели с системой впрыскивания топлива и двигатели, работающие на газообразном топливе.

Исследования процесса воспламенения и сгорания топлива в этих двигателях показывают, что при заданной мощности и продолжительности искрового разряда эффективность сгорания топливовоздушной смеси во многом зависит от физико-химических свойств топлива.

При изучении влияния различных свойств топлив на мощностные и экономические показатели двигателей, их надежность, токсичность и другие показатели определились основные требования к топливу для двигателей с искровым зажиганием. Прежде всего, топливо должно быть эффективным и удобным для применения энергоносителем, т. е. обладать большой теплотой сгорания. [1,2]

Кроме того, при всех условиях физико-химические свойства топлива должны обеспечивать:

- возможность бесперебойной его подачи из топливного бака к карбюратору, форсункам системы впрыскивания или газовому смесителю;
- образование гомогенной горючей смеси, т. е. тонкое распиливание и быстрое, по возможности полное испарение;
- нормальное сгорание, без самовоспламенения и детонации; минимальное коррозионное воздействие на детали двигателя; минимальное отложение нагара в камере сгорания и смолистых отложений во впускном трубопроводе, на клапанах и деталях системы питания;
- возможно большую физическую и химическую стабильность при длительном хранении, транспортировании и хранении в баках транспортных средств;
- невысокую токсичность до сгорания и минимальное образование продуктов особо высокой токсичности после сгорания. [1,2,3]

Кроме того, топливо должно иметь широкую и недефицитную сырьевую базу, а стоимость его производства, хранения, транспортирования и стоимость заправки транспортных средств должны быть экономически целесообразны.

В качестве топлива в двигателях с искровым зажиганием применяются автомобильные бензины, которые подразделяются на летние и зимние (кроме марки АИ-98). Зимние сорта применяют с 1 октября по 1 апреля. В период перехода с одного сорта топлива на другой можно применять их смеси. В соответствии с требованием стандарта сорт топлива определяется по температуре  $t_{90}$  ПРИ которой перегоняется 90% топлива,

и по температуре конца кипения к-к. Для летних бензинов  $t_{90} < 180$  °С и  $t_{КК} < 195$  °С, для зимних — соответственно 160 и 185 °С. [3]

Бесперебойная подача топлива из бака к карбюратору обеспечивается отсутствием паровоздушных пробок, механических примесей и воды. Паровоздушные пробки нарушают поток топлива, и насос не подает топливо в карбюратор. Это происходит, когда температура в подкапотном пространстве превышает температуру начала кипения топлива.

Качество горючей смеси, подаваемой в цилиндр, зависит от дозирования и испарения топлива. Дозирование обеспечивается пропускной способностью жиклеров и уровнем топлива в поплавковой камере карбюратора. Для нормальной работы двигателя очень важно полное испарение подаваемого топлива и образование горючей смеси (топлива с воздухом). Качество этой смеси зависит от вязкости, фракционного состава и температуры топлива.

Полнота испарения топлива влияет на топливную экономичность и устойчивость работы двигателя. Испаряемость бензина зависит от фракционного состава. В стандартах качество топлива нормируется по пяти точкам: температуре начала и конца кипения, выкипания 10, 50, 90% бензина. С увеличением в бензине содержания легких углеводородов облегчается запуск двигателя.

Для легкого запуска двигателя температура выкипания 10% бензина не должна превышать 79 °С. Однако температура начала кипения не должна быть ниже 35 °С, так как в теплое время года легкое топливо испаряется в топливоподающей системе, что приводит к образованию газовых пробок, снижению эффективности работы и перегреву двигателя. [4]

Испаряемость топлива оценивается давлением насыщенных паров на стенки сосуда, в котором оно находится. Для летних топлив давление насыщенных паров допускается до 66,5 кПа, а для зимних — до 93,1 кПа.

Мягкая работа двигателя зависит от скорости горения топлива. Нормальное горение характеризуется скоростью распространения пламени в пределах 30-50 м/с. При неблагоприятных условиях протекания процесса горения скорость распространения пламени возрастает до 2000-2500 м/с. Это явление сопровождается характерным металлическим стуком и называется детонацией. Интенсивная детонация приводит к разрушению поршней и отказу двигателя. Различают три группы факторов, влияющих на детонацию: конструктивные, эксплуатационные и связанные с химическим составом топлива. Экспериментальные исследования показывают, что детонация усиливается с повышением степени сжатия и увеличением диаметра цилиндра двигателя. К эксплуатационным факторам относятся: нагрузка, частота вращения, температура охлаждающей жидкости и угол опережения зажигания.

Увеличение нагрузки, угла опережения зажигания, слоя нагара в камере сгорания, температуры охлаждающей жидкости и снижение частоты вращения приводят к усилению детонации.

Показателем, характеризующим топливо, является его детонационная стойкость, которая оценивается октановым числом (ОЧ).

Повысить ОЧ топлива можно тремя способами:

- 1) применением современных технологий, например каталитического крекинга;
- 2) добавлением в базовые бензины высокооктановых компонентов (изооктана и др.);
- 3) добавлением антидетонаторов. Самым эффективным антидетонатором является тетраэтилсвинец; добавление 10,5 г тетраэтилсвинца на 1 кг топлива повышает ОЧ до 10 единиц, однако увеличение происходит нелинейно и добавление более 1 г/кг нерационально.



По антидетонационным свойствам тетраэтилсвинец не имеет себе равных, однако обладает высокой токсичностью и в чистом виде не применяется, поскольку при сгорании его образуются нелетучие соединения свинца. Поэтому в качестве антидетонатора используется этиловая жидкость, состоящая из тетраэтилсвинца (53-58%) и выносителей свинца (хлористых и бромистых соединений). [4]

Имеется органическая присадка циклопентадиенилтрикарбонил марганца, которая по антидетонационным свойствам не уступает тетраэтилсвинцу, а по токсичности соответствует неэтилированному бензину.

Неустойчивая работа двигателя наблюдается и при неуправляемом процессе горения, когда горючая смесь воспламеняется не от искрового разряда, а от перегретых частиц нагара. Неуправляемое горение сопровождается глухими ударами, вибрацией, дымным выхлопом и работой на холостом ходу при выключенном зажигании.

Коррозионная активность топлива зависит от наличия в нем серы, кислот и щелочей. Кислоты и щелочи вследствие их сильного коррозионного воздействия на металлы должны в топливах отсутствовать. Содержание серы жестко нормируется и не должно превышать 0,1%, а для бензинов высшего сорта — 0,01%. Все соединения серы при сгорании образуют оксиды SO<sub>2</sub> и SO<sub>3</sub>, которые при взаимодействии с водой переходят в серную или сернистую кислоту, обладающую сильным коррозионным воздействием на металлы.

Химическая стабильность топлива зависит от содержания в нем смол и нестабильных углеводородов. Ее оценивают индукционным периодом — временем (в минутах), в течение которого топливо при температуре 100 °С и давлении 0,7 МПа не вступает с кислородом в реакцию окисления. Для автомобильных бензинов индукционный период должен быть не ниже 600-900 мин, а для бензинов высшего сорта — не менее 1200 мин.

Наличие в топливе смол, серы и тяжелых фракций углеводородов способствует образованию отложений нагара и лака, которые увеличивают расход топлива и снижают надежность работы двигателя.

Маркировка бензинов зависит от октанового числа и метода его определения. В настоящее время применяют моторный и исследовательский методы. При моторном методе определения октанового числа бензины обозначают буквой А и цифрой, указывающей октановое число (например, А-92 или А-76), а при исследовательском методе — буквами АИ (например, АИ-93 или АИ-98). Отметим, что при исследовательском методе октановое число на 5-8 единиц выше. [4]

Для повышения качества топлив ужесточена норма на содержание вредных составляющих. Так, в бензинах допускается до 0,05% серы и введена норма на содержание бензола — не более 5%. Реализуются также программы, направленные на решение экологических проблем. В зависимости от октанового числа по исследовательскому методу установлено четыре марки бензинов: «Нормаль-80», «Регуляр-91», «Премиум-95», «Супер-98». Две последние марки по тексту полностью отвечают европейским требованиям, конкурентоспособны на нефтяном рынке и предназначены в основном для зарубежных машин.

Для регионов с высокой плотностью автомобильного транспорта выпускаются бензины с улучшенными экологическими показателями. Технические условия на эти бензины устанавливаются более жесткие нормы по содержанию бензола, предусмотрено нормирование ароматических углеводородов и увеличение моющих присадок. В маркировку этих бензинов после октанового числа добавляют буквы ЭК. Например, АИ-92ЭК, АИ-98ЭК. [4]

Первый газовый двигатель построен в 1860 г. В настоящее время для карбюраторных двигателей широко используются метан и пропан-бутановая смесь. Газ

как моторное топливо по многим параметрам превосходит бензины. Он сгорает полнее, и концентрация оксида углерода в выхлопе в несколько раз меньше. Кроме того, в природном газе, как правило, нет серы, поэтому в выхлопах газового двигателя нет вредного для окружающей среды и цилиндропоршневой группы сернистого газа. Для газового топлива характерна более высокая антидетонационная стойкость, так как среднее октановое число природного газа недостижимо для лучших марок бензина и составляет 105 единиц (у лучшего бензина «Экстра» — 95). Учитывая высокооктановые характеристики природного газа, степень сжатия можно повысить на 25%. По сравнению с бензином газ горит при меньших концентрациях, что позволяет изменением состава смеси регулировать мощность двигателя, т.е. газ как топливо значительно «послушнее» бензина. Он в 3 раза дешевле бензина.

Многочисленные испытания показали, что двигатель на газе имеет средний ресурс на 40% выше. Это объясняется тем, что при сгорании газа образуется меньше твердых частиц, вызывающих повышенный износ цилиндропоршневой группы, масляная пленка не смывается бензином и газ практически не вызывает коррозии металла. Продолжительность работы моторного масла выше в 2-2,5 раза.

Несмотря на многочисленные достоинства природного газа, перевод на него двигателей затруднен из-за значительно более низкой плотности газа (в 1000 раз) по сравнению с бензином, т.е. если заправлять автомобиль газом при атмосферном давлении, то вместимость бака должна быть в 1000 раз больше. Чтобы не возить огромный прицеп с топливом, необходимо увеличить плотность газа путем охлаждения его до  $-162\text{ }^{\circ}\text{C}$ , превратив в жидкость, или сжать до 20-25 МПа и хранить в специальных баллонах. Затраты на сжатие газа в 3 раза меньше, поэтому данный способ применяется более широко. Следует также учитывать, что наработка на одной заправке снижается на 45%.

Пропан-бутановая смесь находится в жидком состоянии при давлении всего 1,6 МПа. Процесс заправки машин пропан-бутановой смесью не сложен и аналогичен заправке бензином. Однако пропан-бутана получают в 25 раз меньше, чем природного газа, и применение его ограничено.

Пусковые качества двигателя, работающего на газе, при температуре ниже  $-5\text{ }^{\circ}\text{C}$  значительно ухудшаются. В настоящее время в зависимости от температуры окружающей среды рекомендуются газы двух марок: СПБТЗ (смесь пропан-бутановая техническая зимняя), которая применяется при отрицательных температурах, и СПБТЛ (смесь пропан-бутановая техническая летняя) [4]. Рабочий цикл двигателя с искровым зажиганием, как и всех двигателей внутреннего сгорания, складывается из процессов: испарения, смесеобразования, воспламенения и сгорания топлива. При сгорании топлива выделяется тепловая энергия, которая преобразуется двигателем в механическую работу. Горючая смесь в поршневых двигателях с искровым зажиганием образуется либо в специальном приборе - карбюраторе, либо непосредственно в цилиндре двигателя, куда воздух и топливо поступают раздельно.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Е. В. Михайловский. К.Б. Серебряков. Е. Я. Тур «Устройство автомобиля» (Москва – машиностроение – 2014 г.).
Рассмотрим достаточные условия устойчивости частного вращения тела (7), (9) вокруг неподвижной оси инерции тела  $O\eta$ , параллельной вектору напряженности  $\overline{H}$  магнитного поля. Для этого необходимо и достаточно, чтобы все диагональные миноры определителя:

$$D = \begin{bmatrix} \frac{\partial^2 F}{\partial \theta^2} & \frac{\partial^2 F}{\partial \theta \partial \varphi} & \frac{\partial^2 F}{\partial \theta \partial p_\theta} & \frac{\partial^2 F}{\partial \theta \partial p_\varphi} \\ \frac{\partial^2 F}{\partial \varphi \partial \theta} & \frac{\partial^2 F}{\partial \varphi^2} & \frac{\partial^2 F}{\partial \varphi \partial p_\theta} & \frac{\partial^2 F}{\partial \varphi \partial p_\varphi} \\ \frac{\partial^2 F}{\partial p_\theta \partial \theta} & \frac{\partial^2 F}{\partial p_\theta \partial \varphi} & \frac{\partial^2 F}{\partial p_\theta^2} & \frac{\partial^2 F}{\partial p_\theta \partial p_\varphi} \\ \frac{\partial^2 F}{\partial p_\varphi \partial \theta} & \frac{\partial^2 F}{\partial p_\varphi \partial \varphi} & \frac{\partial^2 F}{\partial p_\varphi \partial p_\theta} & \frac{\partial^2 F}{\partial p_\varphi^2} \end{bmatrix}$$

были строго положительными.

Таким образом, достаточные условия устойчивости перманентного вращения тела, может быть представлено системой неравенств:

$$(11) \quad a_{11} > 0, \quad a_{22} > 0,$$

$$a_{22}a_{33} - a_{23}^2 > 0, \quad a_{11}a_{44} - a_{41}^2 > 0$$

$$a_{12} = a_{21} = a_{13} = a_{31} = a_{24} = a_{42} = a_{34} = a_{43} = 0$$

Рассмотрим случай, когда  $A \neq B \neq C$ ,  $A^* = B^* \neq C^*$ . В этом случае коэффициенты  $a_{ij}$  имеют значения:

$$a_{11} = Bq^2 - 2\Omega B^*q + \Omega^2 \frac{C^{*2}}{C}, \quad a_{14} = q - \Omega \frac{C^*}{C},$$

$$a_{22} = Bq^2 \left( \frac{B}{A} - 1 \right), \quad a_{23} = q \left( \frac{B}{A} - 1 \right),$$

$$a_{33} = \frac{1}{A}, \quad a_{44} = \frac{1}{C}$$

Анализ неравенства (11) показал, что условия устойчивости выполняются в следующих случаях:

$$B > A, \quad B < C, \quad B^* > C^*, \quad 0 < q < q_1$$

$$B > A, \quad B > C, \quad B^* < C^*, \quad q > q_1$$

$$B > A, \quad B > C, \quad B^* > C^*, \quad q > 0$$

$$\text{где:} \quad q_1 = 2\Omega \frac{|B^* - C^*|}{|B - C|}$$

Стационарные вращения тела устойчивы для любых прямых вращений

( $q > 0$ ) вокруг оси, соответствующей наибольшему моменту инерции, если  $B^* > C^*$  и для угловых скоростей  $q > q_1$ , если  $B^* < C^*$ .

Стационарные вращения тела устойчивы вокруг оси, соответствующей среднему моменту инерции, если для прямых вращений ( $0 < q < q_1$ ),  $B^* > C^*$ .

## ЛИТЕРАТУРА

1. Лунев В. В. Об однозначных решениях в задаче о движении твердого тела с закрепленной точкой в поле сил Лоренца // Сборник научно-методических статей по теоретической механике. – М, 1981. – Вып.11. -С.147-154.
2. Ольховский И. И. Курс теоретической механики для физиков. - М: «Наука», 1970. – 447с.
3. Нарбеков Н. А. Периодические решения в задаче о движении заряженного твердого тела в однородном магнитном поле // Изв. АН СССР. Механика твердого тела. -1989. – №1.-С.67-69.

ӘОЖ 908(045)

### Ш.ЕСЕНОВТЫҢ МАҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІН ДАМУДАҒЫ РОЛІ

**Арашова Н.К.**

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан*

**Андатпа.** Геология ғылымы мен геологиялық қызметтің дамуына, Қазақстан Ғылым академиясының қалыптасуына зор үлес қосқан академик Ш.Есеновтың ғылыми еңбегі, қызметі, адамгершілік тұлғасы, мемлекеттік саяси қызметі, Маңғыстау өңіріне қосқан үлесі мен естеліктері баяндалады.

**Түйін сөздер:** Геология, минерагениялық карта, экспедиция, стронций, марганец, мыс, бор, минералды тұздар.

Әрбір адам мәңгілік жердегі шексіз ұрпақтар тізбегінің бір буыны. Біздің бойымыздағы бар болмысымыз ата бабаларымыздан, туған өлкенің табиғатынан, тарихы мен дәстүрінен дариды. Ал туған өлкеміздің келешектегі жолы артымызда қалдырған ізбен айқындалады.

Бүгінгі мақаламның кейіпкері Шахмардан Есенов (1927 – 1998ж.ж.) Қазақстанның даму бағытын анықтаған көптеген жаңалықтарды ашты. Оның басшылығымен барлау экспедициялары мұнай кен орындары мен тау-кен қорларын тауып, нәтижесінде бұл ашылулар тәуелсіз республиканың экономикалық өсуі үшін мықты іргетас болды. Ол өз заманында геология ғылымы мен геологиялық қызметтің дамуына, Қазақстан Ғылым академиясының қалыптасуына орасан зор үлес қосты.

Маңғыстау өңірін тездетіп барлап, байлық қорын ғылыми негіздегені, Жетібай мен Өзен мұнай-газ орындарын ашқаны және өндірістік пайдалануға бергені үшін бес ғалымға, солардың қатарында Ш.Есеновке 1966 жылы Кеңес Одағының ең үлкен мерейлі марапатының бірі – Лениндік сыйлық берілді. Ол Сәтбаевтан кейін сегіз жылдан соң осындай айтулы сыйлықты алған екінші қазақ ғалымы еді. Іргелі ғалым, ірі өндіріс ұйымдастырушысы ретінде осылай Кеңес Одағына танылған кезінде Шахмардан 39 жаста еді. Маңғыстау мұнайын сол жердің өзінде өңдеу, игілікке айналдыру идеясын батыл көтерді. Маңғыстаудың байлығы оның бағын ашты. Бірақ басқаның көз құртына айналып, ересен ырыс қазақтың қолынан біржолата шығып кете де жаздады. 1962 жылы КСРО-ның сол кездегі бірінші басшысы Н. Хрущев Маңғыстау мұнай-газ байлығы ашылған кезде осы саланы игеруден тәжірибесі мол деп қазыналы өңірді Түрікменстанға қосуды ойластырады. Сонда Қазақстанның геология министрі Шахмардан Есенов осы мәселені арнайы қараған КСРО Үкіметінің жабық отырысында Маңғыстауды игеруге Қазақстанның өз шамасы жететіндігін қаймықпай дәлелдейді, Алла сәтін салғанда, КСРО Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары Алексей Косыгин (Төраға Хрущевтің өзі), КСРО орта машина жасау (қорғаныс өнеркәсібі саласы) министрі беделі зор Ефим Славский Шахмардан пікірін қуаттайды. Осылайша Қазақстан қайраткерлерінің бір ауызды табандылығының арқасында Маңғыстаудай қойнауы құтты мекенді көрші елдердің қанжығасына байлап жіберуге бейім болған кеңестік саясатқа ырық бермей, көзінің қарашығындай сақтап қалды. Бұл Ш.Есенұлының үлкен еңбегінің бірі болды.

Ш.Есеновтың аса көрнекті геолог-практик, бірегей әкімгер ретінде ең басты жетістігі бұл – Маңғыстау. Зерттеушілерге өткен ғасырдың 50 және 60 жылдардың тоғысында ашылған, әлі күнге дейін алуан түрлілігімен таңғалдырып келе жатқан қазыналы өлке. Маңғыстау ең ірі ашылым, бұрын соңды дәл Өзен сияқты кен орны болмаған, ол жерден шамамен 1,5 млрд көлемдегі қорларды алып тұрды. Міне осындай қорлардың бар екенін, сол жерде өнеркәсіпті дамыту керектігін ұқты. Осындай орасан

зор қорлардың бар екенін дәлелдеу үшін, қысқа мерзімде үлкен көлемді деректерді жинау қажет болды. Ш.Есенов командасы жоғарыдан көрсетілген қысымға қарамастан ауқымды есептемедегі барлық сандарды қорғап шықты, барлық еңбегі молынан ақталды. Өйткені облыс аумағында мұнай мен газ қорынан басқа сирек кездесетін германий элементінің жоғары концентрациясы бар қоңыр көмір табылды. Сондай-ақ сирек кездесетін стронций, марганец, мыс, бор, ас және т.б. минералды тұздардың кен орындары табылып, мұның барлығы Ш.Есенұлының өлкені зерттеудегі бастамасына негіз болды. Геологтардың жетістіктері шөлді түбектің тіршілігін оятты. Кішігірім портты қалашық аудан орталығына дейін өсті.

Маңғыстау тұрғындарын энергиямен қамтамасыз етіп отырған, республикамыздағы алғашқы атом электр станциясы (АЭС) тұрғызылды. Қазақстанның теңіздегі қақпасы бүгінгі Ақтау теңіз портының гүлденуі Ш.Есенов пен оның әріптестерінің еңбегінің жемісі. Геологияны өзгеріссіз және тұрақты жер қабаты мен ондағы пайдалы қазбалардан ғана тұрады деу үстірт пайымдау. Адамзат өмірінің, технологиялардың өзгеруімен қатар қазбалардағы қажеттіліктерде өзгереді. Ғалымдар толық та, жаңа мағлұматтарға ие болу үшін келешекте өндеуге болатын, барланған пайдалы қазбалардың кездесуі ықтимал жерлері көрсетілген карталар мен атластарды жасап, жаңартып тұру керек деді. Жүрілмеген жазықтары шексіз, қазбаларға бай кең өлкеміз үшін мұндай карталардың маңызы орасан зор. Бұл жұмысты кезінде Қ.Сәтпаев бастаса, Ш.Есеновтың басшылығымен мейлінше кең қанат жайды. Ш.Есенұлының Жезқазған кен орнын барлауда пайдаланған металлогениялық картасын құрудың әдісі кейін Қазақстанның басқа аймақтары мен облыстарында енгізіле бастады. Уақыт өте бүкіл Қазақстанның кен орындары түгелімен қамтылған, таралу заңдылығы көрсетілген минерагениялық картасы да жасалынады.

Ш.Есенов Қаныш Сәтбаев және Евней Букетовтердің қатарындағы қазақтың ең көрнекті ғалымдарының бірі саналады. Жемісті қызметінің және оның белсенді қатысуының арқасында бүгінге дейін ірі табиғи ресурстар (мұнай, газ, мыс және т.б) қоры болып отырған – Жезқазған, Жаңаөзен, Қаражанбас, Жетібай, Қаламқас, Бозащы және т.б. кен орындары ашылды және тиісінше қазіргі таңда Қазақстан экономикасының негізін құраушы өндірістік кешендер құрылды. Әріптестерінің еске алуынша, кезінде атақты кеңестік мемлекет қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, кеңестік ядролық қару жасау жобасы жетекшілерінің бірі Ефим Славский өзінің Социалистік Еңбек Ері атақтарының кемінде біреуі Маңғыстау облыстық мұнай-газ кен орындарын ашқаны және аймақтың даму негізін қалағаны үшін Шахмардан Есеновке тиесілі деген көрінеді. Геологтар Ш. Есенов басшылығында Маңғыстау облысындағы мұнай мен газ қорын барлау мен іздеуді бастаған кезде қазіргі Ақтау қаласы Актауский деп аталған шағын ғана кент болатын. Бүгінде қаладағы 40 ықшам аудандарда 450 мыңдай тұрғын бар. Тұтастай алғанда облысты 870 мыңдай халық қоныс еткен болса, оларға негізгі жұмысты іргесін кезінде Ш.Есенов басшылығындағы геологтар қалап кеткен мұнай-газ өнеркәсібі ұсынып отыр.

1995 жылы Шахмардан Есенұлы Есенов есімін мәңгі есте сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің қаулысымен Ақтау политехникалық институты Ш.Есенов атындағы Ақтау политехникалық институты болып өзгертілді. Содан бері Маңғыстау облысының бас жоғары оқу орны ұлы геологтың есімімен аталып келеді.

Академик Ш.Есенов өз дәуірінің қатардағы маманы, көп басшының бірі емес, мемлекеттік дәрежеде қызмет атқарған, ел мен жердің тағдырына араласып отырған басшы. «Адам деген жолаушы, бақытын талмай іздеген...» демей ме ақындар. Бақытқа жету жолын Шахмардандар ортақ іске үлес қосу, жеке бастың қамынан гөрі халықтық мұраттарды биік қою, ұлттық үрдістерді жандандыру, жалғастыру деп ұқты. Бұл сонау

бабалардан келе жатқан жақсы дәстүр болатын. Кейіннен оны Ө.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, М.Шоқайлар... жалғастырды, олардың үрдісті ісін Т.Рысқұлов, С.Сейфуллин, Т.Жүргенов...Исаев, Шаяхметов, Оңдасынов, Қонаев... және Сәтбаев, Шөкин, Есеновтер жалғастырды.

Шаһмардан Есенұлының өмір жолы мен ғылыми еңбегі – ұрпаққа үлгі. Тарих тағылымы дегеніміз – кейінгі ұрпаққа өнеге мен сабақ болуында, ұлы тұлғаларымыздың есімдерін ұлықтай білуде.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гүлсім ЖҮНҮСОВА, Ш.Есенов өмір жолы Алматы «Литер» газетасы, 06.04.2013
2. <https://yessenovfoundation.org/kk/sh-esenov/biografiya/>
3. Өткенге құрметпен, келешекке нық сеніммен Алматы-2021
4. Г.Оразалықызы Шаһмардан Есенов Алматы-2012
5. Академик Ш.Есенов – его роль в развитии науки и техники и в освоении мангистауского нефтегазового бассейна Актау-2002
6. Біртуар Шаһмардан Алматы «Ғылым» 1997

УДК 531.38

## УСТОЙЧИВОСТЬ СТАЦИОНАРНЫХ ВРАЩЕНИЙ ЗАРЯЖЕННОГО ТВЕРДОГО ТЕЛА В МАГНИТНОМ ПОЛЕ

Билашова Г. С.

*Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова,  
г. Актау, Казахстан*

**Аннотация.** В статье рассматривается механическая система и является обобщенно-потенциальной лагранжиан которой определяется по формуле. Рассмотрим достаточные условия устойчивости частного вращения тела вокруг неподвижной оси инерции тела  $O\eta$ , параллельной вектору напряженности  $\overline{H}$  магнитного поля и таким образом, достаточные условия устойчивости перманентного вращения тела, может быть представлено системой неравенств.

**Ключевые слова:** Движения тела, инерции, вектор, магнитном поле, стационарные вращения.

Рассмотрим вращательное движение заряженного твердого тела вокруг закрепленной точки  $O$ , совпадающей с его центром масс, в постоянном по времени и однородном магнитном поле с вектором напряженности  $\overline{H}$ .

Для описания движения тела введем основные прямоугольные системы координат  $O_{xyz}$  и  $O_{\xi\eta\zeta}$ :

$O_{xyz}$  - неподвижная система координат с началом в точке  $O$  и осью  $O_z$ , направленной параллельно вектору напряженности магнитного поля  $\overline{H}$ ;

$O_{\xi\eta\zeta}$  - подвижная система координат, жестко связанная с телом, оси которой направлены по его главным центральным осям инерции.

Предполагаем, что тензор инерции тела для точки  $O$  в подвижной системе координат имеет диагональный вид

$$J = \text{diag}(A, B, C),$$

а распределение зарядов будем характеризовать тензором зарядов [1]:

$$\Lambda = \begin{pmatrix} A^* & -e_3 & -e_2 \\ -e_3 & B^* & -e_1 \\ -e_2 & -e_1 & C^* \end{pmatrix}.$$

Введем в рассмотрение вектор

$$\overline{\Omega} = -\frac{\varphi}{2mc} \cdot \overline{H} = \text{const} \overline{e}$$

которая, представляет собой частоту ларморовой прецессии [2].

В результате векторные уравнения вращательного движения тела можно представить в следующем виде [3]:

$$\frac{d}{dt}(J\bar{\omega}) + \bar{\omega} \times J\bar{\omega} = \bar{\omega} \times \Lambda\bar{\Omega} + \Lambda(\bar{\Omega} \times \bar{\omega}) + \bar{\Omega} \times \Lambda\bar{\omega},$$

$$\frac{d\bar{e}}{dt} + \bar{\omega} \times \bar{e} = 0$$

Рассматриваемая механическая система является обобщенно-потенциальной [2], лагранжиан которой определяется формулой

$$L = T - u = \frac{1}{2} \bar{\omega} J \bar{\omega} - \bar{\Omega} \Lambda \bar{\omega},$$

где  $T$  - кинетическая энергия,  $u$  - обобщенный потенциал.

Таким образом, гамильтониан задачи имеет вид:

$$\bar{F} = \frac{1}{2} \bar{\omega} J \bar{\omega}$$

Канонические уравнения движения заряженного тела в однородном магнитном поле в углах Эйлера  $\psi$ ,  $\theta$ ,  $\varphi$  и соответствующих им канонических импульсах  $p_\psi$ ,  $p_\theta$ ,  $p_\varphi$  имеет вид:

$$\frac{dp_\psi}{dt} = \frac{\partial F}{\partial \psi}, \quad \frac{dp_\theta}{dt} = \frac{\partial F}{\partial \theta}, \quad \frac{dp_\varphi}{dt} = \frac{\partial F}{\partial \varphi},$$

(1)

$$\frac{d\psi}{dt} = \frac{\partial F}{\partial p_\psi}, \quad \frac{d\theta}{dt} = \frac{\partial F}{\partial p_\theta}, \quad \frac{d\varphi}{dt} = \frac{\partial F}{\partial p_\varphi}$$

где

$$F = F_0 + \mu F_1 + \mu^2 F_2, \quad (2)$$

$$F_0 = \frac{1}{2} \left( p^2 + \frac{A}{B} q^2 + \frac{A}{C} r^2 \right), \quad (3)$$

$$F_1 = \frac{1}{A} p \left( -A^* e_1 + \epsilon_3 e_2 + \epsilon_2 e_3 \right) + \frac{1}{B} q \left( -B^* e_2 + \epsilon_3 e_1 + \epsilon_1 e_3 \right) + \frac{1}{C} r \left( -C^* e_3 + \epsilon_2 e_1 + \epsilon_1 e_2 \right)$$

$$F_2 = \frac{1}{2A} \left( \frac{A^{*2}}{A} + \frac{\epsilon_3^2}{B} + \frac{\epsilon_2^2}{C} \right) e_1^2 + \frac{1}{2B} \left( \frac{B^{*2}}{B} + \frac{\epsilon_3^2}{A} + \frac{\epsilon_1^2}{C} \right) e_2^2 + \frac{1}{2C} \left( \frac{C^{*2}}{C} + \frac{\epsilon_1^2}{B} + \frac{\epsilon_2^2}{A} \right) -$$

$$2e_1 e_2 \left( \frac{A^* \epsilon_3}{A} + \frac{B^* \epsilon_3}{B} + \frac{\epsilon_1 \epsilon_2}{C} \right) - 2e_1 e_3 \left( \frac{A^* \epsilon_2}{A} + \frac{C^* \epsilon_2}{C} + \frac{\epsilon_1 \epsilon_2}{B} \right) -$$

$$-2e_2 e_3 \left( \frac{B^* \epsilon_1}{B} + \frac{C^* \epsilon_1}{C} + \frac{\epsilon_2 \epsilon_3}{A} \right)$$

(4)

$$p = \frac{1}{\sin \theta} \left[ (p_\psi - p_\varphi \cos \theta) \sin \varphi + p_\theta \cos \varphi \sin \theta \right],$$

$$q = \frac{1}{\sin \theta} \left[ (p_\psi - p_\varphi \cos \theta) \cos \varphi - p_\theta \sin \varphi \sin \theta \right],$$

$$r = p_\varphi.$$

Уравнения (1)–(4) удобны для исследования вопросов интегрируемости задачи и для отыскания частных решений и исследования их устойчивости.

Из формул (1)–(4) следует, что гамильтониан  $F$  не зависит от переменной  $\psi$  и, следовательно, допускает циклический интеграл  $p_\psi = c$ . Поэтому их порядок удобно понизить на две единицы. В результате уравнения движения запишем в следующем виде:

$$\frac{dp_\theta}{dt} = \frac{\partial F}{\partial \theta}, \quad \frac{dp_\varphi}{dt} = \frac{\partial F}{\partial \varphi}$$

(5)

$$\frac{d\theta}{dt} = \frac{\partial F}{\partial p_\theta}, \quad \frac{d\varphi}{dt} = \frac{\partial F}{\partial p_\varphi},$$

где функции  $F_0, F_1, F_2$  определяются формулами (3), (4), в которых следует канонический импульс  $p_\psi = c$  рассматривать как параметр.

При изучении стационарных решений ограничимся такими случаями распределения зарядов, для которых  $\epsilon_1 = \epsilon_2 = \epsilon_3 = 0$ .

Стационарным решениям соответствуют постоянные значения переменных:

$$p_\theta = p_\theta^{(0)}, \quad p_\varphi = p_\varphi^{(0)}, \quad \theta = \theta_0, \quad \varphi = \varphi_0,$$

которые определяются из условия стационарности:

$$\frac{\partial F}{\partial \theta} = \frac{\partial F}{\partial \varphi} = 0, \quad \frac{\partial F}{\partial p_\theta} = \frac{\partial F}{\partial p_\varphi} = 0. \quad (6)$$

Система уравнений (6) допускает следующие стационарные решения [4]:

$$1. \quad \theta_0 = \frac{\pi}{2}, \quad \varphi_0 = 0, \quad p_\theta^{(0)} = 0, \quad p_\varphi^{(0)} = 0 \quad (7)$$

$$2. \quad \theta_0 = \frac{\pi}{2}, \quad \varphi_0 = \frac{\pi}{2}, \quad p_\theta^{(0)} = 0, \quad p_\varphi^{(0)} = 0 \quad (8)$$

Скорость вращения тела в указанных решениях (7), (8) является постоянной

$\dot{\psi} = \dot{\psi}_0$ . Для решения (7) она равна

$$\dot{\psi} = q_0 = \frac{1}{B} (c - \Omega B^*), \quad (9)$$

а для решения (8)



$$\dot{\psi} = p_0 = \frac{1}{A}(c - \Omega A^*) \quad (10)$$

Рассмотрим достаточные условия устойчивости частного вращения тела (7), (9) вокруг неподвижной оси инерции тела  $O\eta$ , параллельной вектору напряженности  $\overline{H}$  магнитного поля. Для этого необходимо и достаточно, чтобы все диагональные миноры определителя

$$D = \begin{bmatrix} \frac{\partial^2 F}{\partial \theta^2} & \frac{\partial^2 F}{\partial \theta \partial \varphi} & \frac{\partial^2 F}{\partial \theta \partial p_\theta} & \frac{\partial^2 F}{\partial \theta \partial p_\varphi} \\ \frac{\partial^2 F}{\partial \varphi \partial \theta} & \frac{\partial^2 F}{\partial \varphi^2} & \frac{\partial^2 F}{\partial \varphi \partial p_\theta} & \frac{\partial^2 F}{\partial \varphi \partial p_\varphi} \\ \frac{\partial^2 F}{\partial p_\theta \partial \theta} & \frac{\partial^2 F}{\partial p_\theta \partial \varphi} & \frac{\partial^2 F}{\partial p_\theta^2} & \frac{\partial^2 F}{\partial p_\theta \partial p_\varphi} \\ \frac{\partial^2 F}{\partial p_\varphi \partial \theta} & \frac{\partial^2 F}{\partial p_\varphi \partial \varphi} & \frac{\partial^2 F}{\partial p_\varphi \partial p_\theta} & \frac{\partial^2 F}{\partial p_\varphi^2} \end{bmatrix} \quad \text{были} \quad \text{строго}$$

положительными.

Таким образом, достаточные условия устойчивости перманентного вращения тела, может быть представлено системой неравенств

$$a_{11} > 0, \quad a_{22} > 0, \quad (11)$$

$$a_{22}a_{33} - a_{23}^2 > 0, \quad a_{11}a_{44} - a_{41}^2 > 0$$

$$a_{12} = a_{21} = a_{13} = a_{31} = a_{24} = a_{42} = a_{34} = a_{43} = 0$$

Рассмотрим случай, когда  $A \neq B \neq C$ ,  $A^* = B^* \neq C^*$ . В этом случае коэффициенты  $a_{ij}$  имеют значения:

$$a_{11} = Bq^2 - 2\Omega B^*q + \Omega^2 \frac{C^{*2}}{C}, \quad a_{14} = q - \Omega \frac{C^*}{C},$$

$$a_{22} = Bq^2 \left( \frac{B}{A} - 1 \right), \quad a_{23} = q \left( \frac{B}{A} - 1 \right),$$

$$a_{33} = \frac{1}{A}, \quad a_{44} = \frac{1}{C}$$

Анализ неравенства (11) показал, что условия устойчивости выполняются в следующих случаях:

$$B > A, \quad B < C, \quad B^* > C^*, \quad 0 < q < q_1$$

$$B > A, \quad B > C, \quad B^* < C^*, \quad q > q_1$$

$$B > A, \quad B > C, \quad B^* > C^*, \quad q > 0$$

$$\text{где} \quad q_1 = 2\Omega \frac{|B^* - C^*|}{|B - C|}$$

Окончательные выводы.

Стационарные вращения тела устойчивы для любых прямых вращений

( $q > 0$ ) вокруг оси, соответствующей наибольшему моменту инерции, если

$B^* > C^*$  и для угловых скоростей  $q > q_1$ , если  $B^* < C^*$ .

Стационарные вращения тела устойчивы вокруг оси, соответствующей среднему моменту инерции, если для прямых вращении ( $0 < q < q_1$ ),  $B^* > C^*$ .

## ЛИТЕРАТУРА

1. Лунев В. В. Об однозначных решениях в задаче о движении твердого тела с закрепленной точкой в поле сил Лоренца // Сборник научно-методических статей по теоретической механике. – М, 1981. – Вып.11. -С.147-154.
2. Ольховский И. И. Курс теоретической механики для физиков. - М: «Наука», 1970. – 447с.
3. Нарбеков Н. А. Периодические решения в задаче о движении заряженного твердого тела в однородном магнитном поле // Изв. АН СССР. Механика твердого тела. -1989. – №1.-С.67-69.

ӘОЖ 373:802.0 (045)

## БАҚ ТІЛІНІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Дальмуханова Ф.К.

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан*

**Андатпа.** Экстралингвистикалық тұрғыдан журналист қандай да бір ақпаратты оқырманға ұсынарда, қоғамдағы тұлғаралық қарым-қатынас нормаларын ескереді. Бұл мәтінді қоғам мүшелерінің массалық қабылдау деңгейіне негіздеуді білдіреді. Осы мақалада БАҚ (Бұқаралық ақпарат құралдары)тілінің прагматикалық аспектісін қарастыра отырып, оның функционалдық қасиеттері зерттелетін құбылыстың концептуалды өрісін анықтаймыз, өйткені кез келген тілдік бірліктердің прагматикалық аспектісі оның сөйлеудегі қызметін белгілеу міндетімен байланысты.

**Түйін сөздер:** БАҚ тілі, прагматикалық аспект, коммуникативті – прагматикалық қатынас.

Прагматикалық аспект сөйлеудің когнитивтік әрекет бірліктерімен әрекет ету кезінде жазушының таңдауының тұрақсыздығын көрсетеді. Семиотикада бұл белгінің синтаксисі, семантикасы және прагматикасының арасындағы айырмашылықты нақтылау үшін қажет.

Прагматика (грек тілінен *pragmatos* – іс, әрекет) сөйлеу актілерін және олардың тұлғаға бағытталуын зерттейді. Прагматиканың негізгі ұғымдары: субъект, адресат, коммуникация субъектісі және коммуникативті жағдай. Қарым-қатынас жағдайының параметрлері мен сипаттамалары, орны, уақыты, сөйлеу әсерінің мақсаттары, сонымен қатар коммуниканттарды күту және т.б. ерекше мәнге ие. Прагматика сөйлеушінің өзі айтып отырған нәрсеге қатынасы сияқты маңызды сұрақтарды шешеді; сөздің ақиқаты, объективтілігі, пресуппозициясы; оның шынайылығы немесе шынайы еместігі; әлеуметтік ортаға бейімделу; тыңдаушының мәлімдемені түсіндіруі (шындық, жалған, объективті немесе жаңылыстыру).

Аталмыш мақсаттардың ортақтығы сөйлеушінің коммуникативтік-прагматикалық функциясы болып табылады, ол өз кезегінде адресаттың ниетін білдіруіне қажетті тілдік құралдарды таңдауды анықтайды. Коммуникативті-прагматикалық қатынас – сөйлеу субъектісінің адресатқа белгілі бір әсер ету үшін тілдік құралдарды мақсатты түрде іріктеу. Коммуникативті қатынасты жүзеге асыру процесінде сөйлеу субъектісі әртүрлі факторларды ескеруі керек:

Адресаттың қарым-қатынас субъектісі туралы ақпараттың көлемі мен сипаты, оның субъектіге қатынасы, субъектінің өзіне қатынасы және т. б. Осыған орай сөйлеу компоненттерінің жалпы тілдік мағынасынан тиісті мағына шығатыны атап өтіледі. Прагматикалық мағына мәлімдеменің функционалды бағдарын көрсетеді. Тиісті және прагматикалық мағынаны ажырату, әсіресе, сөйлеу сөздері әрекетінің әртүрлі аспектілерінің көрсеткіштері үшін маңызды. Тілдерлік салыстырмалы жоспарда сөйлеу көрсеткіштерін зерттеу қажет, өйткені тілдегі бірдей прагматикалық мағынаны әртүрлі құралдарды қолдану арқылы көрсетуге болады.

Прагматикалық мағынасы бойынша О.Е. Чернова ана тілінде сөйлеушінің санасында сөз тудыратын эмоционалды бояу мен коннотацияларды, қосымша ассоциацияларды түсінеді[1]. Сөз прагматикасы сөйлеушінің затқа немесе құбылысқа қатынасы және адресаттың пайда болған эмоциялары туралы ақпаратты ғана емес,

сонымен қатар қатысушылар мен қарым-қатынас жағдайлары (жынысы, жасы, білім деңгейі және т.б.) туралы арнайы ақпаратты қамтиды.

А.В. Кунин сөйлеу бірліктерінің қалыптасуы белгілі бір коммуникативті-прагматикалық қажеттіліктердің (мотивтердің), прагматикалық факторлардың және ниеттердің (қарым-қатынастардың) әсерінен жеке тұлғаның когнитивтік саласында қалыптасады деп тұжырымдайды [2]. Осыған байланысты қажетті мағынаны білдіру үшін тілдік белгілерді таңдаудың үлгілерін перифразаға да жатқызуға болатынын атап өтуге болады. Бұл аспект сөйлеудің когнитивтік әрекет бірліктерімен әрекет ету кезінде жазушының таңдауының өзгермелілігін көрсетеді, бұл семиотикада белгінің синтаксисі, семантикасы және прагматикасының арасындағы айырмашылықты нақтылау үшін ұсынылған.

БАҚ тілін прагматикалық аспектіде қарастырудың қазіргі таңда маңызы зор. Өйткені БАҚ-тың басты қызметі – халыққа ақпарат беру. Яғни сөйлеуші мен тыңдаушының арасында қандай да бір ақпарат алмасады. Сөйлеуші тарапынан баяндау, хабарлау, жауап алу, сипаттау, т.б. Ал оқырман тарапынан бағалау, пікір білдіру, таңқалу, мұңаю, шаттану, мақтану секілді прагматикалық факторлар тілде көрініс береді. БАҚ тілі эмоционалды-экспрессивті стилистикамен, психологиямен, әлеуметтанумен тығыз байланысты. Адамға әсер етуші факторлардың бірі – БАҚ тілінен бөлек, мәтінді әрлеу-әсерлеу жұмыстары, яғни түр, бейне, үндестік, үйлесімдік. Г.А.Машинбаева «Лингвистика саласында құрамына сөйлеушінің таңдауы мен бағалауы кіретін тіл құбылысы прагматика деп түсіндіріледі. Прагматикалық бағыт адамзаттан жоғары, ой, эмоция, сезімді арнайы таңбалар арқылы жеткізетін тілді сөйлесу құралы ретінде пайдаланатын тұлғамен тығыз байланысты тілдік бірліктердің маңызды компоненттерін, ал функционалдық сипаттау тілдік бірліктердің қасиетін, олардың контексте қолданылуына негізделген сөйлеу актісін білдіреді» [3].

Тіл мәдениеті сол тілде сөйлейтін ұлттың ерекшелігімен байланысты. Ал қазіргі БАҚ тілінің бүгінгі сипаты журналистика тілінен көрінеді. Осыған орай әр тілдің өзіне тән төл заңдылығы, өзіне тән табиғаты болады. БАҚ-тың ең басты әрі негізгі мақсаты – қоғамда орын алған жаңалықтар туралы ақпарат беру. Тілде пайда болған жаңа қолданыстардың қалыптасып тұрақталуында БАҚ тілінің атқаратын қызметі ерекше.

БАҚ тілінің табиғаты міндетті түрде бекітілген белгілі бір заңдылықтар мен талаптармен жүзеге асады. Адам тәрбиелейтін, қоғамға билігін жүргізетін БАҚ материалдары талаптарымен де ерекшеленеді. БАҚ тіліне қойылатын талаптар жеке коммуниканттардың арасындағы қарым-қатынасты белгілеп, реттейді. Олар ішінара жалпы және жеке болып бөлінеді. Алайда БАҚ материалдарына қойылатын талаптарға ортақ заңдылық – олар берілетін ақпараттың мазмұнын анық, дәл, түсінікті етіп жеткізу қажет. БАҚ тіліне қойылатын талаптар төмендегідей:

1. БАҚ мәтіні көпшілікке арналғандықтан, онда қолданылатын сөздер де аса қасаң не тым әсіре қызыл сөзбен көмкерілмей, жалпыға бірдей түсінікті болуға тиіс. Адресант пен адресат арасында сенімді әріптестік байланыс орнауы қажет. Әрбір сөз, сөйлем анық, түсінікті, қарапайым ойларға құрылғаны дұрыс.

2. Сөйлем құрылысының күрделендірудің қажеті жоқ.

3. Тіл мәдениетіне жетік болу үшін сөз байлығын жетік білу жеткіліксіз, ол сөздердің жұмсалыу орнын білген жөн. Сөзді жұмсай білу үшін олардың мағыналарын, мәндестік ерекшеліктерін, әдеби, әдеби емес нормаларын, сөздердің еркін және тұрақты тіркесін айыра білу қажет [4].

4. Сөздердің қайталануы синонимдермен алмастырылу.

5. Логикалық қателіктер.

БАҚ тілінің табиғаты әрқашан ашыла бермейді. Сондықтан БАҚ тілінің прагматикасы адресант пен адресанттың арасында анық танылуы қажет. Прагматика тілде

ғана көрініс бермейді, ол ойда, бейвербалды амалдарда, журналист ұстанымында, мәтін жарнамасында, стилінде, әрлеу-әсерлеу жұмыстарында тілдік код ретінде санада таңбалады. Журналистикада ақпарат жеткізудің, бағдарлама дайындаудың өзіндік формуласы болады:

Не болды?

Ол қайда өтті?

Ол қашан өтті?

Кімдер қатысты?

Қалай өтті?

Неліктен болды?

Мәні қандай?

Осы сұрақтарға толық жауап алған кезде ғана материал мазмұны ашылады. Адресат пен адресанттың арасындағы сөйлесім прагматикалық аспектіде қарастырылады. БАҚ тілінің прагматикасы аудиторияның әлеуметтік құрамына, жас ерекшелігіне, этикалық талаптарына, коммуникативтік мақсатына қарай айқындалады. БАҚ тіліне «ой анықтығы», «сөз дәлдігі», «сөз тазалығы», «сөз дұрыстығы», «сөз мәнерлілігі» секілді сипаттар жатады.

Прагматика – коммуникаттардың бір-біріне және мәтіннің мазмұнына олардың коммуникативтік пиғылымен және сұхбаттасу мән-жайымен санасқан жеке қарым-қатынасы. Прагматиканың негізгі мәні – тілдік факторларды адам қызметіндегі аспектіде зерттеу. Қарым-қатынас пен сөйлеу әрекеті – прагматиканың негізгі зерттеу нысаны [5]. Прагматикалық сөйлеу әрекетінің негізінде адамдардың бір-біріне тіл арқылы ықпал ету, әрекетке итеру ұғымдары жатады. Бұл ұғымдар қарым-қатынасқа қатысушы коммуниканттардың мақсатынан туындайды. Демек, сөйлеу әрекетін тудыратын – сөйлеушінің мақсаты. Прагматикаға қатысты білімдер жүйесі мен теорияларды қарастыра келіп, мынадай тұжырымға тоқтадық: Прагматика – белгілі бір жағдаяттағы немесе лебіз білдіруші субъектінің қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын анықтауды мақсат тұтқан тіл білімінің жаңа бағыты.

Прагматика телехабар тақырыптары мен тілінде айқын көрінеді. Өйткені адресат пен адресанттың арасында қандай да бір ақпаратты тасымалдауда немесе қабылдауда прагматикалық мақсат болады. Ақпарат – қарапайым тіл арқылы коммуникация жағдайына жеткізілетін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың ерекшелігінің жиынтығында прагматиканың рөлі ерекше танылады.

БАҚ тілінің прагматикалық аспектісін зерттей төмендегідей қорытындыға келеміз:

1. БАҚ тіліндегі әртүрлі прагматикалық тапсырмаларды білдіру үшін қайталанатын атауларды таңдаудан тұратын сөз-ойлау әрекетінің ерекше түрі ретінде қарастырылды. Ол когнитивтік-семантикалық ассоциацияларға негізделеді, олардың көмегімен адам парафразаланған және қайталанатын ұғымдар арасындағы ұқсастықты немесе сабақтастықты белгілейді, белгілі бір мазмұнды жеткізу немесе өз әсерлері мен пікірлерін білдіру үшін тілдік құралдарды таңдайды.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Чернова О.Е. Прагматическое значение слова как фактор коммуникативного влияния. Известия Уральского государственного университета. - 2015. - № 28. -192 – 198 б.
2. Кунин А.В. Английская перифраза. Теоретический курс. М., 2018
3. Машинбаева Г.А. Телебағдармалар және тіл прагматикасы. // Лингвистика. – А., 2015. 66 б.

4. Смағұлова Г. Перифраздердің синонимдік қатарлары // Тіл тарихы және сөз табиғаты. – А., 2017. – 89-96 бб.

5. Кожин А.Н. Перифраз как стилистическое средство публицистической речи. - Уч. зап. МОПИ им. Н.К. Крупской. - М., 2014. - Т. 148. -Вып. 10.-б. 48-65.

ӘОЖ 930 (85)

## ХЕОПС ПИРАМИДАСЫ ҚАЛАЙ ҚҰРЫЛДЫ: ИНЖЕНЕРЛІК АЙЛАЛАР

Қашқынбаева А.А.

Ғылыми жетекшісі: Демеев А.Д.

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақалада ежелгі Хеопс пирамидасын салу кезеңдерінде мысырлықтардың қолданған айла-тәсілдері туралы жазылған. Пирамиданы салу процесі бірнеше кезеңнен тұратындығын келтірген. Сонымен қатар бірнеше технологиялар қолданылғандығы баяндалған. Мақалада Мысыр танушылардың көпшілігі мысырлықтар пирамидаларды салу үшін пандустық жүйелерді қолданған, бірақ олар қандай жүйелерді қолданғаны туралы әртүрлі теорияларды да қарастырады.

**Түйін сөздер:** пирамида, Хеопс, ежелгі, ескерткіш, сәулет.

Мысыр пирамидалары бізді өздерінің өлшемдерімен таң қалдырады. Ежелгі мысырлықтарды былай қойғанда, тіпті заманауи технологияның өзі мұндай нәрсені салуға мүмкіндік бермейтін сияқты.

Бірақ бүгінде адамдар арнайы техниканың көмегімен үлкенірек құрылыстарды тұрғызып жатса, онда ежелгі мысырлықтар Хеопс пирамидасын қалай салған? Олардың айлаларын анықтауға тырысайық.

Хеопс пирамидасы (араб. هرم خوفو), Ұлы Гиза пирамидасы - Египет пирамидаларының ең үлкені, Ежелгі Египет сәулет өнерінің ескерткіші; «Әлемнің жеті кереметінің» алғашқысы және бүгінгі күнге дейін сақталып қалғаны, сонымен қатар олардың ең ежелгісі: оның жасы шамамен 4500 жыл деп есептеледі.



Ұлы Гиза пирамидасын немесе Хеопс пирамидасын (Хуфу) зерттеу тарихы XVIII ғасырда Наполеон осында археологтарды, геодезистерді және басқа да ғалымдарды әкелген кезде басталады.

Зерттеулер бүгінгі күнге дейін жалғасуда, бірақ Ежелгі Египет сәулет өнерінің бұл ескерткіші әлі де өзінің барлық құпияларын ашқан жоқ. Атап айтқанда, оның құрылысының нақты қашан басталғаны белгісіз: радиокөміртекті әдіс біздің эрамызға дейінгі 2680 жылдардан біздің эрамызға дейінгі 2850 жылдар аралығын береді. Тағы бір жұмбақ ең ауыр блоктарды үлкен қашықтыққа тасымалдау әдістері болды.


## Египет пирамидалары қалай салынды?

Әртүрлі Египет пирамидалары үшін әртүрлі құрылыс әдістері қолданылады. Бұған дейін қорымдардың бірінде XII әулет дәуіріне жататын фреска табылған, онда 172 адам Джахутихотеп II-нің алебастр мүсінін шанамен тартып жатқаны бейнеленген. Жұмысшы жол бойындағы құмға су құйып, сырғанауды жеңілдетеді.

Кейбір пирамидалар бесік механизмінің көмегімен блоктарды домалату арқылы салынған: ұқсас құрылғылар Жаңа патшалықтың әртүрлі ғибадатханаларын қазу кезінде табылған. Сонымен қатар, кейбір жерлерде "квадрат доңғалақ технологиясы" қолданылады: төртбұрышты блок платформалардан жасалған жол бойымен домаланады.

1997 жылы археолог Марк Ленер (Mark Lehner) негізі ені шамамен тоғыз метр және биіктігі 6,1 метр болатын кішкентай пирамиданың эксперименттік құрылысын жүргізді. Салмағы екі тоннаға жуық блоктар 12-20 адам күшімен, ағаш еденнің бойымен сырғанатылып, ағаш жүгіргіштерді пайдаланған жағдайда жылжытылды. Жалпы, құрылысшыларға Хеопс пирамидасын салу үшін 210 блокты жылжытуға тура келді. Бірақ барлық аталған эксперименттер мен гипотезалар Хеопс пирамидасы тұрғызылған жерге 2,5 тонналық әктас пен гранит блоктарын жеткізу туралы сұраққа жауап бере алмады.

Бұл сұрақтың жауабы 2017 жылы табылды: Ленер бастаған халықаралық археологтар тобы 40-тан астам жұмысшы осы әдісті сипаттайтын папирусты тапты.



Хеопс пирамидасын салу процесі бірнеше кезеңнен тұрды. Сонымен қатар бірнеше технологиялар қолданылады.

Мәтінді декодтау келесі білімді берді: алдымен мысырлықтар Нілден су алып, Гиза үстіртінен жасанды каналдар салады. Содан кейін құрылысшылар ағаш қайықтарды арқандармен жалғап, олардың көмегімен блоктарды пирамиданың етегіне дейін жеткізген.

## Пандустар - пирамидалар құрылысының кілті

2020 жылы Каирдегі Француз шығыс археология институты мен Ливерпуль университетінің археологтары Шығыс шөлінің орналасқан жері Хатнубтағы ежелгі алебастр (құрылыс материалы) карьерінен (таяз қазбаларды ашық әдіспен өндіру орны) пандус (пандус фр. Pente douce - көлбеу еңіс, баспалдақты алмастыратын кіру жолы) жүйесінің қалдықтарын табады.

Пандус жүйесі, кем дегенде, Гизаның Ұлы пирамидасын салған перғауын Хуфудың билік еткен кезінен басталады.





Хеопс пирамидасын салу үшін мысырлықтарға карьерден 210 тас блокты сүйреуге тура келді. Бұл жүйе орталық пандустан тұрады, оның екі жағында көптеген тіректері бар екі баспалдақ бар. Тас блок орналасқан шана ағаш тіректеріне арқанмен бекітілген ежелгі мысырлықтар алебастр блоктарын карьерден 20 немесе одан да көп градусқа өте тік беткейлерде тартып ала алған. Мысыр танушылардың көпшілігі мысырлықтар пирамидаларды салу үшін пандустық жүйелерді қолданды деп санайды, бірақ олар қандай жүйелерді қолданғаны туралы әртүрлі теориялар да бар.

Кейбір ғалымдардың пікірінше, олар пирамиданың сыртқы қабырғаларына көтерілген тік пандустарды, осы қабырғаларды қоршап тұрған пандустарды немесе пирамиданың ішіндегі пандустар жүйесін қолданған.

Жалпы, мұндай жүйелер әртүрлі болған, ал мысырлықтар өздерінің мегажобаларын салу үшін олардың көмегімен тастарды тасымалдаған.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Их величества пирамиды / Пер. со словацкого О.И. Малевича. Послесл. Н.С. Петровского. — М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1981. — 447 с.
2. Ионина Н.А. 100 великих чудес света. — М., 1999
3. Р. Бартон и др. Атлас чудес света: выдающиеся архитектурные сооружения всех времен и народов и памятники. — М.: БММ, 1995
4. Georges Barbarin, Le secret de la grande pyramide ou la fin du monde adamique, Париж, 1936.
5. Romer J. The Great Pyramid: Ancient Egypt Revisited. — Cambridge: Cambridge University Press, 2007. — С. 157
6. Kunihiro Morishima et al. Discovery of a big void in Khufu's Pyramid by observation of cosmic-ray muons (англ.) // Nature. — 2017

ӘОЖ 930 (85)

## ЕЖЕЛГІ ПАРСЫ ТОҢАЗЫТҚЫШТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Демеев А.Д., Серикбаева А.К.

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақалада ежелгі адамдардың өз арсеналында ыстық шөлдерде парсылар құрған яхчалдарды қолданғандығы қарастырады. Яхчалдар ежелгі адамдардың қолданған тоңазытқышы. Иран, Ауғанстан және батыс және Орталық Азияның басқа бөліктерінде яхчалдар жақсы сақталған және мыңдаған жылдар бойы сәтті қолданылғаны туралы келтірілген. Мақалада яхчалдардың жасалу техникасы, қолдануы туралы қарастырады.

**Түйін сөздер:** яхчал, тоңазытқыш, температура, шөл, техника.



Ежелгі адамдар өз арсеналында (арабшадан - дар ас-синаа - шеберхана) есептеу техникасы мен «ақылды» технологиялардың шексіз мүмкіндіктері бар қазіргі инженерлердің де қолынан келмейтін көптеген бірегей заттарды ойлап тапқан.

Мысалы, тоңазытқышты алайық, осы өнертабыстың ежелгі өркениеттермен ешқандай байланысы жоқ делінеді. Бірақ бекер, өйткені оның прототипі (грек. prototypon - түп-төркіні) ыстық шөлдерде парсылар құрған яхчалдар ("мұзды шұңқырлар") екендігі белгілі.

Яхчал - судың булануы арқылы ауаны салқындататын буландырғыш салқындатқыштың бір түрі. Жер үстіндегі Яхчал құрылымы көбінесе 60 футқа дейін көтерілетін үлкен саз кірпіш күмбезінен тұрады. Төменде көлемі 5000 м<sup>3</sup> дейін, терең қоймасы бар үлкен жерасты кеңістігі орналасқан.

Б.з. дейінгі 400-нші жылға қарай Парсы инженерлері жаздың ортасында шөлде мұзды сақтау техникасын игерген. Олар мұзды электр қуатынсыз, әртүрлі салқындатқыштарсыз және заманауи тоңазытқыштарда кездесетін көптеген элементтерсіз жасап, сақтай алған.




Яхчал - ежелгі парсы тоңазытқышы (Иран). / Фото: punkufer.dnevnik.hr.


Шөл жағдайында да қолдануға болатын алып тоңазытқыштың ерекше конструкциясын парсы инженерлері шамамен 2,4 мың жыл бұрын жасаған. Адамдар оларды бұрын да жасаған болуы мүмкін, бірақ бұл туралы ақпарат сақталмаған. Яхчал ("мұз шұңқыры") - буландыратын салқындатқыштың ежелгі түрі.

Мұны жасау өте қарапайым, сондықтан оны тіпті ең кедей адамдар да қосымша шығынсыз жасай алған.

Тек көмекші (әрдайым керекті) материалдар мен өрескел күш қолданылғанына қарамастан, технологияның қыр-сырын білу әлі де қажет болды, өйткені ежелгі уақытта жасалған мұндай құрылымдарды инженерлік өнердің шыңы деп санауға болады.



Сүрет 1 - Ежелгі парсылар ойлап тапқан буландыратын салқындатқышты (яхчал) жасау технологиясы




Сүрет 2 - Ежелгі тоңазытқыш (яхчал, Иран) елді мекеннің көптеген тұрғындарын мұзбен қамтамасыз ете алған. / Фото: punkufer.dnevnik.hr.

Алдымен көлемі 5 мың текше метрге жететін шаршы түрінде ең терең шұңқыр қазылған. Мұндай алып алаңдар қоғамдық қойма ретінде пайдаланылған, ал буландыратын салқындатқыштың жеке қондырғылары әлдеқайда қарапайым болған. Осыдан кейін жердің үстікі бөлігі биіктігі 18 метрге жететін күмбез тәрізді сабан кірпіштен тұрғызылған.

Оны бекіту кезінде, әрлеу жұмыстарында нөлдік температураны ұстап тұруға мүмкіндік беретін және ең ыстық күндерде де буланудың алдын алатын арнайы ерітінді (раствор) қолданылған.



Сүрет 3 - Термос әсерін жасау үшін сабан кірпіштен өте қалың қабырғалар жасалған (яхчал, Иран). / Фото: punkufer.dnevnik.hr.



Сүрет 4 - "Мұзды шұңқырға" кіру үлкен әсерлі (яхчал, Иран). / Фото: ancient-origins.net.

Novate.ru. авторларының мәліметтері бойынша термос әсерін жасау және су өткізбеуге көмектесу үшін сарудж (sārooj) ерітіндісі (раствор) қолданылған, оның құрамында саз, құм, күл, жұмыртқаның сарысы, ешкі жүні, әк және белгілі бір пропорцияда күл болған.


Қорғаныш қабаты құрғаған кезде құрылым мүлдем су өткізбейтін және жылу өткізгіштігі өте төмен болған.

Және бұл таңқаларлық емес, өйткені құрылыс аяқталған кезде «мұз шұңқырының» түбіндегі қабырғалардың қалыңдығы 2 метрден асқан.

Ғасырлар бойғы технологияға сәйкес, қабырғалардың жоғарғы жағы жұқа болып, күмбездің жоғарғы жағында әрдайым жылы ауа салқындатқышты кедергісіз тастап кетуі үшін тесік қалдырылған.



Сүрет 5 - "Мұзды шұңқырдың" қабырғалары мен күмбезі арнайы ерітіндімен жабылған, ол салқындықты жақсы сақтап, ылғалға төзімді болған (яхчал, Иран). / Фото: vokrugsveta.ru.



Сүрет 6 - Оңтүстік жағында қосымша көлеңке беретін биік қабырға салынған (яхчал, Иран). / Фото: wildfiregames.com.

Бір қызығы: құрылымның оңтүстік жағындағы үлкен яхчалдардың жанында шығыстан батысқа бағытталған қабырға салынған, ал су салқындатқышқа солтүстік жағынан берілген.

Бұл түскі уақытта тасымалдау кезінде суды қызып кетуден қорғайтын көбірек көлеңке жасауға мүмкіндік берген, ал тоңазытқыштың өзі тікелей күн сәулесінен жартылай жасырылған.



Сүрет 7 - Күмбездің дизайны сатылы немесе тегіс болған (яхчал, Иран)

Көбінесе яхчалдар солтүстік аумақтың таулы жерлерінен жеткізілетін кесілген мұзбен толтырылған, онда қыста температура әрдайым нөлден төмен болған.

Қалған уақытта адамдар тек акведуктардың суымен ғана қанағаттануы мүмкін болған, ол түнде тасымалдау кезінде жақсы салқындаған. Бір қызығы, температура түнде

шөлде 0 градусқа дейін төмендейді (және бұл күндізгі температурада +50-70 градус нөлден жоғары болған кезде!).



Сүрет 8 - Кейбір яхчалдардың жанында бадгирлер - желдетуді қамтамасыз ететін жел ұстаушылар да сақталған (Иран). / Фото: navy-navy.livejournal.com.



Сүрет 9 - Бадгирлермен қоршалған "мұзды шұңқырдың" тағы бір мысалы. / Фото: punkufer.dnevnik.hr.

Мұзды үнемі салқындату және оны сақтау үшін тек қалың қабырғалар жеткіліксіз болған. Белгілі болғандай, ежелгі өнертапқыштар сонымен қатар бадгирлерді - ауа ағысын яхчалдардың төменгі бөлімшелеріне жіберетін желді ұстап тұру механизмдерін қолданған. Ол төмен түскенде ауа мұздың үлкен массасы, сондай-ақ көлемді тоңазытқыштың ішінде сақталған салқын ауамен салқындатылған. Осылайша, табиғи желдету жүйесі құрылған, өйткені суық ауа ағындары жылы суды, тұрақты температураны және таза ауаны сақтай отырып, жылуды ығыстыратын болған.



Сүрет 10 - Күмбездің жоғарғы жағында әрдайым "мұзды шұңқырдан" (яхчал, Иран) жылы ауа шығатын тесік қалдырылған. / Фото: ancient-origins.net.

Мұздың еруін болдырмау мүмкін болмағандықтан, инженерлер суды "мұз шұңқырына" жинау және қайтару жүйелерін ойлап тапқан, онда ол қайтадан бөлек сиымдылықтарда қатырылған.

Көбінесе мұндай мұзды бөліктерге бөліп, аталған құрылымдарды жоқ бай адамдар мен көпестердің үйлеріне жіберген. Онда ол терең құдықтарда ұсталатын тамақ пен ауыз суды сақтау үшін пайдаланылған.

Яхчалдар Иран, Ауғанстан және батыс және Орталық Азияның басқа бөліктерінде жақсы сақталған және мыңдаған жылдар бойы сәтті қолданылған.

Қазір ежелгі Персияның бұл ескерткіштері туристік көрікті жерлер және осы елдердің мәдени мұрасының бөлігі болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Mahdavinejad M., Javanrudi K. Assessment of Ancient Fridges: A Sustainable Method to Storage Ice in Hot-Arid Climates (англ.) // Asian Culture and History. — 2012.
2. Рутштейн, Гарри; Кролл, Джоанн (1980). По следам Марко Поло: Одиссея двадцатого века. Нью-Йорк: Viking Press.



ӘОЖ 34.014

## ХИМИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА «МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҰҒЫНДЫРУ

<sup>1</sup>Қабдысалым К., <sup>2</sup>Ибраева М.М., <sup>1</sup>Мукажанова Ж.Б., <sup>1</sup>Саньязова Ш.К.

<sup>1</sup>С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, , Өскемен қ.,  
Қазақстан

<sup>2</sup>Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар мен инжиниринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан

**Андатпа.** «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру үшін білім беру жүйесінің мақсатын өзгерту керек. Ол, біздіңше, креативті, шығармашылық сипатта ойлайтын «мәдениетті тұлғаны» қалыптастыру. «Мәңгілік Ел» идеясының философиялық мәдени астарын талдауда ерекше назар аударатын мәселе - ұлттық тәрбие. Тәрбие тал бесіктен басталады десек, ұлттық тәрбие отбасынан, оқу орындарынан бастау алуы керек. Бұл жолда үлкенді құрметтеу мен ата-ананы сыйлауды, ар, намыс, ұят сынды құндылықтарды жастар санасына сіңдіруді басты идеологиялық ұстанымға айналдырудың маңызы зор.

**Түйін сөздер:** Мәңгілік Ел, мәдениетті тұлға, патриотизм, құндылықтар.

Халық арасында үлкен қолдауға ие болған «Мәңгілік Ел» идеясының құжаттық формасы 2016 жылдың 26 сәуірінде Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты сессиясында «Мәңгілік Ел» патриоттықаткісі түрінде қабылданды.

«Мәңгілік ел» идеясы – халықтың мүддесіне, қоғамдағы тыныштық пен ынтымақтастыққа қызмет ететін, бағыты мен бағдары анық жол, бейбітшілік пен келісімді, ұлтаралық татулық пен төзімділікті сақтап, сындарлы сәттерден сүріндірмейтін ұлы мұрат.

Ал ұлттың бәсекеге қабілеттілікке білім беру жүйесін жаңа сапаға көтеру арқылы қол жеткізуге болады. Сапалы білім беру жүйесін дамыту - «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыратын басты негіз. Білім беру жүйесі мәдениетпен тікелей байланысты [1,2].

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыратын және оны одан әрі дамытатын бүгінгі жастар екені белгілі. Жастар осы ұлттық идеяны жүзеге асыру үшін өз Отанын сүйетін ұлтжанды, патриот болулары керек. Патриотизм біздің қазақстандық жастар үшін этностарды бөлшектейтін, жіктейтін, бір-біріне қарсы қоятын күш емес, керісінше, біріктіретін күш ретінде мойындалуы тиіс. Қысқасы, бүгінгі қазақстандық жастарды осы аталған позитивті бағытта тәрбиелеудің маңызы зор. Ал ол тәрбие жанұядан, мектептен бастау алып, әрбір сабақта жүзеге асырылып отырылуы тиіс. Егер мұғалім әрбір сабақта осы құндылықтарды оқушы бойына сіңіруден жалықпаса, нәтижеге жақындай түсетініміз анық.

Әлемде өз елінің тарихын білетін, болашаққа бағдар жасай алатын тұлғаны қалыптастыру маңызды шара саналады. Баланың тұлғалық қасиеттерін қалыптастырып, дамыту сапалы оқыту мен тәрбиелеу арқылы жүзеге асырылады.

Жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшеліктеріне негізделіп құрылған ұзақ мерзімді жоспарда оқушыларға пәндік білімді меңгерту көзделеді. Алайда, тәрбиелік мақсаттың қойылуы жаңартылған білім мазмұнының пәндік бағдарламасы мен үлгілік қысқа мерзімді жоспарлауда өте аз қарастырылады [3-4].

Еліміздің Тұңғыш Президенті «...білім алушылардың ғылыми жаратылыстану білімі ерекше және өзекті маңызға ие болады. Ол оқушылардың бойында табиғат

құбылыстары мен заңдылықтары туралы ұғым қалыптастырады, табиғат әлемін тануы ғана емес, сонымен бірге өзгермелі әлемде өз орнын табуларына жағдай жасауға бағытталған және олардың дүниетанымын, мәдениет тануын және тәжірибеге бағдарланған сипаттамаларын қалыптастырады, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттері, функционалдық сауаттылықтарын дамыту негізінде сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытады, тұлғалық сапасын және құндылықтар жүйесін тәрбиелейді,»-деп атап айтқанындай оқушылардың бойына құндылықтарды сіңіруді ойлау керек [5].

Қазіргі заманауи талаптарға сәйкес оқушыны бәсекеге қабілетті және ұлттық құндылықтарды бойына дарытқан саналы азамат ретінде қалыптастыру тек бүгінгі күнгі мәселе емес. Дәстүрлі педагогика бойынша оқыту үдерісінде білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттары алға қойылатын болса, жаңартылған білім мазмұнына негізделген оқытуда пәндік білім беру және тілдік мақсаттар айқындалады. Бұдан тәрбиелік мақсат қарастырылмайды деген жаңсақ пікір тумауы тиіс. Тәрбиелік мақсат анық көрсетілмегенімен жасырын түрде беріледі. Олай дейтініміз, коммуникативтік құзыреттілікке бағдарланған тілдік мақсатқа және ақпараттық, өзіндік менеджмент құзыреттіліктеріне бағдарланған білімділік мақсатқа қол жеткізу шараларының әр бөлігі тәрбиелеу арқылы жүретіні хақ. Сол себепті оқыту үдерісіндегі ұлттық құндылықтардың орны ерекше. Ал, оны оқушы бойына сіңіру жолдарын нақтылап берген – «болашағымызға бағдар беретін, ұлтты ұйыстырып, мақсаттарға жетелейтін идея»- «Мәңгілік ел» патриоттық актісі.

«Мәңгілік ел» патриоттық актісі адами құндылықтарды дәріптейді. Тәрбиелік мақсат білім ордасында орындалатын әрбір шараның, әрбір сабақтың негізгі мақсатының бірі ретінде қаралуы заңды құбылыс [6].

«Мәңгілік ел» патриоттық актісінің құндылықтарын мектепте оқылатын барлық пәнге ендіруге болады. Соның ішінде жаратылыстану ғылымдарының бірі - химия курсы оқыту мен оқу жағдайында қарастырамыз.

Мектепте химия 7-11 сынып аралығында оқылады. Алғашқы жылы пәнді оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Оқушылардың пәнге ынтасын арттырудың оңтайлы тәсілдері таңдалмаса, оқушылардың білім сапасы төмендеуі ықтимал. Ол өз кезегінде оқушының тұлғалық дамуы, кәсібибағдарына елеулі ықпал етері сөзсіз. Келеңсіз жайлардың орын алмауына педагогикалық іс тәжірибенің тигізер пайдасы мол болды. Оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып, оқу материалын ұсынудың тиімді әдістемесін табу үшін соңғы жылдардағы ғылыми еңбектер зерделенді.

9 сынып химия курсы бойынша орта мерзімді жоспар құрғанда химияны 7-9 сыныптарда оқытуға арналған оқу бағдарламасы негізінде оқушы бойына ұлттық құндылықтарды “Мәңгілік Ел” патриоттық актісінің негізінде қалыптастыру көзделді. Ол үшін 1-кестеде көрсетілгендей “Мәңгілік Ел” идеясының әр бағытын химия тақырыптарымен байланыстыруға ұмтылды.

Кесте 1 - «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясы құндылықтарының 9 сыныптағы химия курсына қарастырылуы

«Мәңгілік ел» патриоттық актісінің құндылықтары	9 сынып химия курсы бойынша тараулар
“Тәуелсіздік және Астана”	9.4А 14-топ - кремний химиясы.
“Жалпы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім”	9.4В Адам ағзасындағы химиялық заттар
“Зайырлы Мемлекет және Жоғары Руханият”	9.1.2.9 Атом өнеркәсібінің кері әсерінен туындайтын қоршаған ортаның проблемалары
“Инновация негізіндегі тұрақты Экономикалық Өсім”	9.4С Радиохимия. Қазақстандағы атом өндірісі
“Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы”	9.3А. Қазақстандағы металл өндірісі және оларды қолдану
“Тарихтың, Мәдениет пен Тілдің ортақтығы”	9.3А. Темір мен болат
“Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы”	9.4С. Ядролық энергетика

Әр құндылық бағытына сәйкес оқыту әдістемесі жасалды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 176 б.
2. Психолого-педагогическое сопровождение субъектов образования [Электронный ресурс] : учебное пособие / К. В. Адушкина, О. В. Лозгачёва.
3. Педагогика дополнительного образования. Психолого - педагогическое сопровождение детей [Текст]: учебник / отв.ред.Л.В. Байбородова.- Москва: Юрайт, 2020.- 363с.
4. Артпедагогика и арттерапия в специальном и инклюзивном образовании [Текст]: учебник / под ред. Е.А.Медведовой.- 2-е изд.испр.и доп.- Москва: Юрайт, 2020.- 274с. 3 экз
5. Разработка принципов инклюзивной педагогики и системы внедрения в практику организаций образования. Методические рекомендации. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015.



**UDK 62.932.002**

**DEVELOPMENT OF TECHNOLOGY PREVENTING THE FORMATION OF SCALE ON THE PUMPING EQUIPMENT ESP IN KARAKUDUK OIL FIELD**

**Nurbolatkyzy A., Chazhabayeva M., Chazhabayeva M.**

*Sh.Yessenov Caspian state university of technology and engineering, Aktau, Kazakhstan*

300 million tons of oil had been produced at Karakuduk field, which is being developed over 50 years. The bulk of oil production is mechanized. The basic amount of extraction wells is operated by Sucker-Rod Pumping Unit (SRPU) - 80%. Electrical submersible pump unit (ESP) and the flowing mode operate 20% of the wells.

Whilst operating the wells by the SRPU for the time being different complications appear such as deposition of asphaltic-resinous paraffin (paraffin), mineral salts, solids and failure of nodes deep-well pumps. One of the major drawbacks at this period of the field development is limited capacity of SRPU [1].

At the end of 2009 to carry out pilot testing (PGI) ESP was introduced into production run. As a result of the PGI it was found that achieved MPR of wells equipped by ESP, Karakuduk field, less than the MRP of wells running on Russian fields. However, achieved MRP was made more than the MRP of wells equipped with SRP, [2].

The analysis of PGI showed that the cause of small MRP in the operation of wells equipped with ESP is mainly due to deposition of mineral salts on the driving wheels and a receiving grid ESP.

It should be noted that the content of inorganic salts, suspended solids (sand), solids and sediments in the equipment of ESP reduce the flow rate and significantly reduce MRP, [3].

Relevance: The use of ESP for oil production requires selection of specific technologies to prevent salt deposits, considering features of Karakuduk field.

It should be noted that the material of pressure transient analysis, the study of rock core samples in specially drilled wells, analysis of products flooding the field " Karakuduk " as well as additional theoretical and experimental studies show that the processes of formation and salt deposits occur in a porous medium oil reservoirs.

The most effective method of controlling deposition of salt on the underground equipment is to prevent the process of crystallization of salt below the descent of the underground equipment. One of these methods can be described as a deep inhibition of the produced fluid below the pump intake.

The approach of preventing salt deposition can be conducted in three ways:

Processing of the injected agent (water) by scale inhibitors, thus carrying out the neutralization of mineral salts in the injected and produced water.

Treatment of scaling inhibitor layer zones, by bolus injection of the inhibitor on the production wells before running ESP with further periodic treatment, depending on the intensity of salt deposits.

Protection of underground equipment by constant dosage of the scaling inhibitor to the reception of a centrifugal pump.

The most acceptable to the Karakuduk is a third method that is simple to use and with little capacity rate of an effective inhibitor [2].

This method is accomplished by delivering the inhibitor to the pump receiver with a tube - a capillary, which descends parallel to the three-phase power cable supplying the pump motor. Dosage reagent is held by using conventional electric pump metering unit-27.

Whilst usage of ESP with batching plants to supply chemicals to the reception of a centrifugal pump the following conclusions can be drawn:

Method of dispensing chemical reagents wells by batching systems with capillary tube along the tubing technology is efficient.

Inhibitors against scaling "Azjol-3010", "Ranskeyl-4101" and "Ranskeyl-4102" are recommended for PGI.

As a result of the PGI, there is the possibility of increasing the MRP of wells equipped with ESP more than 2-fold, with a continuous dose of the inhibitor from the beginning of the input scaling ESP operation. Since with no inhibition the reduction fluid flow rates from wells can be observed with the 20 to 30 days of work.

Recommendations:

To continue the increase of the number of wells equipped with ESP since it is cost effective when compared with SRPU and the economic effect of one unit is 3072 672.1 KZT a year, with additional production of 1 ton per day of oil.

Inhibitors against scaling "Azjol-3010" and "Ranskeyl-4102" are recommended to prevent scaling by a constant dose to the pump receiver through the capillaries and batching pumps. To maximize by batching plants to supply chemical agent to receive the pump through capillary channels wells operated by units of electric pumps, which may be the deposition of salt on the underground facilities.

By reducing the flow rate of liquid up to 25% of the initial scaling due to process acid composition according to the developed technology "treatment of wells using acid bath."

The deposition of paraffin in the tubing periodically lowering the scraper to remove the deposits.

#### REFERENCES

1. Bogdanov, AA Submersible centrifugal pumps for oil extraction. Moscow, Nedra, 2010.
2. INDUSTRY ANALYSIS REPORT. Development of professional standards and industry qualification frameworks in the direction of "Oil and gas exploration and production" and "Transportation and storage of oil and gas" Nur-Sultan 2019.
3. Kiinov LK Development of waxy deposits and viscous oil in western Kazakhstan. – Moscow.

ӘОЖ 930 (85)

## ЕКІ ҚАР ҰШҚЫНЫ БІРДЕЙ БОЛУЫ МҮМКІН БЕ?

Демеев А.Д., Семирханова Д.К.


*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан*

**Андатпа.** Екі қар ұшқыны бірдей емес дейді, бірақ бұл шынымен де солай ма? Қар ұшқыны қалай пайда болатынын және олардың екі бірдей пайда болу ықтималдылығын қарастырамыз.

**Түйін сөздер:** қар ұшқыны, симметриялы фигура, кристаллография, су молекуласы.

Сіз «мына қар ұшқыны ерекше» деген сөзді естідіңіз бе, өйткені олар әдетте өте көп және мұқият қарасаңыз, бәрі әдемі, ерекше және таң қалдырады.

Ежелгі даналық екі қар ұшқыны бірдей емес дейді, бірақ бұл шынымен де солай ма? Барлық түскен қар ұшқынын көрместен бұл туралы қалай айтуға болады? Мысалы, Шығыстағы қар ұшқынының Батыстағы қар ұшқынынан еш айырмашылығы жоқ.



Бұл мәселені ғылыми тұрғыдан қарастыру үшін біз қар ұшқыны қалай пайда болғанын және олардың екеуінің бірдей пайда болуының ықтималдығы (немесе мүмкін еместігі) қандай екенін білуіміз керек.

1611 жылы Иоганн Кеплер өзінің *Strena Seu de Nive Sexangula* (Жаңа жылдық сыйлық немесе алтыбұрышты қар ұшқындары туралы) атты еңбегінде қар ұшқыны тек алты сәулелік симметриялы фигураға біріктіруге болатын қарапайым элементтерден тұрады деп болжады [1].

Симметрия бойынша зерттеулер оны үш өлшемді кеңістікте шарларды ең тиімді орау туралы болжамдарға әкелді (Кеплердің болжамын қараңыз).

Кеплердің симметрия саласындағы алғашқы жұмысы кейінірек кристаллография мен кодтау теориясында қолданыла бастады. Кеплер дұрыс айтқан. Шынында да, мұзды құрайтын су молекулалары алтыбұрышты молекулалық кристалдық торға біріктірілген, ол ақыр соңында мұз кристалының - қар ұшқыны - өзінің геометриясын анықтайды.



Сурет 1 - Кәдімгі оптикалық микроскоптың көмегімен алынған қар ұшқыны

Қар ұшқыны, шын мәнінде, белгілі бір қатты конфигурацияда бір-бірімен байланысқан су молекулалары ғана.

Бұл конфигурациялардың көпшілігінде алтыбұрышты (гексагональды) симметрия бар; бұл оттегі атомының физикасы, екі сутегі атомы және электромагниттік күшпен анықталатын олардың арнайы байланыс бұрыштары бар су молекулаларының қалай байланыса алатынымен байланысты.

Микроскоппен көруге болатын қарапайым микроскопиялық қар кристалы метрдің миллионнан бір бөлігін (1 мкм) құрайды және алтыбұрышты кристалды пластина сияқты өте қарапайым болуы мүмкін.


Оның ені шамамен 10 000 атом және оған ұқсас заттар өте көп.

Гиннестің рекордтар Кітабына сәйкес, Ұлттық атмосфералық зерттеу орталығының қызметкері Нэнси Найт Висконсиндегі қарлы боран кезінде қар кристалдарын зерттеп, микроскопты алып, тосыннан екі бірдей қар ұшқынын тапты.

Бірақ мамандар екі қар ұшқынын бірдей деп сертификаттаған кезде, олар микроскоптың дәлдігі үшін қар ұшқынындарының бірдей екенін ғана білдіруі мүмкін; физика екі заттың бірдей болуын талап еткен кезде, олар субатомдық бөлшектің дәлдігімен бірдей болуы керек.

Бұл мынаны білдіреді: бірдей бөлшектер, бірдей конфигурациялар, бір-бірімен бірдей байланыстары бар екі мүлдем басқа макроскопиялық жүйеде қажет.

Мұны қалай ұйымдастыруға болатынын көрейік.



Бір су молекуласы бір оттегі атомы және екі сутегі атомы бір-бірімен байланысқан. Мұздатылған су молекулалары бір-бірімен байланысқан кезде, әрбір молекула жақын орналасқан төрт басқа молекуланы алады: әрбір жеке молекуланың үстіндегі тетраэдрлік шыңдардың әрқайсысында бірден.

Бұл су молекулаларының тор пішініне: алтыбұрышты (немесе гексагональды) кристалдық торға айналуына әкеледі.

Бірақ кварц кен шөгінділеріндегідей мұздың үлкен «текшелері» өте сирек кездеседі. Ең кішкентай масштабтар мен конфигурацияларды қараған кезде, сіз бұл

тордың үстіңгі және астыңғы жазықтықтары оралғанын және өте тығыз байланыстырылғанын көресіз: екі жағында «жалпақ қыраы» болады.

Қалған жақтардағы молекулалар ашық, ал қосымша су молекулалары олармен кездейсоқ байланысады.

Атап айтқанда, алты қырлы бұрыштар ең әлсіз байланыстарға ие, сондықтан біз кристалдардың өсуіде алты еселік симметрияны байқаймыз.

Қар ұшқынының пайда болуы мен өсуі, жеке мұз кристалының ерекше конфигурациясы

Содан кейін жаңа құрылымдар бірдей симметриялы үлгілерде өседі, олар белгілі бір өлшемге жеткенде алтыбұрышты (гексагональды) асимметрияларды арттырады. Үлкен, күрделі қар кристалдары микроскоппен қараған кезде оңай ажыратылатын жүздеген белгілерді қамтиды.

Ұлттық атмосфералық зерттеу орталығының қызметкері Чарльз Найтқа сенер босақ, шамамен 1019 су молекулаларының жүздеген ерекшеліктері боады.

Осы функциялардың әрқайсысында жаңа бұтақтар пайда болатын миллиондаған мүмкін орындар бар. Қар ұшқынының мұндай жаңа ерекшеліктері қанша болуы мүмкін және сонымен бірге көптің бірі бола алмайды?

Жыл сайын бүкіл әлемде жергетшамамен 1015 (квадриллион) текше метр қар түседі және әр текше метрде бірнеше миллиард (10<sup>9</sup>) жеке қар ұшқыны болады.




Қар ұшқынынадағы бір миллиметр деңгейінде де қайталануы қиын кемшіліктерді көруге болады. Ең қарапайым деңгейде ғана сіз екі бірдей қар ұшқынын қате көре аласыз. Ал егер сіз молекулалық деңгейге түсуге дайын болсаңыз, жағдай әлдеқайда нашарлайды. Әдетте оттегіде 8 протон және 8 нейтрон, ал сутегі атомында 1 протон және 0 нейтрон болады. Бірақ 500 оттегі атомының 1-інде 10 нейтрон, 5000 сутегі атомының 1-інде 0 емес, 1 нейтрон бар.


Егер сіз керемет алтыбұрышты қар кристалдарын жасасаңыз және жер планетасының бүкіл тарихында 1034 қар кристалын санасаңыз да, планета бұрын-соңды көрмеген ерекше құрылымды табу үшін бірнеше мың молекуланың мөлшеріне (көрінетін жарықтың ұзындығынан аз) түсу жеткілікті болады.

Бірақ егер сіз атомдық және молекулалық айырмашылықтарды елемей, «табиғидан» бас тартсаңыз да, сізде мүмкіндік бар. Калифорния технологиялық институтының қар ұшқынын зерттеушісі Кеннет Либбрехт SnowMaster 9000 деп аталатын арнайы микроскоптың көмегімен қар ұшқындарының жасанды «бірдей егіздерін» жасау және оларды суретке түсіру әдістемесін әзірледі.

Оларды зертханалық жағдайда қатар өсіре отырып, ол ажыратып бомайтын екі қар ұшқынын жасауға болатындығын көрсетті.



Сурет 2 - Калтех (Калифорния техн. унив-ті) зертханасында өсірілген екі бірдей қар ұшқыны



Сурет 2 - Калтех зертханасында өсірілген екі бірдей қар ұшқыны

Солай делік. Олар микроскоп арқылы өз көзімен қараған адам үшін ажыратылмайды, бірақ шындықта олар бірдей болмайды.

Бірдей егіздер сияқты, олардың көптеген айырмашылықтары болады: олардың молекулалардың байланысу орындары әртүрлі, тармақталу қасиеттері әртүрлі болады және олар неғұрлым үлкен болса, соғұрлым бұл айырмашылықтар күшті болады.

Дегенмен, көптеген қар түйіршіктері бір-біріне ұқсайды. Бірақ егер сіз құрылымдық, молекулалық немесе атомдық деңгейде шынымен бірдей қар түйіршіктерін іздесеңіз, табиғат сізге мұны ешқашан бермейді.

Мүмкіндіктердің бұл саны Жер тарихы үшін ғана емес, сонымен қатар Ғаламның тарихы үшін де үлкен. Егер сіз Ғаламның 13,8 миллиард жыл тарихында екі бірдей қар ұшқынын алу үшін қанша ғаламшар қажет екенін білгіңіз келсе, жауап мынадай болады 10100000000000000000000000000. Бақыланатын Ғаламда тек 1080 атом бар екенін ескерсек, бұл өте екіталай. Иә, қар ұшқындары шынымен ерекше. Бұл жұмсақ тілмен айтқанда.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. C. Schneer, 1960. Kepler's New Year's Gift of a Snowflake и Ph. Ball, 2011.
2. Кеннет Либбрехт. Снежинки. Тайная красота зимней природы. Занимательное снежинковедение. Издательство: Хорошая книга. 2016
3. Астапова, С. А. Как появляются снежинки? / С. А. Астапова, Н. А. Власовец. // Юный ученый. — 2016.
4. Тимофей Черепанов. Большая книга о маленьких снежинках. Издательство: Литагент «Ридеро»
5. Katrina Krämer. Explainer: snowflakes // Chemistry World, 8 December 2017.

ӘОЖ.378.1

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ІЗДЕНІС ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сагиндыкова Э.У., Азаматова Г.М.

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан*

**Аңдатпа.** Ғылыми-ізденіс жұмыстарына басшылықты дұрыс ұйымдастыру өте маңызды. Мұнда мұғаліммен білім алушының бекітілген дәстүрлі оқытудан айырмашылығы, оқу-зерттеу жұмысын жүргізу процесінде мұғалімнің қызметінде жаңа екпін туындайды: ол оқушымен тең жағдайларда қойылған проблемаларды зерттеуге және сонымен бірге оны зерттеу жүргізу әдістемесіне үйретеді.

**Түйін сөздер:** ғылыми-зерттеу, зертханалық зерттеулер, ғылыми-практикалық конференция, консилиум.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметі-бұл мұғалімнің жетекшілігімен алдынала белгісіз нәтижемен шығармашылық зерттеу мәселесін шешумен байланысты және ғылыми салада зерттеуге тән негізгі кезеңдердің болуын көздейтін іс-әрекеті болып табылады.

Бұл оқушылардың танымдық қызығушылығын, дербестігін, оқу еңбегінің мәдениетін дамытуға; оқу пәнінің белгілі бір саласындағы білімдерін жүйелеуге, қорытындылауға және тереңдетуге; оларды практикада қолдануға мүмкіндік береді.

Ғылыми-ізденіс жұмыстары жоғары білім деңгейін, ең алдымен мұғалімнің өзін, зерттеу әдістерін жақсы меңгеруін, мамандандырылған әдебиеттері бар кітапхананың болуын және жалпы оқушылармен ғылыми-зерттеу жұмыстарымен терең айналысуға деген ұмтылысты талап етеді.

Бұл мұғалімге тек педагогикалық дизайнға ғана емес, сонымен қатар зерттеуші рөлінде де шығармашылық қабілеттерін кеңінен көрсетуге мүмкіндік береді. Өзі игермеген жұмыстың тәжірибесін жеткізу мүмкін емес. Зерттеуші-оқушы да, оның жетекшісі де бастан кешіретін шығармашылық қиындықтар, тәжірибелік іс-әрекет дағдыларын беру «әріптес-әріптес» және «тәлімгер-кіші жолдас» деңгейінде қарым-қатынасты айқындайды.

Зерттеу жұмыстары жеке жүргізілуі де (табысты, дарынды балалармен), жергілікті және фронтальды болуы да мүмкін.

Зерттеу жұмысын әртүрлі жолдармен ұйымдастыруға болады. Биология пәні арқылы немесе сыныптан тыс жұмыстар және мектептегі элективті сабақтарда, сондай-ақ қосымша білім беру мекемелерінде (үйірмелер) өткізіледі.

Алайда, қазіргі мектепте оқу және ғылыми-ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру мүмкіндігі бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жақсы

Бұл орта мектептегі жаңартылған білім беру бағдарламасына байланысты болады. Заманауи технологияларды (жобалық әдіс, проблемалық оқыту) қолдану зерттеуді сабақта қолдануға кең мүмкіндіктер береді [1].

Ғылыми зерттеулерге дайындық дәстүрлі түрде бірнеше кезеңнің болуын болжайды.

Кесте 1 - Жұмыс кезеңдері

Жұмыс кезеңдері	ҒІЖ мақсаты мен міндеті	Іс-шаралар мазмұны
1. Алдын-ала	Білім, білік және дағдыларды диагностикалау; оқушының жеке қызығушылығы саласында бағдарлау	Жазбаша және ауызша тапсырмалар, білім мен дағдыларды меңгеру деңгейін, ИДБ қатысушыларының қабілеттері мен мүдделерін анықтауға көмектесетін сұрақтар
2. Зерттеу мәселесін таңдау	Зерттеу мәселесін таңдауда алдын-ала бағдарлау	Зерттеудің ықтимал тақырыптарын талқылау (мұғалім оқушылардың жеке қасиеттерін және алдағы студенттік конференциялардың тақырыбын ескере отырып тақырыптарды ұсынады)
3. Ғылыми әдебиеттерді іздену	Анықтамалық және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын игеру.	Тақырып бойынша библиография құрастыру; оқудың әртүрлі түрлері, басты ойды бөліп көрсету, конспект жасау; оқылған ғылыми жұмыстарды талқылау
4 Зерттеу объектісі мен пәнін, тақырыпты, гипотезаны тұжырымдау, мақсаттарды, міндеттерді, әдістерді анықтау	Зерттеу дағдыларын қалыптастыру (зерттеу объектісі мен пәнін, тақырыпты, гипотезаны тұжырымдау, зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін қою, зерттеу объектісіне байланысты әдістерді анықтау).	Зерттеу объектісі мен тақырыбын, тақырыбын, гипотезасын тұжырымдау, жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін түсіну мәселелері бойынша, зерттеу жүргізу әдістемесі бойынша консультация беру
5. Материалды жинау	Материал жинауға немесе эксперимент жасауға үйрету	Экспериментті жоспарлау және жүргізу, материал жинау
6. Алынған материалды өңдеу	Алынған материалды статистикалық өңдеуге және нәтижелерді кестелер, диаграммалар және т. б. түрінде ұсынуға үйрету.	Алынған материалды өңдеу
7. Қорытындыны тұжырымдау	Нәтижелерді тұжырымдауды әзірлеудегі іскерліктер	Жұмыс нәтижелерін жүйелеу және қорыту
8. ҒІЖ мәтінін құрастыру	Ғылыми стильді тәжірибеде игеру Ғылыми мәтінді редакциялауға, мәтінді "ықшамдау" және "өрістету" дағдыларына үйрету	Зерттеу жұмысының мәтінін жазу Жұмысты редакциялау және рәсімдеу, тезистік жоспар құру
9. Жұмыс нәтижелерін ұсыну	Ауызша көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын игеру	Оқушылардың ғылыми-практикалық конференциясында, ғылыми жоба жарысына жұмысты ұсыну.
10. Жұмысты бағалау	ҒЗЖ өнімі мен нәтижесіне рефлексия	Атқарылған жұмыстарды талдау, перспективалық жоспарларды талқылау



Кезеңнен кезеңге өту үшін , оқушы мына мәселелерді оқиды:  
Көру проблемасы;  
Сұрақтар;  
Ұсынуға гипотезалар;  
Гипотезаны тексеруді жоспарлау және жүзеге асыру;  
Зерттеу нәтижелерін талдау;  
Ұғымдарға анықтама беру;  
Өлшеудің негізгі әдістерін және алынған нәтижелерді кесте, диаграмма және график түрінде ұсыну тәсілдерін білу;  
Зертханалық зерттеулер журналын жүргізу, әртүрлі жағдайларда орындалған эксперименттердің нәтижелерін салыстыру және сипаттау;  
Жіктеу;  
Құбылыстар мен фактілерді байқау;  
Экспериментті әзірлеу және жүргізу;  
Қорытынды жасау;  
Материалды құрылымдау;  
Өз идеяларың дәлелдеу және қорғау;  
Бастапқы көздермен және қосымша әдебиеттермен жұмыс жасау.  
Осылайша, кез-келген деңгейдегі зерттеу жұмысының нәтижесінде зерттеу дағдылары қалыптасады.

Ғылыми-ізденіс жұмыстарымен тәуелсіз айналысудың үш деңгейі бар: операциялық, тактикалық және стратегиялық. Операциялық деңгейде әрекет ететін адам жұмыстың тұтас мағынасын түсінбестен жеке технологиялық операцияларды орындайды. Тактикалық деңгей өзгертін ортада шарлау, әрекеттерді олардың дәйектілігі бойынша ұтымды құру және оларды жоспарлау қабілетін талап етеді.

Анықтамалық және басқа да қажетті әдебиеттерді қолданып, ұжымдық жұмыста рөлдерді бөліп алып айналысады.

Ең жоғары деңгейде - стратегиялық деңгейде тұрған кез - келген адам зерттеу жұмысының орны мен мақсаттарын өз бетінше анықтай алады, шығармашылық белсенділікке ие, нәтижені талдай алады.

Бұл үшеуін салыстыратын болсақ, А. М. Новиков айтуынша «тәуелсіздіктің операциялық деңгейі – орындаушы адам; тактикалық-қайраткер; стратегиялық – жаратушы».

Жұмыстың барлық кезеңдерінде тәуелсіздік пен шығармашылық белсенділіктің жоғары деңгейіне ұмтылу керек екендігі анық.

Жұмыстың әр кезеңін толығырақ қарастырайық.

Оқытудағы мотивтер немесе қызығушылық мәселесі маңызды. Зерттеу жұмысында қандай себептер - сыртқы немесе ішкі – маңызды болып табылады. (Ішкі мотивтер білім алу, оларды тереңдету және жүйелеу, көкжиегін кеңейту қажеттілігінен туындайды. Сыртқы қоғамдық мойындаумен, оның ішінде бағалаумен байланысты.)

Психологтар шығармашылық белсенділік сыртқы ынталандыруларға емес, ішкі танымдық мотивтерге негізделгенін айтады [2].

Көп нәрсе оқушының жасына байланысты. Жасөспірім оқушылар (7-9 сыныптар) тек сыртқы жағынан қызықты нәрсе ғана емес; олар өз бетінше ойлауды, жалпылауды, жалпы принциптер мен заңдылықтарды іздеуді ұнатады. Осы кезеңдегі оқудағы ең күшті мотивтер сыртқы болып табылады: ұжымда өз орнын табуға, жеке басын растауға деген ұмтылыс.

Жоғары мектеп жасында оқуға қызығушылығы айтарлықтай өзгереді, өйткені жоғары сынып оқушысы үшін оқу іс – әрекетінің өзі мамандық таңдаумен байланысты болашаққа арналған өмірлік жоспарларды жүзеге асыру құралы болып табылады.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, жоғары сынып оқушылары ғылыми-ізденіс жұмыстарына дайын және оған мұқтаж болуы мүмкін.

Зерттеу жұмысын бастауыш және орта мектепте ұсынуға болатындығы анықталған. Мектепте ғылыми-ізденіс жұмыстарын ұйымдастыруда үлкен тәжірибесі бар мұғалімдер зерттеу жұмыстарымен танысу – бастауыш мектептен ерте басталуы мүмкін деп санайды. Оның тиімділігі жасалған зерттеулер ретінде емес, зерттеу, аналитикалық дағдыларды игеру, аудитория алдында сөйлеу, өз жұмысын көпшілік алдында қорғау қабілетінде көрінеді.

Зерттеу объектісі мен тақырыбын, тақырыптарын, гипотезаларын, мақсаттары мен міндеттерін, зерттеу әдістерін тұжырымдау кезінде мұғалім мен оқушының жұмыс процесінде кездесетін қиындықтарға тоқталуға болады.

Кейбір ұғымдарды түсіндірейік.

Нысан-бұл оқу мен тәжірибеде объективті түрде бар және зерттеуге қажетті ақпарат көзі ретінде қызмет ететін қатынастардың, қасиеттердің жиынтығы. Бұл проблемалық жағдайды тудыратын және зерттеуге таңдалған процесс немесе құбылыс. Нысанды анықтаудағы басты сұрақ: «не қарастырылуда?»

Мысалы, «Үш ұрпақ ойындары» ғылыми-ізденіс жұмысының зерттеу нысаны ашық ойындар болады.

Тақырып-нақтырақ, жұмыста тікелей зерттелуге жататын байланыстар мен қатынастарды ғана қамтиды, іздеу шекарасын белгілейді. Тұрғысынан анықталады деп жауап берген жағдайда келесі сұрақ: «Ретінде қарастыру дұрыс емес.», «Оған қандай қарым-қатынас тән?», «Зерттеуші объектіні зерттеу үшін қандай аспектілер мен функцияларды ажыратады?»

Мысалы, жоғарыда аталған жұмысты зерттеу тақырыбы әртүрлі ойындардың мазмұны болып табылады. Бұл жұмыс тақырыбын анықтайтын зерттеу тақырыбы.

Зерттеу тақырыбын таңдау болашақ оқу-зерттеу жұмысын анықтайтын өте маңызды кезең.

Біріншіден, оқу-ізденіс жұмысы еріктілік қағидатын көздейді.

Екіншіден, жеке қызығушылық принципі FДЖ ұйымдастыру кезінде негізгі болып табылады. Тақырыпты таңдау кезеңінде оқушылардың жеке қызығушылықтары анықталады.

Олар туралы сауалнамадан немесе әңгімелесуден білу өте ыңғайлы, оған мынадай сұрақтар енгізілуі керек: «Сіз бос уақытта не істегенді ұнатасыз?», «Сіз не туралы көбірек білгіңіз келеді?», «Бұл бәрінен қызық болды», Қандай оқу пәндері бойынша үздік баға аласыз?», «Қайсысына үлкен қызығушылық танытасыз?», «Өз жетістіктеріңнің қайсысын аса маңызды деп санайсыз?» Тағы бір тәжірибе түрі бар. Оқушылардың жұмысы тақырыпты таңдауда бағдарлауға көмектесетін ғылыми жетекшімен, мектеп психологымен және сынып жетекшісімен сұхбаттан басталады[3].

Мұндай «консилиумда» әрдайым әуесқойлармен, жеке бейімділіктермен және зерттеушілердің мүдделерімен байланысты түпнұсқа зерттеу идеялары пайда болады.

Үшіншіден, ғылыми принцип ғылыми-тұжырымдамалық аппаратқа жүгінуді білдіреді (терминдер, теориялар).

Төртіншіден, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескерумен байланысты қолжетімділік қағидаты.

Алғаш рет ғылыми-ізденіс жұмыстарымен айналысатын оқушыларға теориялық тұрғыдан қарапайым тақырыптар ұсынылуы мүмкін.

Бесіншіден, қолжетімділік – бұл оқушылардың мүмкіндіктерін ескеру принципі. Тәжірибе көрсеткендей, тақырыпты өз бетінше таңдаған кезде оқушылар өз мүмкіндіктерінің шектері мен таңдалған зерттеу пәнінің тереңдігін нашар көрсетеді.

Мектептегі зерттеулерге сәйкес келмейтін мәселенің ауқымы сәтсіздіктің басты себептерінің бірі болып табылады. Шағын көлемдегі материалды тәуелсіз бақылау әлдеқайда жемісті.

Сондықтан зерттеуді белгілі бір шеңбермен шектеуге кеңес беруге болады. Тақырыпты нақты қою арқылы жұмыстың артықшылығын байқауға болады. Егер тақырып жалпы тұжырымдалған болса, оқушының зерттейтін ештенесі жоқ, тек бар жұмыстарға шолу жасай аласыз, бұл зерттеуге емес, эссе жазуға итермелейді.

Алтыншыдан, тақырыпты таңдағанда, проблемалық принципті сақтау маңызды.

ҒІЖ тақырыбын таңдау тек аталған принциптермен ғана анықталмайды. Зерттеу жұмыстары көбінесе элективті немесе элективті курстар аясында жүргізіледі. Олардың бағыты мектеп профилине байланысты. Бүгінгі таңда ҒІЖ мектеп мұғалімі жиі басқарады. Бұл оған өзінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға, сабақта талап етілмеген білімді пайдалануға, сайып келгенде, даралықты көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының тақырыбын таңдаудағы тағы бір маңызды бағыт-конференция тақырыбы, оған қатысуды әдетте ғылыми жетекші мен зерттеушілер жоспарлайды.

Біз зерттеу үшін тақырыптарды таңдау кезеңінің қиындықтары, оларды таңдау принциптері, тақырыптардың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы тарқаттық. Жақсы тақырып қандай болуы керек екенін қорытындылауға тырысайық.

Зерттеушіге қызықты және оның жеке басының даму міндетіне жауап береді;

Ғылыми жетекшіге қызығуы;

Негізгі білім негізінде алынған білімге сүйеніп, оларды тереңдетеді және кеңейтеді;

Ғылыми принципке сәйкес келеді;

Қол жетімді: зерттеушінің жасына, біліміне, қабілеттеріне сәйкес келеді;

Оны орындау үшін қажетті уақыт мүмкіндігі;

Құрамында мәселесін талап ететін шешім болуы.

Тақырып тартымды, таңқаларлық болуы керек

Тақырып зерттеуге қатысушылардың нақты пайдасына орындалуы керек .

Тақырып түпнұсқа болуы керек

Тақырып салыстырмалы түрде тез жұмыс істей алатындай болуы керек

Қалаулар мен мүмкіндіктерді байланыстыру.

Әдетте бастапқы кезеңде зерттеудің негізгі бағыты ерекшеленеді, тақырыпты нақтылау және оны түпкілікті тұжырымдау кейінірек жұмыс мәтіні жазылып, зерттеуді ұсынуға дайындық жүргізілген кезде пайда болады.

Мақсат-бұл менің жұмысымда нені көрсеткім келеді деген сұраққа жауап. Мақсатты анықтау дегеніміз сұраққа жауап беру: зерттеу не үшін жүргізіледі?

Тапсырмалар негізгі қадамдарды сипаттайды, зерттеу міндеттері мақсатты нақтылайды[4]

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алексеева, Л.Н. Исследовательская деятельность учащихся: формирование норм и развитие способностей. 2013. № 4. - С. 25-28.

2. Горностаева, З.Я. Проблема самостоятельной познавательной деятельности. Открытая школа. 2018. -№2.-32 с.

3. Савенков, А.И. Исследовательское обучение в теории и образовательной практике XXI в. 2016. - № 1. - 80 с.

4. Усманова, Л.С. Организация исследовательской работы учащихся 2017. № 1. - 40 с.

ӘОЖ 378 (045)

## ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТІРЕГІ - БІЛІМДІ ҰРПАҚ

**Сидешова Р.А.**

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан*

**Аңдатпа.** Білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің жалпы педагогикалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жете меңгерген. «Қазақстан тарихы» кафедрасының тарихы, оқытушыларының кәсіби шеберліктері, көрсеткіштері туралы айтылады.

**Түйін сөздер:** Есенов университеті, Қазақстан тарихы, кафедра, Маңғыстау, ұстаз, білім.

Адамзат дамуының негізі білім мен ғылымнан бастау алатыны анық. Халықтың кемеліне келіп өркендеп, өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет. Қазіргі еліміздің азаттығы мен тәуелсіздігі қолымызда тұрған кезде, тәуелсіздіктің негізгі тірегі – білімді ұрпақ десек, қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы туды. Қазақтың кемел ұлы ұстазы, ғалымы А.Байтұрсынов айтқандай, «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек».

Сондықтан да, әлемдегі дамыған елдер сияқты, тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасының оқытушылары өздерінің кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі – жалпы педагогикалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жете меңгерген. Кафедра Маңғыстау өлкесіндегі бірден бір тарихшы-мұғалім кадрларды даярлайтын орта болып есептеледі.

«Қазақстан тарихы» кафедрасының тарихы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің жанынан 1993 жылы ашылған Ақтау филиалында «Тарих және философия» кафедрасы құрылған кезден бастау алады. Кафедраны әр жылдары Э.А.Абланова бастап, А.Б.Медиханова (1995-1996 ж.ж.), аға оқытушы Б.С.Жумашева (1996-1997 ж.ж.), 1997-2002 жылдары т.ғ.к. Ф.Н.Мийманбаева, 2002-2006 жылдары т.ғ.к. М.У.Нұрсұлтан басқарса, кейіннен кафедра меңгерушісі қызметінде болғандар – ф.ғ.к. Өтениязов С.Ө., аға оқытушы Бекенжанова А.А., т.ғ.к. Табылдиева О.Д., т.ғ.к. Бабаханов Ш.Т., ф.ғ.к. Ашекеева К.А., т.ғ.к. Джумалиева Л.Т., Ал, 2015 жылдың қыркүйек айынан бастап, кафедраның меңгерушісі қызметін тарих ғылымдарының кандидаты, нағыз кәсіби тарихшы Э.А. Абланова басқарса, 2021жылдан бастап, с.ғ.д. профессор К.М.Жаулин басқарып келеді.

Қазіргі таңда, кафедра оқытушылары алдындағы міндет – ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет атқару оқытушылардан үздіксіз ізденісті, кәсіби біліктілікті талап етеді. Яғни, «басқаларды үйрете жүріп, өзіміз де үйренеміз», - деп Сенека айтқандай, кафедра құрамы оқытушылары біліктілігін арттыру мақсатында, жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталықтарында, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталықтарында, көптеген

семинарларға, республикалық, халықаралық конференцияларға қатысып қатысып, ғылыми әлеуеттілігі мен білімдерін ұштап келеді. Болашақ тарихшы мамандарды дайындау жолында оқытушыға жүктелетін жауапкершілік, қойылатын ауыр міндет, абыройлы істің сан қырлылығы одан жан-жақты терең біліктілікті, психологиялық қабілеттілікті, асқан шеберлікті қажет етеді.

Сонымен қатар, кафедра педагогикалық тарихшы мамандар даярлай отырып, белгілі пәндер бойынша оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарына, студенттер арасындағы тәлім-тәрбие беру ісіне басшылық жасайды, оқытушылар күнделікті оқу жұмыстарын (дәріс, тәжірибелік, семинар, дипломдық жоба, емтихан, т.б.) жүргізіп отырады. Мамандық меңгеріп шығуға тисті барлық пәндер Қазақстан Республикасының білім беру стандарттарымен қамтамасыз етілген. Қазіргі таңда кафедра оқытушыларының зерттеу жұмыстарының көрсеткіштері жарияланған монографиялары, оқулықтары мен оқу құралдары, оқу-әдістемелік нұсқаулықтары оқу үдерісіне кіріктіріліп, қолданылып келеді.

«Дүние тану, білімге талпыну әрбір адамның есейген дәуірінен бастап қараған түбегейлі ісінің бірі болып келеді. Егер бұл талпыну болмаса, әрбір адам білімге, еңбекке үңіле қарамаса, тек аңша қарын тойдырып, ұйқымен уақыт өткізсе, ешбір ілгері басу – өрлеу де болмас еді», - деп Әлкей Марғұлан айтқандай, студенттеріміз жоғары оқу орындары арасында өткізілетін студенттік олимпиадаларға да қатысып, жүлделі 1-2-орындарды иемденді. Кафедрада студенттік ғылыми үйірме жұмыс жасайды. Үйірме жұмысының мақсаты – студенттердің тарихи білімі мен тәрбиесін қалыптастыру және өз мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттыру.

Әрдайым кездесулер ұйымдастырып, әртүрлі сала өкілдерінің қатысуымен өзекті тақырыптарға арналған түрлі дөңгелек үстел мен пікірталас шаралары өткізіліп отырылады. А.С.Макаренко айтқандай – «Адамды тәрбиелеу, демек оның қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу». Жыл сайын, кафедра кураторлары тәрбие жүргізудің әдістері мен түрлерін жетілдіріп отырады: конкурстар, іскер ойындар, әңгімелесу, дебат, диспут, куратор сағаттары, кездесу, экскурсиялар өткізу сияқты кең тараған түрлері арқылы өткізіледі. Ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие жұмыстарын жүргізуге аса зор көңіл бөлініп отыр. Студенттермен жүргізілген тәрбие жұмыстарының барысында туындаған мәселелер мен міндеттер кафедрада талқыланып, аға куратордың есебі тыңдалып отырады. Тарих мамандығының студенттерімен жүргізілетін тәрбие жұмысын белсенді, әрі үздіксіз түрде кураторлар Г.Е.Өтесова, Нұрманова А.К. т.б. жүргізіп келеді.

Кафедра өмір сүріп келе жатқан жылдары, кафедраның жұмысына елеулі іздерін қалдырып, қазір де еңбек сіңіріп, ұзақ жылдар қызмет етіп келе жатқан оқытушылар баршылық. Олардың қатарында білім мен тәрбиені тығыз ұштастыра отырып, кәсіби қызметін жоғары деңгейде атқарып жүрген т.ғ.к., доцент Еділханова С.А., аға оқытушылар Бекенжанова А.А., Г.Б. Қамиева, Байшов Б.Б., бар.

Ұстаз үшін бақыт – алдыңдағы шәкіртінің қияға қанат қағып, елінің азаматы болған сәті. Осы жылдар аралығында кафедра 400-ден астам маман даярлап шығарғанын, олардың қазір облысымыздың барлық білім беру орындарында, музейлер мен қорықтарда, архивтерде ұлттық құндылығымызды сақтай отырып, абыроймен елімізге қызмет етіп жатқанын мақтанышпен айта аламыз.

Маңғыстау тарихы – қойнауы сырға толы, құпиясы мен тарихы әр тастың бетінде жазулы десек, сол тарих пен құпияның ашылмаған сырлары болашақ тарихшылардың зерттеулерін күтуде. Қазіргі таңда маңызды тақырып - Маңғыстаудың мың жылдық тарихын зерделеу, өлке тарихын зерттеуде жаңа көзқарас қалыптастыру- маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Құпиясы мол Маңғыстаудың тарихын зерттеп, зерделеуге, дүние жүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, қатаң бәсеке

жағдайында өмір сүруге даярлайтын облысымыздағы бірден-бір тарихшыларды дайындайтын кафедра «Қазақстан тарихы» кафедрасы - бүгінгі білім мен білік, бәсекелес заманында студенттеріміздің биіктен көрінуіне күнделікті істегі жаңашылдық пен жан-жақты берген тәрбие арқылы қол жеткізіп отыр.

Сондықтан да, қазіргі жас буын, еліміздің келешегі, келбеті - бүгінгі мектеп бітірушілерді тарих мамандығына оқуға түсуге шақырамыз.

ӘОЖ 378.16

## БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Нұрова Қ.

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада болашақ мамандардың ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту проблемалары айтылады. Ақпараттық технология, ақпараттық мәдениет, ақпараттық – коммуникациялық технология ұғымдарына түсінік беріліп, АКТ оқу-тәрбие процесіне пайдалану мүмкіндіктері туралы сөз қозғайды. Сонымен қатар, болашақ педагог мамандарды ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде дайындауда ескерілетін қағидалар баяндалады.

**Түйін сөздер:** Ақпараттық технология, ақпараттық – коммуникациялық технология, компьютер, электрондық хат, телеконференция.

Қазақстан қоғамында болып жатқан әлеуметтік – экономикалық, саяси өзгерістер, күннен - күнге үдеп келе жатқан интеграциялық үрдістер, еңбек нарығындағы бәсекелестіктің артуы жоғары оқу орнын бітіретін мамандарға қойылатын талаптарды күшейтуде. Сондықтан да жоғары оқу орындарында уақыт талабына сай білім мен ғылымды игерген, сауатты да салауатты, шығармашыл, кәсіби құзыретті, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдана алатын мамандар дайындау қажеттілігі артауда.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан - мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек», - деп білім саласының алдына зор міндет жүктеген болатын [1].

Осыған орай, ЖОО оқу-тәрбие процесінде АКТ-ды қолдану қарқынды жүруде. Осыған байланысты білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендірудің объективті және субъективті жағдайлары бар екенін көреміз. Объективті себептер қатарына білімге қойылып отырған жоғары талаптар, жаңа технологияларды қолданудың өзектілігі, жалпы білім жүйесінің модернизациялануы жатады. Ал, субъективті себепке қазіргі білім алушылардың да, оқытушылардың да өзгешелігі жатады. Олар – прагматистер, яғни, тез нәтижеге жетуді мақсат етеді.

Педагогикалық ғылымда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында В.П. Тихомиров, М.П. Лапчик т.б. ғалымдар қарастырса, отандық ғалымдардан Е.Ы. Бидайбеков Ж.А. Қараев электронды-педагогикалық оқулықтар мен жүйелерді жасауда Г.К. Нұрғалиева, С.С. Құнанбаева т.б. ғалымдарымыз зерттесе, оқу процесіне жаңа ақпараттық технологияларды комплекстеді интеграциялау арқылы енгізу мәселесімен Д.М. Джусубалиева, Б.Б. Баймұханов т.б. ғалымдар зерделеп өзіндік тұжырымдама жасады [2,3, 4,5]. Жалпы «Ақпараттық технология» термині ғылымда ХХ ғ.-дың 40-50 жылдары пайда болып, Америкада ХХ ғ.-дың басында дидактиктер «оқуға арналған медиа» (instructional media), «оқыту машиналары» (teaching machines), «оқытуды автоматты түрде басқару» (programmed instruction) сияқты ұғымдармен байланыстырылған.

Ақпараттық технология ақпараттық мәдениеттен тығыз байланысты. Ақпараттық мәдениет – кез келген ақпарат көзін – анықтамаларды, сөздіктерді, энциклопедияларды, теледидар бағдарламаларын, т.с.с. дұрыс пайдалана білу, ақпараттық мәдениет – әңгімелесе білу, теледидар, хабарды (ғаламторды) талғамды түрде қарау, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп, талдай білу және өзгелердің еркіндігіне әсер ететін жағдайларда өз еркіндігінді шектей білу деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық – коммуникациялық технология - электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, ғаламторда жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық технологиялар – ақпаратты пайдалану үрдісін жеңілдетуге арналған әдістер мен бағдарламалық-техникалық құралдар жиынтығы, ақпаратты алу, түрлендіру, жіберу, сақтау және пайдалану әдістері мен құралдары. Сондай-ақ, ақпараттық технологиялар деп микропроцессорлық және есептеуіш техниканың, сондай-ақ, ақпаратты жинау, жасау, қорға жинақтау, сақтау, талдау және жіберу жұмыстарын қамтамасыз ететін ақпарат алмасудың заманауи құралдары мен жүйелері негізінде қызмет ететін бағдарламалық-құрылыс құралдар мен қондырғыларды айтамыз.

Бұл ретте осы мәселемен айналысқан шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстарын талданды. Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын Е.И.Машбиц, И.В.Роберт, Б.С.Гершунский, Н.В.Чекалева оқу үдерісінде пайдалану мәселелеріне т.б. өз еңбектерін арнаған [7,8].

Ақпараттық технологияларды қолдану кезінде:

- студенттер компьютермен қатысқан сабақтарға көбірек қызығып, олармен жұмыс істегенде өздерін ыңғайлы сезінеді;
- студенттер арасындағы, студенттер мен компьютер арасындағы қатынастың сипаты өзгереді;
- топтың ауызбірлігі артып, өзін-өзі және басқаларды сыйлаумен қатар, сыншыл көзқарас, өзінің және басқалардың мүмкіндіктерін, сондай-ақ компьютердің де мүмкіндіктерін дұрыс бағалай алу қабілеті артады;
- компьютерлік желіде (мысалы, ғаламторда) жұмыс істегенде, аса маңызды әлеуметтік дағдылар қалыптасады: әдептілік, жауапкершілік, басқа адамдардың ұстанымын ескере отырып, өз мінез-құлқына ие болу – қарым-қатынастың гуманистік түрткілері және т.б.

Мультимедиа технологияларының сан алуан түрлерін кешенді түрде қолдану, жетекші-педагогтан бастап қарапайым студентке дейін, барлық қолданушылардың өзара қарым-қатынасының дамуына ықпал етеді, ол студентке өзін-өзі таныстыруға бар күш-жігерін салып, өз қабілетін жандандыруға мүмкіндік береді, ол оқытушының қолдау көрсетуі арқылы өз мүмкіндіктерін, өз адамгершілігі мен құндылығын танып, өзін-өзі өзгертеді.

Ақпараттық технологияларды олардың қызметі бойынша жіктеуге болады. А.В. Дворецкая ақпараттық технологиялардың мынадай түрлерін бөліп қарастырады: тұсаукесер, жаттықтыратын ойындар мен дамытатын бағдарламалар, дидактикалық материалдар, бағдарламалар-жаттықтыру құрылысы, виртуалды тәжірибе жүйелері, электронды оқулықтар, электронды энциклопедиялар[9].

АТК-ның көмегімен пайдаланушыға ақпаратты жеткізіп қана қоймай, оны алуға да болады. Ақпараттық технологиялар кез келген жерде және кез келген уақытта оқытуға мүмкіндік береді, бұл оларды білім беру өрісіндегі оқу материалдарын оқытудың аса қуатты құралына айналдырады. АКТ-ның өзіне тән ерекшеліктері ЖОО-да білім беру мақсаттарын жүзеге асырудағы оның орнын бағалауға мүмкіндік береді. Біріншіден, АКТ материалды оқып- білудің мазмұны мен әдістемесін толықтырады, ол студенттің



сезімдік тәжірибесін байытып, жүйлендіру мүмкіндігін арттырады. Әсіресе, шынайы оқу жағдайында материалды қабылдау мүмкін емес немесе қиындық тудыратын кездерде.

Екіншіден, АКТ оқуда қиындықтарға кезігетін студенттерді де, озат студенттерді де жеке-дара оқыту үрдісі үшін жағдай жасайды.

Үшіншіден, баспа оқулықтарына қарағанда көрнекілік деңгейі айтарлықтай жоғары. Өйткені жоғары деңгейдегі бұл көрнекілік анимация, дыбыс, видеоүзінділер көмегімен орындалады.

Бұған қоса, АКТ арқасында мұғалімнің жағымды зияткерлік оқыту ортасын жасауға мүмкіндігі пайда болады, бұл үлгерімі жақсы студенттер үшін аса қажет.

АКТ бірнеше дидактикалық қызметті атқарады: білім беру; дамытушылық; тәрбиелік. АКТ- мен жұмыс істеу барысында студент материалды толық меңгереді, теориялық және эмпирикалық ойлауы біркелкі дамиды, білім- білік дағдысы, қызығушылығы, танымдық белсенділігі артады, ал оқытушы студенттердің зейінін өзіне тарту жетістігіне ие болады. Оларды ойландыра, толғандыра отырып, зейінін оқу үрдісіне тарту әрекеттері оқытушының тиімді құралы болып табылады. Білімді игеру дегеніміз – оны ұғу, есте сақтау, қолдана білу. Білімді игеру – алғашқы оқу материалын меңгеретін, білімді бекітетін, бақылау және оқу жұмыстарының нәтижесін бағалайтын, сондай- ақ, дидактикалық міндеттерді шешетін күрделі жүйе. Жүйелей келе, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, біріншіден, білім сапасының артуына, екіншіден, оқытушы мен студенттің үздіксіз ізденіс арқылы дамуына ықпалы зор екендігімен түйіндеймін.

АКТ-ның мүмкіндіктерін қолданудың студентке берер мынандай тиімділіктері аңғарылды:

- түрлі ақпараттық, бейнелік, дыбыстық анықтамалар арқылы білімін жан- жақты жетілдіреді, дамытады;
- өз бетінше сарамандық тапсырмаларды орындайды;
- тақырыптан қалып кеткен немесе дұрыс түсінбеген тақырыпты қосымша қайталауға мүмкіндік беріледі;
- пәнге қызығушылығы, үздіксіз ізденісі артады;
- ойлау, есте сақтау, пікірсайыстық қабілеті дамиды;
- өз ойын сызба, сурет, кескіндеме, кесте, графиктік модельдер түрінде жеткізеді;
- түрлі бейнелік, сілтемелік, нұсқаулық тапсырмаларды орындайды;
- түрлі деңгейдегі тест тапсырмаларын орындап, өзінің алған білімін тексереді.

Студенттер ғаламтор желісімен түрлі олимпиадаларға, жарыстарға қатыса алады. Сонымен қатар, тест жұмыстарымен түрлі ойындар арқылы өтетін қызықты жаттығулар жасауға мүмкіндіктері болады.

Соңғы он жылдықта адамзаттың жеткен жетістіктерінің бірі, оқыту үрдісіне елеулі әсерін тигізген халықаралық желі – ғаламтор. Ғаламторды оқу мақсатында қолдану әдістемесінің жаңа бағыты болып саналады.

Қазіргі таңда білімді дамыту – студенттің ақпараттық потенттік деңгейін дамыту деген сөз. Әлемдік ақпараттық қоғамға ену үшін студент ақпараттық мәдениетті, компьютерлік экранды білу қажет, яғни ғаламтормен тығыз байланыста болу керек.

Ғаламтор – әлемде болып жатқан соңғы жаңалықтар жайлы мәлімет алудың тез және ең оңай жолы. Ғаламтордың көмегімен аудиторияны жаңалықтар өзегімен қамтамасыз етіп, студенттерді тәжірибелі журналистерге айналдыруға болады. Қазіргі таңда көптеген газеттердің жеке WEB парақшалары бар. Сонымен қатар, WEB газеттер түрлі бөлімдерге бөлінеді: жаңалықтар (мәдениет және өнер, сауда, экономика, т.б.), спорт, жарнама, ауа райы жаңалықтары[9].

Студенттерді екі - екіден немесе үш - үштен бөліп, мақаланы зерттеуге тапсырма беруге болады. Бұл әдіс бүкіл аудиторияның қызығушылығын арттырып, сабаққа

белсенді түрде қатысып отыруына үлкен ықпалын тигізеді. Дарынды студенттер күрделі мақаламен жұмыс жасай алады, ал үлгерімі төмен студенттер ауа райымен, мәдениетпен байланысты мақаламен жұмыс жасауға болады.

Студенттер белгілі бір оқиғаға байланысты өзінің жеке тұжырымдамаларын жасауға болады. Мақалаларды зерттеудегі мәдениаралық біліктілікті дамыту арқылы студенттер мәселені терең меңгереді, өз ойын жеткізе алады және сараптама жасап үйренеді. Жұмыс жасалғаннан кейін, әрбір студент жұмысын талқылау мақсатында дөңгелек үстел немесе телеконференция өткізу қажет.

Студенттер өздеріне қажетті ақпаратты табуды, оны оқып, ішінен ең маңыздысын табуды және өз қажеттілігіне жұмсауды үйренуі шарт. Және студенттердің бойында өзіндік білім алуды, бүгінгі күн талабына сай ізденуді, ақпараттық ағымда жол табу және өзін - өзі дамытуды әрі қарай жетілдіру қажет.

Қорыта айтқанда, білім беру процесінде АКТ –ны жаңа заман талабына сай түрлерінен саналатын мультимедиалық энциклопедия, қашықтықтан оқыту, электрондық оқулықтар мен түрлі дыбыстық таспа материалдары бүгінгі таңда студенттердің қай пәнді болмасын тез әрі терең, шығармашылықпен игеруіне мейлінше қолайлы жағдай тудырып отыр.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Лапчик М.П. Методика преподавания информатики Академия. - 2009. - с.294
3. Бидайбеков Е.Ы. Развитие методической системы обучения информатике специалистов совмещенных с информатикой профилей в университетах Республики Казахстан: автореф. ... докт.пед.наук:13.00.02. – М., 1998. – с.34
4. Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения: автореф. ... докт. пед. наук:13.00.01. – Алматы, 1994. – с.48
5. Нургалиева Г.К. Педагогические технологии информатизации образования – Алматы: Алем, 2002. – с.269
6. Машбиц Е.И. Психолого-педагогические проблемы компьютеризации обучения. - М.: Педагогика, 1998. - с.192
8. Роберт И.В. Теория и методика информатизации образования (психолого-педагогический и технологический аспекты). - М.: ИИО РАО, 2007. – с.

ӘОЖ 37.01 (075)

## СТУДЕНТТЕР ТҮЛҒАСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЛЫҚ ДАМУЫ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТ

**Аманқосова А.Қ.**

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан*

**Аңдатпа.** Бүгінгі таңда тұлғаның дамуын, қалыптасуын зерттеу басты орынға қойылған мәселелердің бірі болып отыр. Бұл мәселе көптеген ғылымдар аясында және туыстас ғылымдар жүйесінде зерттеудің ортақ нысаны болып отыр. Тұлға құрылымында «құндылық бағдарлар» ерекшеліктері, әлеуметтік-психологиялық маңыздылық, оның тұлға дамуындағы және қалыптасуындағы орны бірқатар зерттеулерде қарастырылған. Тұлғаның жоғары сатыдағы тіршілік иесі ретінде алдында тұратын белгілі бір мақсат-мұраттары айқын тұрады. Сол мақсат-мұраттар қаншалықты мәнді болса, соншалықты құнды болады және соның негізінде құндылық бағдарларда айқындалады. Сондықтан, тұлғаның қалыптасуы оның құндылық бағдарларының қандай екендігіне байланысты деп те айтуға болады.

**Түйін сөздер:** мәдениет, құндылық, бағдар, теория, тұлға, тәжірибе, қарым-қатынас.

Тұлғаның әлеуметтік белсенділігінің өсуі, оның белсенділік позициясының қалыптасуы адамның жеке өзіндік және қоғамдық қажеттіліктерінің, қызығушылықтарының, құндылықтық бағдарларының бір-біріне сәйкес келуіне байланысты [1].

Қоғамдық көзқарастар бойынша келер ұрпақты өмірдің жаңа талаптарына бейімдеу, сол сияқты кәсіпке бейімделу «әлеуметтену» үдерісі арқылы жүзеге асады. Индивидтің көзқарасы бойынша бұл үдеріс қоғамдық нормалар мен ережелердің, әлеуметтік құндылықтардың жиынтығын меңгеру болып табылады.

Құндылықты сендіру түсінігі арқылы қарастыру Г.Е.Залесский жұмыстарында үлкен орын алған. Олар құндылықты тұрақты сендіру ретінде қабылдайды. Олардың ойынша, тұлға құндылығының мынадай белгілері бар:

- құндылық бастаулары - мәдениет, қоғам;
- әлеуметтік феномендерге деген құндылық әсері;
- адам дәулеті саналатын жалпы құндылықтар саны;
- құндылықтар дәрежесінің әр түрлілігі;
- жүйе бойынша ұйымдастырылған құндылықтар [2].

Психологиялық пәндер аясында «құндылық бағдарлар» адам мінез-құлқы мен ісәрекетін сипаттайтын механизм санаттарымен байланысты.

Кеңестік психологияда ғылымы саласында тұлғаны зерттеуде құндылықтар түрлі аспектілер бағытында қарастырылады. Тұлға сипаттамасында көптеген зерттеушілер негіз ретінде бағыттылықты қарастырған, ал бағыттылықтың негізіне құндылық бағдарларды алған. Құндылық бағдарлар адамның дамуын, өсуін, қалыптасуын жүйелейді.

Тұлғаны белгілі-бір іс-әрекет тәсіліне дайындық күйлерін реттейтін функциялар өте көп. Осындай функцияларды қатарын өмірлік ұстанымды, қызығушылықтар бағыттылығын, құндылық бағдарларды, әлеуметтік бағдарлар, субъективтік қатынастар, жетекші түрткіні қарастыруға болады. Отандық психологияда индивидпен саналанатын

және мойындалатын барлық әлеуметтік құндылықтар оның өмірі барысында ассимиляцияланып, даралық құндылықтарға айналатыны жөнінде пікір айтылған.

Бастапқы кезде біздің осы жеңістеріміздің әрқайсысынан көздеген мақсатымызға жеткенімізді алдымен көрерміз. Бірақ екінші және үшінші кезеңдеріне келгенде өзіміз нүкте қоймаған нәтижелерді байқармыз. Сөйтіп көрген зиянымыз, пайдамыз асып түсер» деген екен. Иә, адам өзінің ғасырлар бойы табиғаттың қожасы, билеушісі ретінде сезініп, өзіне бар қажетті алып, бірақ оған келтірілген зиянының орнын толтыруға, дер кезінде қамқорлық жасауға әдеттенбеді. Табиғат ресурстарын барынша пайдалану, оның қорларын азайтумен қатар, сапалық күйін нашарлата түсті. Бұл жер шарының кейбір аймақтарында қайтымсыз табиғат өзгерістері мен апаттарының болуы көрсетеді. Маңғыстау облысы, сонымен бірге Каспий теңізінің қазақстандық секторы бағалы биологиялық ресурстармен минерал – шикізат потенциалына бай: еліміздің эканомикасын көтеруде стратегиялық елеулі орында. Каспий теңізінің 1350 км-ге жететін жағалауына ерекше көңіл бөлуі керек. Табиғи климаттық жағдайы бойынша толығымен Маңғыстау экологиялық тұрғыда жайсыз күннің радиациясы аса қатты қыздыруы, қатты жел, температураның көп ауытқуы жауын-шашынның аз мөлшері. Қазіргі кезде облыс экологиялық ахуал шиеленісіп тұрғылықты халықтың өмір сүруі мен медицина- демограф жағдайы денсаулығына әсер етуде. Маңғыстау экологиясы әлі күнге мақтанарлық жағдайда емес.

Біз өз туған өлкеміздің экологиясына өз деңгейінде көңіл бөлуіміз керек. Маңғыстау облысы Қазақстан Республикасының оңтүстік-батысында орналасқан. Жерінің жалпы көлемі 16,7 млн га., оның 12,7 млн га-ы жайылымдық жер болып есептелінеді. Маңғыстау облысы үш жағынан дерлік теңізбен қоршалып, қалған бөлігінде табиғаты қатаң, елсіз немесе сирек қоныстанған шөлді аймақ шектеп жатыр. Маңғыстау – Қазақстан Республикасының негізгі теңіздік аймағы. Каспий арқылы іргелес Әзірбайжан, Иран, Түрікменстан елдерімен, сондай-ақ Еділ-Дон каналы арқылы Дүние жүзі елдерімен байланыса алады. Үш жүз алпыс екі әулие Маңғыстау топырағы ежелден киелі өлке болып саналады. Өйткені бұл аймақта ертерек пайда болған: таңба, белгілер, тас ескерткіштер, үңгірлер мен кеуектер, апандар мен аңғарлар, арандар мен қорғандар, үйіктер мен обалар тағы басқа сол секілділері жетіп артылады. Олардың әр біреуі – тұнып тұрған шежіре, тарих, баға жетпес мұра, алтын қазына. Маңғыстау жері биоклимат жағдайына қарай шөлді ландшафқа жатады. Аймақтың топырағы негізінен өсетін өсімдігіне және топырағының түсі мен беткі қабатына қарай екі аймаққа бөлінеді. Оның біріншісі – қоңыр топырақты, ерте курап өшіп кететін раң тәріздес өсімдік және ащылы шөп бұта тектілер өсетін орталық шөлді аймақ.

Қоңыр топырақты аймақ облыстың солтүстік жағын алып жатыр. Каспий теңізі – Маңғыстаудағы бірден-бір су айдыны. Оның көлемі 380 мың км. Каспий теңізі солтүстіктен оңтүстікке дейін –1030 км., батыстан шығыс дейін – 196-435 км. Аралықты қамтиды. Солтүстік-шығыс бөлігінің климаты континенталды, ал оңтүстік-батысы субтропикалық климатты құрайды. Каспийдің солтүстік жағалауы таяз, көбінесе қайрандардан тұрады. Каспий теңізі Еуропа мен Азия континенттерінің түйіскен жерінде орналасқан. Каспий қайраңы — өте ерекше табиғат туындысы әрі өсімдіктер мен жануарлардың қолайлы ортасы. Каспий өзімен құятын өзендермен бірге Еуразиядағы маңызды кәсіптік су көзі, мұнда жыл сайын 0.3 млн тоннаға жуық балық ауланады. Оны аулау үлесі әлемдік деңгеймен алғанда 85%-дан асады. Жалпы Каспийлік кәсіпшілікте итбалық аулау да елеулі орын алады. Екінші жағынан алғанда Каспийдің суын тұшытып, пайдаланып отырған Ақтау тұрғындары үшін оның суының тазалығы керек. Қазақстан Каспий теңізінің бөлігінің мұнай ресурстарын игеруге кірісті, бірақ бірқатар кезек күттірмейтін мәселелерді шешкен жоқ. Ол мәселелер: теңіздің биологиялық әлемін қорғау; мұнай операцияларын жүргізгенде ластануды шектеу стандарттарын жасамаған. Жайсыз табиғи және антропогендік факторлар Каспий теңізі деңгейінің бірде көтеріліп, бірде төмендеуіне әкелді, оның айдыны улы қалдықтармен ластануда, мұнай-газ кешендерінің толассыз әсерінен қоршаған ортаны қорғау ішараларын қолға алу керек. Өте ауқымды мәселе Каспий жағалауындағы жаңа және бұрынғы кәсіпорындар, сонымен бірге теңіз мұнай игеру кезінде теңізді мұнаймен немесе оның қалдықтарымен ластау қаупі сақталып отыр. Оған көп қаржы бөлінген деп айтып жатады. Қазірдің өзінде суы тайыз айдында мұнай өнімдерінің концентрациясы белгіленген шектеулі рауалды мөлшерден 15-20 есе асып кеткен.

Солтүстік Каспий мұнаймен ластану нормасы 10 есе артып, фенол концентрациясы 100 еседен де жоғары. Суда үнемі хлорорганикалық пестицид мөлшері болып тұрады. Теңіздің ихтиологиялық фаунасы организмдер мұнаймен, ауыр металдармен, т.б. улы заттармен зақымданған. Тастанды не суға батқан ұңғылар қаншама, сондай-ақ тасымал кезінде төгілген мұнай Каспий экожүйесіне үлкен қатер төндіріп отыр. Тағы бір тоқталары – озық технологиясы «Теңізшевройл» БК-сы қоршаған ортаға тигізер зиянын жылдан-жылға ұлғайтып келеді. ТШО-ның өндірген мұнайының құрамында улы зат жеткілікті. Каспий мәселесі бүгінгі таңда күрделі аймақтық экологиялық проблемаға айналды. Мұнай өндіру және геологбарлау жұмыстары жүргізілген аудандарда топырақ қабатының бұзылғаны байқалды.

Маңғыстау облысының территориясында 200 млн тонна өндірістен 105.1 млн тонна улы қалдық, 8.6 млн кубометр пайдалы қазба қалдықтары жинақталған. Тек 2005 жылдың өзінде жиналған 242 мың тонна өндірістік және тұрмыстық қалдықтың 162.8 тоннасы улы. Ал қазіргі мәлімет бойынша 2006 жылы 260 мың тонна қалдық жиналып, оның 180.5 мың тоннасы улы болды. Жер бетінің 2 мың гектары жарамсыз, 170 мың кубометр мұнай массасы ашық жер амбарларында орын алған. Жаздың ыстық кездерінде буланған мұнайдың иісіне уланып, бұл жерде мекендеген аң мен құстың түрі, саны азаюда. Жайсыз экологиялық ахуал мен аяусыз қырып, жою өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің түрлеріне әсер етеді. Әсіресе Үстіртте мекен еткен дала тағылары елік, киік сияқты аңдардың саны жүз есе азайған. Қалдықтардың жыл өткен сайын азаюы не көбеюі жеке кәсіпорындардың қалдықтарына тікелей байланысты. 1998 жылдан бастап мұнайды көп алу мақсатында, Жетібай кен орнындағы ескі ұңғылардың арасына су қысымын жіберіп, жара бастады. Су қысымымен жарудың салдарынан қуыс көбейіп кетіп, «термит» деген құрттың аналығы жер бетіне шығып кеткен. Оның күніне миллион есе жұмыртқалайтынын ескерсек, қаншылықты денсаулыққа әсер ететіні анық. Күнделікті табиғатта сан мыңдаған құбылыстар болып жатады. Сұлтанмахмұт Торайғыров ағамыз: «Барлық қызық табиғаттан таралыпты, табиғат адам үшін

жаралыпты» деген. Ойланып қарасам, табиғат бізге бәрін берді, киер киім, ішер тамақ, ауа, үй және т.б. Ал біз табиғатқа не бере аламыз? – ештеңе де бере алмаймыз. Біз тек қана алуды білеміз, ал оның арты не болатыны туралы ойланбаймыз.

Табиғат біздің бір бөлігіміз емес, керісінше, біз оның кішкене ғана бөлігіміз. Бүгінгі таңда атмосфера ауасына тигізер әсерінің зор екендігін жақсы білеміз. Ластанған ауаны тазартудың ең жеңіл жолы – көгалдандыру екенін де әрбір көзі ашық жан мойындайды. Сондықтан жасыл желектерді өсіруден жалықпау керек деп ойлаймын. Әсемдік үшін өсірілетін, көшеті қымбат тұратын пальма ағаштарынан көрі, газдың сіңіру қасиеті ерекше; Қаражидек, шанды ұстайтын: жөке, күміс үйеңкіні; күкіртті газды сіңіретін: қаратерек, жасыл шаған, жұмсақ қараағаш, жөке, қайыңды; хлор мен оның қосылыстарын сіңіретін: емен, қызылжiekтерді көбірек отырғысса, қала экологиясын жақсартуға үлкен пайдасы болады. Ең негізгі – әр адам тек қана өз қара басын ойламай, қоршаған ортаға деген көз қарасы дұрыс болса, бәрі де болар еді деп ойлаймын.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Экология и устойчивое развитие» газета, 10.2005;
2. «Егемен Қазақстан» газеті, 14 қаңтар 2004;
3. «Промышленность Казахстана» журнал, 08.2004;
4. «ҚазҰТУ хабаршысы, экология сериясы» журналы, №2(15) 2004;
5. Акбасова А.Ж., Санкова Т.Ә., «Экология», Алматы, 2003;

ӘОЖ 547

## КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Мухитова А.А., Нурбаева Ф.Қ.

*<sup>1</sup>Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан*

**Аңдатпа.** Кәрі Каспий өзін жағалай қоныстанған елдер үшін сарқылмас байлық пен кәсіпкерліктің көзі, тіршіліктің тынысы. Сондықтан да болар теңіз жағалауындағы елдер осы маңайдың экологиясы, теңіздегі тіршілік жайлы мәселені жыл сайын келелі әңгімеге арқау етеді.

**Түйін сөздер:** Каспий, экология, мұнай, қауіп, қоғам, теңіз.

Каспий әлемдегі ең үлкен көл атағын жоғалтуы мүмкін. Каспий теңізінің ауданы азайып, судың тұздылығы жоғарылайды. Егер мұндай үрдіс жалғаса берсе, осы ғасырдың соңында бірегей су қоймасының маңызды бөлігі құрлыққа айналуы мүмкін.

Каспий проблемасы бүгінгі күні өте өзекті, бірақ Каспийдің халықаралық-құқықтық мәртебесі және Каспий маңы мемлекеттерінің арасында мұнай ресурстарын бөлу туралы мәселе қалай шешілетініне қарамастан, Каспий өңірдің ортақ экологиялық объектісі болып қала береді. Оның бір бөлігіндегі дағдарыс жалпы, бөлінбейтін экологиялық апатқа әкеледі, бұл, сайып келгенде, әр мемлекеттің жеке жоспарларына және оның даму перспективаларына әсер етеді. Соңғы жылдары Каспий теңізі сияқты бірегей табиғи объектінің экологиялық денсаулығын сақтау проблемасы өте өткір болды. Каспий теңізінің ресурстары мен биологиялық байлығының әлемде баламасы жоқ. Соңғы жылдары Каспий теңізі адам қызметінің қалдықтарымен аймақтың қоршаған ортасының ластануының артуына байланысты экологтардың назарында болып келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП) сарапшыларының бағалауы бойынша теңіз мұнайды, атом электр станцияларынан радиоактивті қалдықтарды өндіру және тазарту жөніндегі қызметтің ластануынан және Еділ өзені әкелетін тазартылмаған тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтардың үлкен көлемінен зардап шегеді, бұл Каспийге таза судың жалпы ағынының 80% - ын береді.

Қоғам үшін қазіргі Каспий теңізін экологиялық проблемалардың салдарын екісанатқа бөлуге болады - тікелей және жанама. Тікелей зардаптар, мысалы, биологиялық ресурстардың (коммерциялық түрлер мен олардың жемшөп нысандары) жоғалуында көрінеді және ақшалай түрде көрсетілуі мүмкін. Сонымен, Каспий маңы елдерінің бекіре тұқымдас балықтар қорының тұрақты түрде азаюынан болған шығындарды есептеуге болады. Бұған зиянның орнын толтыру шығындары да кіруі керек (мысалы, балық өсіру зауыттарының құрылысы).

Қазақстандық Каспий маңы проблемаларының өзіндік сипаттамасы:

- Бекіре, Каспий итбалықтары, киіктер және басқа да жануарлар популяциясының азаюы.

- Мұнай-газ және энергетика кешені объектілерін су басу және су басу кезінде Каспийдің ластануы (деңгейдің көтерілуіне байланысты).

- Ілеспе газды жағу кезінде және улы өнеркәсіптік қалдықтардың шаңдануы нәтижесінде атмосфералық ауаның ластануы.

- Мұнай-газ, химиялық және энергетикалық кешендер кәсіпорындарының қызметі нәтижесінде топырақ-өсімдік жамылғысының ластануы және тозуы.

- Бақылаусыз алу және ауыз су мен техникалық қажеттіліктерге пайдалану нәтижесінде жер асты суларының сарқылуы.

Осылайша біз экологиялық зардаптардың апатты екенін көреміз. Бүгінде көптеген адамдар шұғыл шаралар қолданылмаса, апат орын алуы мүмкін екенін түсінбейді.

Каспий теңізінің ластануын болдырмау жөніндегі нақты Көп мақсатты перспективалы ғылыми-зерттеу бағдарламаларының көмегімен бұл апаттың алдын алуға болады. Каспий-элемендегі ең көне мұнай өндіру бассейні. Теңіздің қазіргі негізгі ластанушысы, әрине, мұнай. Мұнайдың ластануы Каспийдің фитобентозы мен фитопланктонының дамуын тежейді, ол көк-жасыл және диатомдармен көрінеді, оттегі өндірісін азайтып, төменгі шөгінділерде жиналады. Ластанудың көбеюі су беті мен атмосфера арасындағы жылу, газ және ылғал алмасуына теріс әсер етеді. Мұнай төгілуінің басқа су жануарларына тигізетін әсері онша айқын болмаса да, маңызды. Атап айтқанда, теңізде өндірудің басталуы теңіз шортанының санының азаюымен және оның ресурстық құндылығының жоғалуымен сәйкес келеді (бұл түрдің уылдырық шашатын жерлері мұнай өндіретін жерлермен сәйкес келеді). Бұл ластану нәтижесінде бір түр ғана емес, бүкіл тіршілік ету ортасы құлаған кезде одан да қауіпті. Мұнай пленкасының едәуір аудандарында таралуына байланысты булану жылдамдығы бірнеше есе азаяды. Каспий теңізінің ластануы көптеген сирек кездесетін балықтардың және басқа тірі организмдердің өліміне әкеледі.

Жанамасалдар - бұл экожүйелердің өзін-өзі тазарту қабілетінің жоғалуы, тепе-теңдіктің жоғалуы және біртіндеп жаңа күйге ауысуы. Қоғам үшін бұл ландшафттардың эстетикалық құндылығын жоғалту, халық үшін аз өмірсүру жағдайларын жасау және т.б. Бұдан басқа, шығындардың келесі тізбегі, әдетте, қайтадан экономикалық шығындарға әкеледі (туризм секторы және т.б.). Каспий елдің қызығушылықтар шеңберіне түскендігі туралы журналистік пайымдау үшін, бұл елдер, өз кезегінде, Каспийдің ықпал ету саласына түсіп кетеді. Каспий аймағында қол жетімді өнімнің жетіспеушілігімен туындаған тұрақсыздық пен әлеуметтік қауіптер батыстық мұнай нарықтарына нақты қауіп тудыруы мүмкін, тіпті жағымсыз жағымсыз жанармай дағдарысын тудыруы мүмкін.

Өзен ағындарымен ластанушы заттардың түсу орындары 90% Солтүстік Каспийде шоғырланған. Осылайша, жыл сайын Еділ бассейніне  $2,5 \text{ км}^3$  тазартылмаған және  $7 \text{ км}^3$  шартты түрде тазартылған ағынды сулар ағызылады, оның өзен ағындарында ШРК-дан жоғары уытты заттар бар (шекті рұқсат етілген концентрация):

- мұнай өнімдері 8-ден 60 есеге дейін,
- фенолдар 3-тен 35 есеге дейін,
- ауыр металдар 3-тен 13 есеге дейін.

Жалпы, теңіздің өзен бассейні мұнай өнімдері мен фенолдардың (екі есе), мыс қосылыстарының (төрт есе) жоғары құрамымен сипатталады. Төмендегі кестеде Каспий маңы мемлекеттерінің аумағынан өзен ағындарымен уытты заттардың түсуі бойынша жыл сайынғы болжамды деректер (мың тонна) келтірілген.

Түркіменстан аумағынан өзен ағындары іс жүзінде жоқ (Атрек өзені теңізге жетпей кебеді), ал Ираннан деректер жоқ.

Жағалаудан коммуналдық-тұрмыстық, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы суларын ағызу. Каспий теңізінің жағалауында 200 ірі қала және 220-дан астам өнеркәсіптік шығарындылардың көздері шоғырланғаны белгілі. Жыл сайын шамамен  $39 \text{ км}^3$  ағынды су төгіледі, оның  $8 \text{ км}^3$  ластанған - құрамында 1000-нан астам химиялық қосылыстар, соның ішінде балық пен жемдік гидробионттарда жиналатын улы заттар бар. Қуатты өнеркәсіптік және шаруашылық-фекальды ағындарды қалыптастыра отырып, қала үлгісіндегі қалалар мен кенттер Каспийдің жағалау суларының жай-күйіне айтарлықтай қарқынды әсер етеді. Тек Баку аймағында теңізге шамамен  $300 \text{ млн. м}^3$  тазартылмаған ағын ағызылады. Каспийге өнеркәсіптік Сумгаит тарапынан тәулігіне  $100 \text{ мың м}^3$  астам токсин жіберіледі.

Кесте 1 - Уытты заттардың түсуі бойынша болжамды деректер (мың тонна)

Аумағы	Өзен ағындары	Мұнайөнімдері	Фенолдар	Детергенттер	Ауырметалдар
Россия	Волга, Терек, Сулак, Самур	143,5	1,23	31,0	8,83
Азербайджан	Кура	3,0	0,1		0,2
Қазақстан	Орал	0,6	0,1	0,27	1,89

Табиғатқа адамның іс-әрекеті салдарынан келтірілген зиянның едәуір бөлігі экономикалық есептеулерден тыс қалады. Бұл биологиялық әртүрлілікті және экологиялық қызметтерді экономикалық бағалау әдістерінің жоқтығы, бұл Каспий маңы елдерінің жоспарлау органдарын өндіруші салалар мен «ауылшаруашылық индустриясын» биологиялық ресурстарды, туризм мен рекреацияны орнықты пайдаланудың зиянына итермелейді[3].

Солтүстік Каспийде мұнайдың ластануы соңғы жылдарға дейін шамалы болды, бұған теңіздің бұл бөлігінде барлаудың төмен деңгейі және ерекшесактау режимі ықпал етті. Жағдай Теңіз кен орнын игеру жұмыстарының басталуымен, содан кейін екіншіалып - Қашағанның ашылуымен өзгерді. Мұнайды барлауға және өндіруге мүмкіндік беретін Солтүстік Каспийдің сақталу мәртебесіне өзгерістеренгізілді (Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің 1993 жылғы 23 қыркүйектегі № 936 қаулысы және Ресей Федерациясы Үкіметінің 1998 жылғы 14 наурыздағы № 317 қаулысы). Алайда, дәл осы жерде ластану қаупі таяз судың, коллектордың жоғары қысымының және т.б. салдарынан болады. Ескесалсақ, 1985 жылы Теңіз ұңғымасында бір ғана апат болған. 37 миллион тонна мұнайдың шығарылу салдары 200 мыңға жуық құстың өліміне әкелді[4]. Оңтүстік Каспийдегі инвестициялық белсенділіктің нақты айқын төмендеуі теңіздің осы бөлігіндесақтықпен оптимизмді тудырады. Мұнай өндірудің жаппай ұлғаюы түрікменде де, әзірбайжанда да мүмкін емесекені қазірдің өзінде-ақ айқын. 1998 жылғы болжамды еске түсіретіндераз, оған сәйкес тек 2002 жылға дейін Әзірбайжан жылына 45 миллион тонна мұнай өндіруі керек еді (іс жүзінде шамамен 15). Іс жүзінде мұндағы өндіріс қолданыстағы мұнай өңдеу зауыттарының 100% кәдеге жаратылуын қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Осыған қарамастан, зерттелген кен орындары одан әрі дамиды, бұл апаттар мен теңіздегіірі төгілулердің қаупін арттырады. Солтүстік Каспийдегі кен орындарын игеру қаупті, мұнда жақын жылдары жылдық өндіру 5-7 млрд тонна қоры бар кем дегенде 50 млн тоннаға жетеді. Соңғы жылдары Солтүстік Каспий төтенше жағдайлар тізімінде көшбасшы болды. Қорытынды. Қысқасы, қазір теңіз тіршілігіне қатер төнуде. Балық қоры мүлдем азайды. Оны броконьерлерден көреді. Олар бір-бір ұшқыр моторларға мініп алып, балық сақшыларын маңайлатпай кетеді дейді. Мемлекеттік қорықшылар сондай ұшқыр кемелерге неге мінбейді? Балық инспекторларының тікұшақтар алуына да мүмкіншіліктері де бар. Осы тұрғыдан алғанда қызыл балықтарды броконьерлер тауысып жатыр деген пікір – алдамшы сөз. Биылғы бозторғайлардың қырылуына да броконьерлер кінәлі ме? Жоқ, оның бір ғана себебі бар, ол – Батыс, Шығыс Қашағанды қазу кезіндегі теңізге жіберілген лай су, ыссы фонтан, жер астынан атылған инертті газ. Нәтижесінде теңіз тіршілігі қырғыға ұшырауда. Оны басшылар көрсе де көрмеген, білсе де білмеген болады. Әрине, мұнай керек, бірақ теңіз табиғаты құрыса, ол байлықтың құны көк тиын. Теңіз тіршілігі қалай болғанда да жойылуға тиісті емес.

Күн тәртібінде Каспий теңізінің су алып, су басып кеткен аймақтарындағы ұңғымаларды жою проблемасы тұр. Ұңғымаларды жою жөнінде шұғыл шаралар Каспий теңізінің акваториясы үшін жағымсыз салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін.

Ластану жағдайын талдау олардың экологиялық заңнаманың дамуына, заманауи технологиялардың енгізілуіне, апаттық техниканың болуына, технологиялардың жетілдірілуіне, табиғат қорғау органдарының болуы немесе болмауына және т.б. аз ғана әсерететіндігін көрсетеді. Каспийдің ластану деңгейі бар жалғыз көрсеткіш - бұл оның бассейніндегі өнеркәсіптік өндіріс көлемі, ең алдымен көмірсутегі өндірісі.

Каспий теңізінің күрделі экологиялық жағдайын шешу үшін біз келесі шараларды ұсынамын:

1) Қоршаған ортаға зиян тигізуі мүмкін кез келген тереңдету, құрғату немесе басқа да инфрақұрылымдық қызметке мораторий енгізу.

2) жергілікті атқарушы органдардың, NCOC консорциумының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен Министрлік өкілдерінің қатысуымен отырыс немесе дөңгелек үстел форматында қоғамдық тыңдау өткізу. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, сарапшылар, қоғам белсенділері, экологтар және тәуелсіз тыңдаушылар Каспий теңізінің өзекті экологиялық проблемаларын, ең алдымен, Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексі аясында ашық талқылау үшін.

3) Қазақстан Республикасында ғана емес, сонымен қатар одан тыс жерлерде де көлдің әлеуметтік маңызын арттыруға мүмкіндік беретін Каспийдің солтүстік-шығысында республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесін беру. Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ҚР ЕК. Көлдің:

а) зиянды қауіпті химиялық және улы заттармен және олардың қосылыстарымен табиғи және техногендік ластануынан; термиялық, бактериялық, радиациялық және басқа да ластану түрлері; б) қатты, ерімейтін заттармен, өндірістік, тұрмыстық және басқа да қалдықтармен ластану; в) өлкенің флорасы мен фаунасына орны толмас зиян келтіруге қабілетті адамның араласуымен түбін өзгерту.

5) Мемлекет басшысының бұл мәселені жеке бақылауына алуы үшін өзекті мәселеге назарын аударту қажет.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Касенов У. Каспийское море: правовой статус, нефть и международная безопасность //Деловая неделя.– 1997. – 29 августа.– 80 с.

2. Гиззатов В.Х. Правовой статус Каспийско-го моря и вопросы, связанные с трубопроводами //Саясат. – 1999. – №4. – С. 39.

3. Распоряжение премьер-министра Республики Казахстан «По проблеме Каспийского моря» от 28 июля 1994 года //справ. прав. система «Юрист». Локальная версия. ИТСС: ИнфоТех&Сервис. 19 августа, 2010.– 98 с.

4. Абишев А.Е. Каспий: нефть и политика. Второе издание. – Астана: КИ «Свободное общество», 2004. – 380 с.

ӘОЖ 929:551

## МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ Ш.ЕСЕНОВ

Табылдиева О.Д.

*<sup>1</sup>Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Маңғыстау геологиясы мен мұнай-газ орындарын зерттеп, игерудің кезеңдері, мұнай кен орындарының ашылу тарихы қарастырылған. Сонымен бірге Ш.Есеновтің геологияның өзекті мәселелерін шешуде, іздестіру және барлау жұмыстарында, теориялық жинақтау мен болжаудың тиімді бағыттарын таңдаудағы ұйымдастырушылық қабілетін, ғалымдық болмысын, азаматтық тұлғасын ашуға көмектесетін пікірлер мен ойлардан қысқаша үзінді келтірілген.

**Түйін сөздер:** Маңғыстау геологиясы, мұнай-газ кенорындары, барлау-бұрғылау жұмыстары, Маңғыстаумұнайгаз.

Қара жердің тылсым тереңінде жатқан мұнай еліміз экономикасының күретамыры іспеттес. Қазақ жерінде алғашқы мұнай Қарашұңгіл кен орнынан табылып, тарихы осыдан бастау алады. Жергілікті тұрғындар оның қасиеттерін ертеден білген және оны емдік қасиетте пайдаланып, малдарының жарақаттарына жағып, тері ауруларын емдеген. Сонымен бірге мұнай әркезде өңірге келген жат жұрттықтар назарын да аударған. Жайық-Жем өзендері аралығындағы мұнай көздері туралы мағлұматтар Петр I-дің жарлығымен 1717 жылы Хиуаға сапар шеккен Б.Черкасскийдің экспедициясының есептерінде айтылып, Каспий теңізін картаға түсірген.

Алғашқы зерттеушілердің ішінде мұнай мәселесіне көбірек көңіл аударған Н.А.Северцев өзінің зерттеу жұмыстарының қорытындысын 1860 жылы жариялаған. Кейін тау-кен инженері Д.Кирпичников бұл аймақта мұнай қорының жеткілікті екенін айта келе, ауыз су тапшылығы, жол қатынасының жоқтығы туралы құнды деректер қалдырған.

Маңғыстау геологиясын зерттеп, мұнай-газ орындарын игеруді төрт кезеңге бөлуге болады:

1-кезең. 1887-1949 жж. аралығындағы зерттеу жұмыстары жүргізілген кезең. 1887 ж. Н.И.Андрусов, 1911 ж. және 1926-27 жж. М.В.Баярунос, 1926 ж. В.Д.Соколов, 1932-1933 жж. С.И.Алексейчик зерттеулері мен ұлы Отан соғысынан кейін жалғастырылған БҒЗГБИ (Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу геологиялық барлау институты) геологтарының жұмыстары.

1880-ші жылдары Маңғыстауды зерттеу Форт-Шевченкодан басталды. Әсіресе, 1887, 1907-08 жылдары географ Н.Н.Андрусов көп еңбек сіңірді. Ол Каспий теңізі арқылы Красноводскіге, Қарабұғазға барып, қайтарында Үстірт, Қарынжарық құмы арқылы Бесоқты, Басқұдықпен Форт-Александровскіге қайтып оралып, нәтижесінде Маңғыстаудың геологиялық картасын жасады. Кейін шәкірті М.В.Баярунаспен бірге Маңғыстауға тағы келіп, Тұщыбек, Шақырған-Шайыр, Қаңға баба құдықтарының маңын зерттеді. 1909 жылы келген экспедиция Түпқараған түбегі мен таулы аудандарды, Қаратау мен Ақтау бойларындағы тау жыныстарының, Қарақия ойпатының геологиялық құрылымындарын зерттеді. Осы экспедицияның зерттеу жұмыс-тарына жергілікті білімпаз Оразмағамбет Тұрмағанбетұлы көмектескен.

XX ғасырдың 30-жылдары Ембі мұнайы мен Батыс Түрікменстанның мұнайы, Қарабұғаз сульфаты ашылуына байланысты Маңғыстау байлығын игеру мәселесі де ауызға алына бастады. Маңғыстау қазба байлығын зерттеуге Ленинградтағы



Бүкілодақтық Геологиялық барлау ғылыми-зерттеу институты сіңірген еңбегі зор. 1941 жылы Институт қызметкері С.Н.Алексейчик Маңғыстаудағы мұнай кендері орналасуының картасын жасады.

Соғыстан кейін жылдары Каспий маңы байлығын игеруде Қазақстан Ғылым Академиясының Президенті Қаныш Сәтбаевтың үлесі үлкен болған. Оның басшылығымен Жайық-Еділ өзендері аралығында жатқан байлықтың жаңа көздерін халық шаруашылығына кәдеге асырудың кең көлемді бағдарламасы жасалды. Маңғыстау аймағында, Каспий жағалауында барлау-бұрғылау жұмыстары өріс алды. Қ.Сәтбаев Қазақстан Ғылым Академиясының Гурьевте сессиясын шақырып, онда облыстың қазба байлықтарын іздестірудің, аймақта химия, металлургия мен экономиканың басқа да салаларын дамыту мәселелерін қарастырылып, геологиялық барлау жұмыстарын Маңғыстауда және Үстіртте жүргізу қажеттілігіне назар аударды. Гурьевте геология және геофизика, мұнай саласын зерттейтін филиалдың құрылуы жаңа зерттеулерге себепші болды. 1960-жылдардан бастап Қазақстан геология басқармасы Маңғыстауды зерттеуді өз қолдарына алды. 1961 жылдың 5 маусым күнгі Жетібай дөңіндегі мұнайдың атқылауы – түбек байлықтарын шын мәніндегі индустриялық негізде игерудің басы болды.

2-кезең. 1950-57 жж. БҒЗГБИ экспедициясы жүргізген зерттеулер, түбектегі мұнай, газ іздестіру жұмыстары.

3-кезең. 1957-61 жылдары Маңғыстаудың өндірістік мұнай мен газдылығын анықтау, байқау үшін бұрғылау жұмыстарын жүргізу, 1961 жылы 5 шілдеде № 6 скважинадан мұнай фонтанының атқылауымен, өзен алаңында Юра қабатының мұнай көзінің ашылуымен ерекшеленді.

1957 жылы Одақтық Мұнай министрлігінің бұйрығымен Форт-Шевченкодан Маңғыстау мұнайгаз барлау тресі құрылды. Бұл жер шалғайлығына байланысты, әрі жедел басшылыққа қиын болғандықтан алынған шара еді. Түбіжік алаңында геологиялық барлау, терең бұрғылау жұмыстары басталып, мұнда мұнайдың біраз қорының бар екендігі белгілі болды. Бірақ өнімді қабаттың жер бетіне жақын орналасуынан смоласының көбеюіне әсер еткен әрі қышқылдануы басым болып, оны игеру тиімсіз деп табылды. Осы кезде Қазақстанда геологиялық барлау жұмыстарымен тікелей айналысатын арнаулы Қазақ ССР Геология және Кенқорғау министрлігі құрылып, Маңғыстаудағы мұнайгаз барлау тресі осы министрліктің қарауына өтіп, Батыс Қазақстан геологиялық басқармасына қарады. Москва мұнай институтының түлегі Халел Өзбекқалиев «Маңғыстау мұнайгаз барлау» тресінің басшысы болып тағайындалды. Осыдан бастап барлау бұрғылау жұмыстарына жаңа бағыт беріліп, Қызандағы бұрғышылар Жетібайға, Түбіжіктегі бригадалар Өзенге көшетін болды.

4-кезең. 1961 жылдан, яғни Оңтүстік Маңғыстауда жаңа мұнай көздерін барлаудан басталады. Нәтижесінде, Теңге (1964), Тасболат (1965), Қарамандыбас (1965), Тасболат (1965), Шығыс Жетібай (1965), Доңға Еспелісай (1969) мұнай-газ кен орындары, Қансу (1970), Ақсу-Кендерлі (1972), Оңтүстік Аламұрын газ кен орындары ашылды. 1980-90 жж. Солтүстік Маңғыстаудан, Үстірттен және Оңтүстік Прикаспий аймақтарынан мұнай мен газ кендері ашылды. Отыз жылдай уақытта жүргізілген терең барлау жұмыстарының нәтижесінде Маңғыстау өте ірі мұнай мен газ қоры бар өлкеге айналды. Облыста 59 мұнай және газ кен орындары бар.

1950 жылдардың аяғына дейін Ақтауда Солтүстік Кавказ геологиялық барлау экспедициясының жұмысшыларды жабдықтау бөлімі жұмыс істеді. Алғашында азық-түлік және өнеркәсіп товарлары Дағыстаннан, Ставрополь өлкесінен самолетпен тасылып жеткізілді. Сауда жұмысын 60-жылдары Каспий аймақтық тау-кен мен металлургия комбинатының жұмысшыларды жабдықтау бөліміне берілді. Іс жүзінде,

жұмысшыларды жабдықтау басқармасы Ақтау қаласын ғана емес, жақын маңдағы елді мекендерінде тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырды.

«Маңғыстаумұнайгаз» өндіру бірлестігі 1963 жылы «Мангышлакнефть» бірлестігі деген атпен құрылады. 1965 жылы 10 шілдеде Маңғыстау мұнайы тиелген тұңғыш эшелон Гурьевтің (қазіргі Атыраудың) мұнай өңдеу зауытына жөнелтілді. Келесі жылы өзен – Жетібай-Ақтау мұнай құбыры салынып, сұйық отынды темір жолдардың, теңіз портының базаларына жеткізді. Алғашқы алты айда өзен кенішінен 334,6 мың т., ал 1966 ж. 1400 мың т. мұнай өндірілді. Жетібай кен орнынан мұнай 1966 жылдың желтоқсанында өндіріле бастады.

1966 жылы Маңғыстау мұнайын ашқан Ж.Досмұханбетов, Б.Ф.Дьяконов, Ш.Есенов, Е.И.Иванов, Н.Имашев, Н.А.Калинин, Х.Махамбетов, В.Т.Матвеев, В.П.Токарев, Н.И.Черепанов, Х.Өзбекғалиевтарға Лениндік сыйлық беілді.

1967 ж. Өзен мен Жетібайдан 3738 мың, ал 1970 ж. 10,401 мың т. бағалы шикізат өндірілді. Бірақ, түбектің үлкен мұнайының теңіз және су жолымен өңдеуші кәсіпорындарға тасымалдау мүмкіндігі көтермегендіктен, жалпы ұзындығы 1500 км өзен – Ақтау – Құлсары – Атырау – Куйбышев ыстық мұнай құбыры тұрғызылды. Ол 1969 жылы 25 тамызда іске қосылып, мұнай тасымалдана бастады. Маңғыстау мұнайын өндіруді бірлестік ұжымы дамыта түсті. Оның көлемі 1975 жылы 100 млн т-ға жетті. 1987 жылы Маңғыстау жерінде игеріле бастағаннан бергі кезеңде 300 млн т. сұйық отын өндірілген.

Соңғы жылдары Маңғыстауда мұнай өндіру деңгейі жылына 1 млн. т-дан асады. Оның осы деңгейін төмендетпей әрі өз жерінде өңдеу мақсатымен мұнай айыру зауытын салуда озық шетелдік технология жабдықтарды пайдалануда.

Маңғыстаумұнайгаз барлау кешенді экспедициясы бұл одақтық Мұнай министрлігінің 1957 ж. 5 қаңтардағы қаулысы негізінде және «Қазақстанмұнайгаз бірлестігінің» сол жылғы 8 сәуірдегі бұйрығымен құрылды. Алғашында ол трест атанып, басқару аппараты Форт-Шевченко қаласында орналасты, ұжымды білікті инженер О.Бердіғожин басқарды. Жаңадан ұйымдасқан трест геологтары Маңғыстаудың Бозашы бағытында, Түбіжік, Қазан, Ақшымырау, Қошак, Қарашажы – Тасбас т.б. жақтарын бұрғылады. Барлау аясы біртіндеп кеңіп, Жетібай, Асар, өзен атыраптарына ұласты. Жетібай алаңында 1961 жылдың 5 шілдесінде Н.М. Петров басқаратын бұрғышылар бригадасы қазып жатқан ұңғыдан тұңғыш мұнай фонтаны атқылады. Ол Маңғыстау өлкесінде мұнай мен газдың мол қоры бар екенін дүние жүзіне паш етті.

Трест бұрғышылары Жетібай кешенінен кейін өзен, Теңге, Тасболат, Шығыс Жетібай, Қарамандыбас, Ақтас, Доңға, Қаражанбас, Қаламқас сияқты мұнайлы-газды алаңдарды ашты. Сол ашылған кен орындарының тиімді игеру мақсатында Жетібай және өзен мұнай-газ өндіру, Комсомол мұнай өндіру, Маңғыстау газ өндіру басқармалары құрылды. Қазақ газ өңдеу зауыты 1974 жылы пайдалануға берілді. Ол Жетібай, Өзен, Қарамандыбас, Теңге т.б. жарты аралдағы мұнай-газ кен орнынан шығатын ілеспе газды өңдеп, халық игілігіне пайдалануға арналған. Мұнда жылына 2 млрд табиғи газ өңдейтін технологтар жұмыс істейді. Өнімдерінің негізгі бөлігі Ақтаудағы пластмасса зауытына құбырмен жеткізіледі. Қазақ Газ өңдеу зауытында бұдан басқа тұрақты газ бензині және өзге технологиялық өнімдер шығарылады. Облыстағы газбен жүретін автомобильдер мен тұрғындар үйлеріндегі баллон, пеш плиталарын молынан қамтамасыз етеді.

Шаһмардан Есенов екі мәрте, барлығы жеті жыл республика геология министрлігін басқарды. Бұл лауазымда Ш.Есеновтің геологияның өзекті мәселелерін шешуде, іздестіру және барлау жұмыстарында, теориялық жинақтау мен болжаудың тиімді бағыттарын таңдауда ұйымдастырушылық қабілеті мен жоғары біліктілігі жарқырай көрінді. Осы қасиеттерінің және мақсаткерлігі мен табандылығының арқасында

Қазақстанда көптеген кен орындарының ашылуына үлес қосты. Соның ішінде, мұнай мен газды іздестіру жұмыстарының дұрыс бағыттылығы қысқа мерзім ішінде Оңтүстік

Маңғышлақта бірегей мұнай және газ кен орындарын ашуға мүмкіндік берді. Қазір Жетібай, Өзен, Қаламқас, Қаражамбас, Солтүстік Бозашы, Кеңқияқ, т.б. мұнай кен орындары бүкіл әлемге белгілі. Бұл кен орындарынан мұнай өндіру Қазақстан экономикасының дағдарыс жылдарында да, қазір де барған сайын өсіп отырған кірісін қамтамасыз етіп, экономиканың қарыштап өсуі мен халықтың тұрмысының жақсаруын қамтамасыз етуде.

Шахмардан Есеновтың Маңғыстау мұнайын ашуда, оны халық игілігіне пайдалануға сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Мұнайды іске жаратудың қаншама қиын екенін мұнай мамандары жақсы біледі. Ш.Есенов азаматтық бейнесі туралы пікірлерден үзінді келсірсек: Тарихшы, академик К.Нұрпейісов Ш.Есенов туралы естеліктерінде былай деп жазады: «Жалпы алғанда, Қаныш Сәтбаев пен Шахмардан Есеновтің өмірі мен қызметтерінде көптеген ұқсастық бар; екеуі де алып тұлғалы, кең маңдайлы-марқасқалар, екеуінің де мамандығы геолог, екеуі де геолог ретінде еңбек жолдарын Жезқазған өңірінде бастаған, екеуі де Ұлттық Ғылым Академиямызға Президент, геологиялық ғылымдар институтында директор болған, екеуі де КСРО-нің ең жоғарғы марапат белгісі Лениндік сыйлықтың иелері атанған. Біріншісі-халқымыздың өміріндегі ұлы құбылыс, екіншісі-ірі тұлға».

Академик Манаш Қозыбаев: «Қазақ «әкенің баласы болма, елдің баласы бол» деп бата беруі де көп дүниені аңғартады. Өз замандастарына «Шах-аға» аталған Шахмардан Есенов, міне, осындай ұлт перзенті, ұлт баласы», -деп баға береді.

Академик Мұхамеджан Қаратаев: «Бетке ұстап, сыртқа көрсетуге де, ел ішіндегі көп шаруаға жегуге де сен лайық болдың. Жастайыңнан өзің ұнатқан тау-кен мамандығының ең үлкен білгірі де, оны ұйымдастырушылардың бірі де өзің болдың... Өз ойың, өз сөзің бар жеке дара шыққан жігіт едің», -дейді.

Профессор Б.Берікболов: «Қазақ геология ғылымының ең бір дәуірлеген жылдарының бірі, сөз жоқ, Шахмардан ағаның есімімен қосыла айтылады. Жетібай-Өзен мұнай көзінің ашылуына басшылық жасауының өзі ірі оқмға еді. Ғылымның шын мәніндегі ірі ұйымдастырушысы болды. Қазақ жігіттерінің де геология саласына, бұл істі басқарысуға жасқаншақтамай, көбірек енуіне де Шаханның ықпалы болы. Бізден біреу «қазақ кім?» деп сұраса, Шахмардан Есеновты ұялмай көрсетуге болады».

Ұлағатты ұстаз, профессор Тұрсынбек Кәкішев ақсақалдың сөзімен айтсақ: ...Терең ойлы, асқан адамгершілік, аса көрнекті Шахмардан Есенұлын міне, мынау қазақ деп дүниенің қай жерінде болсын мақтанышпен айтуға болатын еді. Ол ғылымның серісі болды. Ол қандай жағдайда жүрсе де әлсіздікке жол бермеді. Ол баршамызға азаматтық өнегесін көрсетіп кетті...». Ш.Есеновтің геологияның өзекті мәселелерін шешуде, іздестіру және барлау жұмыстарында, теориялық жинақтау мен болжаудың тиімді бағыттарын таңдаудағы ұйымдастырушылық қабілетін, ғалымдық болмысын, азаматтық тұлғасын ашуға көмектесетін қысқаша пікірлер ғалым болмысын, тұлғасын ашуға азда болса үлесін қосады деп ойлаймын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мухамбердиев М. Мұнайлы Маңғыстау. А., 2008. 12-63 бб.
2. Оразәліқызы Г. Шахмардан Есенов. А., 2011. 104-118 бб.
3. Дәулетұлы А. Мәуелі әулет. Қызылорда, 2007. 89-139 бб.
4. Маңғыстау энциклопедиясы. А., 2008. 57-63 бб, 66-73 бб, 277 б.

ӘОЖ 661.214.9

## «ТЕҢІЗ» КЕН ОРНЫНДА МҰНАЙ АЙЫРУ КЕЗІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАН КҮКІРТТІ ӨҢДЕУ

<sup>1</sup>Тауова Н.Р.

Ғылыми жетекші: <sup>1</sup>Кожамет К., <sup>2</sup>Есенаманова М.С.

<sup>1</sup>Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан

**Аңдатпа.** Бұл мақалада «Теңіз» кен орнында мұнай айыру кезінде пайда болған күкіртті өңдеу жолдары, қоршаған ортадағы күкіртті экологиялық бағалау және ТШО үшін атмосферадағы қалдықтарды төмендету шаралары қарастырылған.

Қазіргі таңдағы ең өзекті проблеманың бірі ол табиғат экологиясы, оның ластанып адам денсаулығын күрт нашарлату болып отыр. Айта кететін болсақ, қазіргі таңда кәсіпшілікте 16-ға жуық топтық өлшеу қондырғылары бар. Екіншісі, зауыттарда мұнайды, газды, суды және күкіртті дайындаудың технологиялық процесстері қарастырылған. Мұнда келген өнім алғашында зауытқа кірер алдындағы слаг-кэтчерлерден өтеді, яғни мұнда құбыр қысымы тураланып, өнім құрамындағы шламдар ұсталынады. Күкіртті газдың атмосфераға шығаруы салдарынан қоршаған ортаға теріс әсерді минималды деңгейге жеткізу үшін және жұмысты қауіпсіз жүргізу үшін жоғары қысымдағы күкіртсізденген газды тарату жүйесі қондырылған. «Теңіз» кен орнының ұңғы өнімін жинау мен дайындау жүйесі жыл қосқан сайын белгілі бір өзгерістерімен ерекшеленеді, бұның барлығы өндіріске жаңа технологиялардың ендіруімен және өндірістің ұлғаюымен түсіндіріледі. Ал өндіріс көлемінің ұлғаюы жаңа нысандардың, оның ішінде ұңғы өнімін дайындау мен жинаудың жаңа технологиялық жүйелерінің қалыптасуына әкеледі.

**Түйін сөздер:** күкіртті өңдеу, түйіршіктелген күкірт, мұнай, технологиялық процестер, коррозия, темірбетон.

«Теңіз» мұнай кен орнын игеріп, дамыту үшін жер телімі бөлінген. 2009 ж. 1 қарашаға дейін «Теңізшевройл» ЖШС-ң «Теңіз» кен орнындағы жер аумағы 52228,4352 га құрады. Күкіртті сақтау алаңдарының жалпы көлемі 79,1га. Күкірт бұл алаңға сұйықтық түрінде қосылады және картаға түсіріледі. Күкірттің блоктар айналасында төгілуін алдын-алу үшін үймелер орнатылады. Содан соң, күкірт суып, қатайғаннан кейін үймелер алынады және оны биікке көтереді, бұл күкіртті блок биіктігінің сатылы ұлғаюын қамтамасыз етеді. Сұйық күкірт алаңға толтырылады. Бұл сұйық күкірт насостармен алаңдарға күкіртті сақтайтын резервтерден тасымалданады. Күкірттің уақытынсыз суып, қатаюын алдын-алу үшін құбырлы желілер булы жылытқыш құралымен жабдықтанады.

90-жылдары әлемдік нарықтарда техникалық күкірт шығынсыздыққа ұшыраған, бұл жағдай оның бағасының кемуіне әкелген болатын. Ал бұл, өз кезегінде, Ресейде күкіртті техникалық күкіртті газ негізінде күкіртті бетон мен асфальт өндірістері үшін кең қолдану мүмкіндігіне әкелген. Мұндай тұтыныс құрылыс индустриясының шикізатты базасын арттыра алады, сонымен қатар бұйымдардың физикалық-механикалық қасиеттері мен номенклатурасын арттыра алады.

«Интер-S» ЖШС бірнеше жылдар бойы Ресейдің және жуырдағы елдердің бірқатар ғылыми ұйымдарын қатыстырып, Солтүстік Америкада (Канада, АҚШ) күкіртті бетонды пайдалану тәжірибесі есебімен ғылыми және сынақ жұмыстарын жүргізген еді.

Күкіртті бетон қарапайым бетоннан айырмашылығы мынада: ол агрессивті ортаның (қышқылды, тұзды) әсеріне өте төзімді келеді. Суыққа төзімділік, суды өткізбейтін және беріктілік қасиеттерімен ерекшеленеді. Күкіртті бетонмен теріс температуралы жағдайларда да жұмыс істеуіне болады.

Бетоннан өндірілетін өнімдер: темірлі бетонды свайлар, фундаментті блоктар, теміржол шпалдары, жол және тротуарлы плиталар, канализациялық құдықтар; монолитті фундаменттер; жол және алаң жабылғысы; гидротехникалық құрылғылар, соның ішінде жер асты қоймалары және т.б.

Модификацияланған күкіртті күкіртті асфальтты дайындаған кезде қолданылады, ол жол битумының 40 %-ына дейінгісін алмастырады. Сонымен қатар қарапайым асфальтпен салыстырғанда бұл қосылыс суыққа төзімділігімен, ыстыққа төзімділігімен сипатталады. Модификацияланған күкіртті тұтыну күкіртті асфальттың қызмет ету мерзімін арттырады, соған қоса аз сапасы бар битумдарды пайдалануға мүмкіндік береді [1]. Мұнай өнімдеріне жоғары баға және күкіртке төмен баға орнатылған кезінде, күкірттің тұтынылуы автокөлік құрылысы негізінде экономикалық тұрғыдан өте тиімді. Модификацияланған күкіртті қолданып, бетондар мен асфальттерді дайындау асфальтты-бетон зауытының технологиялық сызбасы бойынша жүзеге асырылады.

*Күкірт қалдықтардың тиімді түрлерге айналдырып реализацияға дайындау*

Күкіртті сақтау алаңдарының негізі үш қабаттан тұрады. Күкіртті құю алаңының негізін бетон құрайды. Картада қосымша ретінде геотекстиль мен полиэтилен материалдардан жасалынған қабаттары қарастырылады. Алаңның айналасында 4 м қашықтық жерлерінде биіктігі 1м бетонды блок орнатылған. Күкіртті құю алаңының бетонды негізінің қалыңдығы – 200мм. Жылдың құрғақ кезеңінде сарқынды сулар жер асты су деңгейі негізінде болады.

Грунттар қорғанысы үшін келесідей жұмыстар жүзеге асырылған:

- жоғары органикалық заттары бар грунттың жоғары қабаты жойылған;
- күкіртті құю алаңы орналасқан ауданнан бұрын енгізілген свайлар мен құрылғылар алынып тасталынған. Бұл алаң әртүрлі қалдықтардан тазартылған;
- алаң қажетті биіктікке дейін төселген. Төселінген материал ТШО 22150-SP-000-S-007 техникалық талаптарына сай таңдалынған;
- төселетін материал басқа да тәсілдер арқылы нығайтылады, соған қоса әр қабаттың максималды қалыңдығы 250мм. Мұндай процесс грунттың тығыздығының 95%-ын қамтамасыз етеді;
- топырақты төселім геоматамен жабылған, оның жоғары бетінде 5-10мм, 20-40мм және 0-5мм гравиялар орнатылған.

Грунтты суларға жер үсті суларының келіп ағылуын алдын-алу үшін полиэтиленнен жасалынған суды өткізбейтін қабатша орнатылған. Оның ені 7м. Сақтауға арналған алаң айналасында бетоннан жасалынған биіктігі 1м шектеулер орнатылады.

Бұл бетонның құрамында коррозия мен бұзылудан қорғайтын қосылыстар енген болатын. Құрылыс жұмыстарын орындаған кезде, фундаменттердің белгілі бір бөлігі битумның бірнеше қабаттармен сіңіріледі. Грунттық және жер асты суларын қорғау үшін геотекстиль мен полиэтиленнен жасалған қосылыстар қарастырылады.

Күкірт блоктарының айналасында 4 м қашықтықта биіктігі 1м темірбетонды құрылғы орнатылған еді. Мұнда алаңнан қышқылды сарқынды су ағады. Сонымен қатар, бұл құрылғы жауын-шашын немесе өрт суларының есептен тыс шамадағы көлемін көтеру үшін жеткілікті көлемді қамтамасыз етеді. Қатты нөсерлі жауын-шашын кезінде жиналған су автоцистерна құрылғысының көмегімен жойылады [2].

Сонымен қатар табиғат қорғау ісіне жеткілікті көңіл бөлінбей келгені облыстың экологиялық жағдайын жәйінің күрделі жағдайға ұшырауына соқтыртып отыр. Бұған облысымыздың мұнай өнеркәсібі мен барлау, бұрғылау, кең жүргізілуі, Каспий теңізі деңгейінің көтерілуі, мұнай құбырлары және бірнеше заводтардың, автокөлік орындарының, жылу жүйелеріне қажетті және табиғатта кеңінен таралған сары түсті шаң улы түтін, улы газдардың шамадан тыс бөлінуі үлкен әсер етуде. Осыдан ауаға бірнеше мың тонна күкіртті сутегі, күкіртті ангидрид, қосылып зияндандыруда. Сөйтіп атмосфераға, адам денсаулығына үлкен зиянын тигізеді.

Қазіргі таңдағы ең өзекті проблеманың бірі ол табиғат экологиясы, оның ластанып адам денсаулығын күрт нашарлату болып отыр. Қоршаған ортаға қауыпті заттардың қатарына улы заттар, ауыр металдар, нитраттар, нитриттер, пестицидтер т.б жатады. Кең таралған химиялық заттардың ішінде канцерогендер өте қауіптісі - бензопирен. Бұл заттар адам организміне ауаның құрамы, су азық түлік арқылы түседі. Мұндай улы заттар көбіне тыныс органдарын-өкпе мен қолқаның қызметін бұзады. Егер біз өкпе арқылы тәулігіне 200л ауа өткізсек онда ауаның құрылымындағы зиянды газдарды қоса қабылдайтынымыз белгілі. Соның ішінде ауаның ластануы оған шамадан тыс  $H_2S$  (күкірт сутегінің) бөлінуі өзекті проблеманың бірі. Осы проблеманы шешуге ауаға зиянды заттарды жібермеуге, соның ішінде улы газдар мен қалдықтарды жою әр бір тұрғынның күресуге тиісті ісі. Күкірт S, қатты кристалдық зат. Меншікті салмағы  $2,076 \cdot 10^{-3}$  суда ерімейтін элемент. Ол жануарлар ағзасында және өсімдік ұрамында, әсіресе ақ уызда бар. Күкірт суда ерімейтін, иісі мен дәмі жоқ сары түсті ұнтақ немесе өте нәзік кристаллды масса. Күкірт үшін бірнеше аллотропты модификациялар тән келеді. Олардың ең әйгілілері: кристаллды күкірт – ромбалық (күкірт, a-S) және моноклинді (призмалы күкірт, b-S); аморфты – коллоидті (күкіртті сүт) және пластикалық; кезеңаралық аморфты-кристаллды – сублимирленген (күкіртті түсті) (1- кесте).

Кесте 1 - Күкірттің бірнеше аллотропты модификациялар

Атом номері	16
Атом массасы	32,066
Изотоптар	-
Тұрақты	32, 33, 34, 36
Тұрақты емес	31, 35, 37
Еру температурасы, С	112,8 (а, ромбалы), 119,0 (b, моноклинді)
Қайнау температурасы, С	444,6
Тығыздығы, г/см <sup>3</sup>	2,06 (ромбалы), 1,957 (моноклинді)
Беріктігі (Моссон бойынша)	1,5 2,5
Жер қорындағы құрамы, %	0,052
Қышқылдану дәрежесі	-2, +2, +4, +6 (жиі -1, 0, +1, +3, +5)

*Табиғи битумдар өндіру технологиясы геологиялық құрылыммен және қабат тереңдігі жағдайымен, физико-химиялық қасиеттермен, көмірсутек шикізаты қорымен және жағдайымен, кеннің географиялық жағдайымен және басқалармен тығыз байланысты. Күкіртті органикалық қосылыстар құрамы олар жататын*

*ерітінділерде мұнай және мұнайлы дистилляттардың көмірсутекті құрамына қарағанда күрделі.*

Осы әдіспен табиғи битум кен орындарын шығару скважина сеткілерінің жоғары тығыздылығымен іске асырылады. Көмірсутек шикізатын өндіру қарқынын арттыру және битум қорын өндіруді толықтай қамтамасыз ету үшін қабатқа бумен жылыту ықпалы пайдаланылады. Мұндай жағдайда шығаруда термошахталық әдісті қолдану ауыр мұнай кені мен табиғи битумнан мұнай алуды жоғары деңгейге жеткізуге мүмкіндік береді. Қыздыру және битумның тұтқырлығын азайту үшін жылу қазаннан жердің бетінен ұңғыға беріледі. Жылу осы ұңғыдан жылу жіберетін айдамалау ұңғылар арқылы қабатқа түседі. Жылу мен су конденсаты мұнайды өндіру ұңғымаларына ығыстырады. Механикалық қоспалардан және судан алдын ала бөлінгеннен кейін мұнайды үстіңгі бетке тартып шығарады. Мұнайды ығыстыру үшін қабатқа ыстық су (пар) айдайды. Мұнай өндірудің термошахталық технологиясы арқылы жылына 500 мың тоннадан жоғары мұнай өндіріледі. Бұл технологияның жоғары тиімділігін жекелеген учаскелердегі мұнай беру мөлшерінің 55-60 пайызға жетуі дәлелдейді. Термошахталық технология кезінде мұнай шығару – кен орындарын бұрғылау тәсілімен жер бетінен шығарумен салыстырғанда 30 есе және жылы ауа ықпалынсыз табиғи режимде шахталық әдіспен салыстырғанда 10-15 есе жоғары болды. Ярег кен орнында термошахталық әдіспен мұнай өндірудің өзіндік құны жер бетінен ұңғыма арқылы жылы ауа ықпалымен өндіруден екі есе дерлік төмен. Мұнайды термошахталық технологиямен өндіру кезіндегі будың салыстырмалы шығыны 2,75 есе төмен, ал мұнай беру 1,5-1,6 есе жоғары. Күрделі аппаратуралық рәсімдеу және катализаторлардың тез белсенділігін жоюы аталған процестің негізгі кемшілігі болып табылады. ТМД елдерінде гидрокаталитикалық терең өңдеу үшін ауыр мұнай шикізатын дайындауда асфальтсіздендіру маңызды процесс болады. Мұнайдың ауыр бөліктеріндегі ванадий ассоциациясы асфальтенді компоненттер мен порфириндер арасындағы құрылымдық байланысты көрсетеді. Ванадийдің мұнайда – көбінесе жеңіл алынатын ванадилпорфирин түрінде және асфальтенде болатын ауыр алынатын екі түрде болатыны белгілі болды. Қазіргі таңда мұнайдан металдардың бөліну мүмкіндігін ескере отырып, барлық металды органикалық кешендерді шартты жағдайда үш классқа бөлді: [3].


1. металпорфиринді;
2. күкірттің жеңіл ыдырайтын және бромсутекті қышқылды қоспаларымен порфиринді емес типтегі қосылыстары;
3. аталған қышқылдар қоспаларымен ыдырамайтын порфиринді емес сипаттағы қосылыстар.

#### *Қоршаған ортадағы күкіртті экологиялық бағалау*

Атмосфераның бұзылуына байланысты экологиялық проблемалар да кездесетінін білдігін жасырмауға болады. Айталық мұнай өндіру көлемі 13,5 млн тонна құраса содан ауа атмосферасына 68,2 мың тонна зиянды заттар бөлініп шығып отыр. Облысымызда күннен күнге мұнай өндіру компаниялары көбейіп келеді. Ал олардың қалдық шығындарын төмендегі 1- суреттен көруге болады.


Жалпы, «Теңізшевройл» кәсіпорны өндіретін шикі мұнай мен ілеспе газ құрамында күкіртті газ бар, оның 13 пайызы көмірсутегінен, басқа да күкіртті қоспалардан тұрады. ТШО жүйесінде күкіртті газ өндірілетін шикі мұнайдан айырылып, содан соң алынған газдан көмірсутек ажыратылады. Осылайша, түпкі өнім – мұнай, табиғи және сұйытылған газ дайын болады. Сөйтіп, бұл өнімдер сауда және экологиялық талаптарға сай келеді. Ал, шикі мұнайдан алынып тасталған көмірсутегі технологиялық қондырғыға жіберіліп, ол жерде ауамен, жылумен және катализаторлармен реакцияға түседі, осының

нәтижесінде сұйық күкірт түзіледі. Теңіз кенішін 1993 жылдан бері игеріп жатырған Теңізшевройл кәсіпорыны жер бетіне 8 миллионға жуық күкірт жинақтап оны ашық алаңға блок күйінде сақтап отыр.



Сурет 1 - Қалдық шығындары

Ал жалпы күкірттің мұнай өнімімен бірге шығу мөлшерін 2020 жыл мен 2021 салыстырсақ 2020 жылы 650 мың тонна сұйық күкірт бөлінсе ал 2015 жылы 800мың тонна бөлінген, 2020 жылы 800мың тонна ұсақ күкірт бөлінсе 2021 жылы 130 мың тонна бөлініп шыққан. Сонымен қатар 2020 жылы қиыршықты күкірт 500 мың тонна қабықшақты 100мың тонна; 2021 жылы қиыршықты 500 мың тонна қабыршақты 900 мың тонна бөлінген. Бұл ең үлкен көрсеткіш және өте үлкен көлемде мұнай қалдықтарының еш пайдасыз қалып қоюы олардың атмосфераға әкелер зияны негізгі проблемалардың бірі болып табылады. Оны төмендегі диаграммадан көруге болады (2-сурет).



Сурет 2-Күкірттің қалдық ретінде шығарылу көлемі



Сонымен қатар таза күкіртті ашық алаңға сақтауға болады оның еш зияны жоқ, оларды қатты блок күйінде сақтаған қолайлы деп сақтауда. Себебі күкірт сутек:

- 1) ауа мен реакцияға түспейді,
- 2)  $115^{\circ}\text{C}$  ериді
- 3) су мен реакцияға түспейді,
- 4) қатты күкіртке қар да төтеп бере алмайды. [6].

Күкірт пен оттегі булары араласып кетсе жарылыс болады. Күкірттің тотықтануы үшін әсіресе жаз мезгілі өте қолайлы; күкірт бетінің жатуы, оттегі мен еркін араласу мүмкіндігі, ультра күлгін сәуленің түсуі бар. Бұл біздің ауамызға әкелер үлкен зардаптардың бірі болса, қоршаған орта өндірістік қалдықтар мен автокөліктердің түтіндерінен ластанған ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы төмендеп, сол арқылы адамдардың денсаулығы зардап шегуде. Күкірт блоктарының айналасында 4м қашықтықта биіктігі 1м темірбетонды құрылғы орнатылған еді. Мұнда алаңнан қышқылды сарқынды су ағады. Күкірттің қалдық ретінде шығарылу көлемі 2-суреттен көрсетілген. [7].

Бұл құрылғы жауын-шашын немесе өрт суларының есептен тыс шамадағы көлемін көтеру үшін жеткілікті көлемді қамтамасыз етеді. Қатты нөсерлі жауын-шашын кезінде жиналған су автоцистерна құрылғысының көмегімен жойылады. Әсіресе минералды тыңайтқыштар мен зиянкестерге қарсы қолданылатын пестицидтер жеміс-жидек арқылы адам организмне нитрат ретінде түзеді. Соңғы жылдары адамдардың азық –түлік құрамында бояғыш заттардан улануы жиі байқалуда. Ал ауыр металдардан зардап шегуі дүние жүзілік проблема деңгейінде қалып отыр. Атмосфераның бұзылуына байланысты экологиялық проблемалар да кездесетіндігін жасырмауға болады. Айталық мұнай өндіру көлемі 13,5 млн тонна құраса содан ауа атмосферасына 68,2 мың тонна зиянды заттар бөлініп шығып отыр. Атырау облысының Жылыой ауданындағы Теңіз кен орнында түйіршіктелген күкірт өндіретін зауыт жұмыс істей бастады.

Теңіз кен орнында күкірт өңдеу зауыты 2021 жылдың маусым айынан бастап іске қосылды. Жаңа зауыт объектілерде өндірілетін барлық сұйық күкіртті қайта өңдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ТШО мәлімдегендей, бұл өз кезегінде экологиялық қауіпсіздікті арттырып, өндірістік тәуекелдерді азайтады. Сондай-ақ, ай сайынғы өндірістік қуаты 40 мың тонна күкіртті құрайтын жаңа зауыт басқа қондырғылар жұмыс істемей тұрған кезде өндірістің қажетті деңгейін сақтауға мүмкіндік береді. ТШО күкіртін басқару жоспары аясында, сондай-ақ жергілікті компаниялардың мүмкіндіктерін дамыту мақсатында біздің команда күкіртті қайта өңдеу қуатын кеңейткен жобаны іске асырды. ТШО түйіршіктелген күкіртті Африка, Еуропа, Қытай және басқа елдердің нарықтарына экспорттайды.



3) отрасли экономики, связанные с заготовкой, переработкой, хранением, транспортировкой и сбытом сельскохозяйственной продукции с доведением ее до конечного потребителя. В эту группу отраслей можно включить пищевую, мясную, молочную, рыбную, спиртовую, пивоваренную, сахарную, кондитерскую, парфюмерно-косметическую, ликеро-водочную, винодельческую, плодоовощную, чайную, табачно-махорочную, мукомольно-крупяную, комбикормовую и другие отрасли промышленности, а также легкую промышленность, связанную с переработкой сельскохозяйственного сырья, торговлю сельскохозяйственными товарами и объекты общепита [6].

В структуре агропромышленного комплекса формируются также отрасли, которые не имеют непосредственного участия в создании сельскохозяйственного продукта, но обслуживают сферу АПК, обеспечивая условия воспроизводства в нем, и являются необходимыми для ее нормального функционирования. Это отрасли социальной, сервисной, научной, производственной, информационной и другой инфраструктуры. Инфраструктуру АПК можно подразделить на производственную и социальную. К производственной инфраструктуре можно отнести те отрасли, которые обслуживают агропромышленное производство: транспорт и связь, материально-техническое обслуживание, центры защиты растений и т.д. А социальная инфраструктура охватывает те объекты социальной сферы, услуги которых направлены на повышение уровня жизни населения. Это организации жилищно-коммунального хозяйства, учреждения здравоохранения и образования, спортивно-оздоровительные организации, организации бытового обслуживания и общественного питания и т.д.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Послание Главы государства Нурсултана Назарбаева народу Казахстана от 17 января 2014 года: «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» [http://www.akorda.kz/ru/events/astana\\_kazakhstan/astana\\_other\\_events/poslanie-glavy-gosudarstva-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazahstana-1](http://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/astana_other_events/poslanie-glavy-gosudarstva-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazahstana-1)

2. Указ Президента Республики Казахстан от 1 февраля 2010 года № 922 «О Стратегическом плане развития Республики Казахстан до 2020 года» и дальнейшего совершенствования системы государственного управления в Республике Казахстан Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан Әділет [http://adilet.zan.kz/rus/docs/U100000922\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/U100000922_)

3. Программа по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2013 - 2020 годы «Агробизнес - 2020» <http://www.government.kz/ru/programmy/2246-proekt-razvitiya-eksportnogo-potentsiala-myasa-krupnogo-rogatogo-skota.html>.

4. Программа по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан "Агробизнес - 2017"// <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1300000151>

5. Конырбеков М.Ж. Приоритеты развития животноводства // Материалы Студенческой научно-практической конференции школы «Право и государственного управления». «G-Global student-2016». – Алматы, 2016. – С. 199-201.

6. Кяримова У.К. Развитие малого предпринимательства в Казахстане // Научные труды ДонНТУ. Серия: экономическая. – 2014. – №4. – С. 30-34.

ӘОЖ 378

## КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК КІЛТІ – БІЛІМДЕ

Өтебалиева Қ.Е.

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан*

**Аңдатпа.** Елдің болашағы жастардың қолында дегенді бүгін ғана айтып отырған жоқпыз. Ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың өзі «Мен жастарға сенемін» деп жырлады емес пе. «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу» деген тәлімді тәмсілді ұстанып, ұлт болашағын жарқын қыламын деп ұмтылған ұшқыр ойлы жастардың талабын ұштауға асығатын қасиет қанымызда бұрыннан бар.

**Түйін сөздер:** реформа, құндылық, кәсіпкерлік, ұлттық, экономика, әлеуметтік.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Ал күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген қағидасы бүгін де маңызын жойған жоқ. Сондықтан білім беру саласына артылар жауапкершілік өте зор.

Кез келген мемлекеттің тірегі, келешегі – жастар. Қазіргі таңда бала тәрбиесі, ұрпақ тәрбиесі біз үшін өте маңызды. Өйткені еліміздің әрі қарай дамуы, өркендеуі болашақ жастардың қолында [1]. Бұл жөнінде Жаңа Жолдауында Мемлекет басшысы атап айтты. Өйткені мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісінде және экономиканы цифрландыру заманында бізге кәсіби білікті, озық ойлы және бәсекеге қабілетті мамандар аса қажет. Біздің басты мақсатымыз – жастарға сапалы білім беру, білікті ғылыми кадрларды даярлау, мемлекет дамуына қызмет ететін білікті мамандарды тәрбиелеу.

Мемлекет басшысы Қасым -Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады. Жолдаудың негізгі бөлігін еліміздің әлеуметтік -экономикалық дамуына арнады [1].

Еліміздің басты құндылығы – адам. Сондықтан, ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты екені айқын. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды. Мемлекет басшысы - Ата заңымызда жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі деген басты қағидатты бекітті. Әрбір отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көруі керек. Сондықтан, кезекті жолдауында жарияланған [2]. Балалар жылының аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты мүлде жаңа бағдарламаны жүзеге асыру өте маңызды деп санаймын. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басуына мүмкіндік береді. Қор, шын мәнінде, ұлттық мәртебеге ие болып, халқымыздың игілігіне қызмет етеді. Атаулы әлеуметтік көмектің бірыңғай жүйесін құру азаматтардың әл-ауқатын жақсарту ісіндегі маңызды қадамның бірі болмақ. Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек.

Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету қоғам үшін әділетті болуына ықпал етеді. Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек. Білім беру жүйесі маңызды мәселе. Бұл, ұлт сапасын жақсарту ісінде маңызды рөл атқарады [2].

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы халықтың көкейінде көптен жүрген мүдделерімен дөп түсті. Жарияланған бағыт-бағдарлар мен мақсатты істерден біз



«Әділетті Қазақстан» қағидатын көріп отырмыз. Жұрттың осы уақытқа дейін айтып келген өтініш-тілектері ескерілді.

Үкіметтің және тұтастай алғанда бүкіл мемлекеттің алдына нақты міндеттер қойды. Еліміздің барлық саласына назар аударылғанын атап өткен жөн. Бірінші кезекте Президент халықтың әл-ауқатын арттыру мәселелерін атап өтті. Әйелдер үшін зейнеткерлік жасты 2028 жылға дейін 61 жасқа дейін азайту, бала күтімі бойынша төлемдердің ұзақтығын 1,5 жасқа дейін арттыру және балаларға ұлттық қор ашу туралы ұсыныстар – біздің болашағымызға салынған тікелей инвестиция. Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызы балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударылады. Келешек ұрпақтың дамуы үшін бұл тамаша мүмкіндік болғалы тұр [3]/ Мемлекет басшысының Жолдауда жас ұрпаққа ерекше назар аударғанын атап өтті. «Елімізде бүгінде 70 мыңнан астам мемлекеттік білім гранты бөлінеді. Дамыған еуропалық мемлекеттердің көбінде мұндай жеңілдік жоқ. Бұл сіздерге беріліп отырған зор мүмкіндік. Себебі білімді, білікті азаматтардың өмірде өз орнын таба алуы – мемлекет үшін аса маңызды. Шамамен, Қазақстанның әрбір үшінші тұрғыны – жас азамат. Сондықтан, Әділетті Қазақстанды құру ісінде әрқайсысыңыздың қосқан үлесіңіз маңызды», деп атап өтті Мәжіліс депутаты.

Жолдауда жастар арасындағы жұмыссыздықпен күрес шаралары, атап айтқанда кәсіпкерлікті көтермелеу арқылы жас ұрпаққа қолдау көрсету мәселесі айрықша айтылғанына назар аударды. «Президент жастарға 2,5%-бен жеңілдетілген несие берілетінін мәлімдеді. Бұл бастама қоғамда қызу талқылануда. Алдағы уақытта Қазақстандағы шағын бизнес жастардың тың бастамалары арқылы жаңа деңгейге көтерілетініне сенімдімін. Осылайша, мемлекет жастарға айрықша назар аударып қана қоймай, еңбексүйгіштік пен кәсіби шеберлікті көтермелеп отыр. Ал онсыз табысты кәсіп құру мүмкін емес», деді ол. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауындағы ең маңызды ұсыныстардың бірі – «Ұлттық қор – балаларға» жаңа бағдарламасы. Президент балалардың арнайы жинақтаушы шоттарына Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын мерзімінен бұрын алу құқығынсыз, 18 жасқа толғанға дейін аударуды ұсынды. Кәмелетке толғаннан кейін жинақталған сома тұрғын үй сатып алуға, білім алуға мүмкіндік береді. Президенттің пікірінше, бұл қаражат өскелең ұрпаққа ересек өмірге нақты жолдама береді. Ұлттық байлықтан түскен пайданы өскелең ұрпақ үшін кәдеге жарату – қазақ қоғамының көптен бері айтып келе жатқан ұсыныстарының бірегейі еді [1].

Жолдаумен таныса отырып, ел жастары мен болашақ ұрпақ үшін жүзеге асатын игілікті іс-шаралардың осымен тәмам болмайтынына назар аудардым. Соның бір айғағы Президенттің білім, ғылым, жастар тәрбиесіне басымдық беруі. Мысалы, келесі жылы 100 мың жас жұмыспен қамтылады және оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыздан аспайтын шағын несие беріледі. Бұл бастамалар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал ететіні сөзсіз. Жолдауда мектеп және бала бақша мәселесі де Президент назарынан тыс қалмады. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы да халық көңілінен шықты деп батыл айтуға негіз бар [1].

Референдумда қабылданған конституциялық реформалардың нәтижесінде Ата Заңға сәйкес жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі болады. Сөйтіп, Мемлекет басшысы отыз жылдан бері айтылып, бірақ орындалмай жүрген осы түйткілдің түйінін шешті. Атамекеннің қасиетті жеріне енді ешкім заңсыз қол сұқпайды деп сенгіміз келеді.

Жолдауда Президент сондай-ақ, бүкіл зейнетақы жүйесін қайта қарау қажеттігіне баса назар аударды. Осылайша, зейнетақының ең төменгі базалық мөлшерлемесі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызына дейін, ал ең жоғары мөлшерлемесі 120 пайызға дейін жеткізілетіні айтылды. Халықтың қамын ойлау, оларға қамқорлық таныту, сапалы білім беру, медициналық қызметтерді жақсарту, жастар мен педагогтерді қолдау сияқты

мәселелер – мемлекеттің басты назарында болуға тиіс. Сонымен бірге Жолдаудың маңызды ұстанымы – елдің тұрмысын, әлеуметтік жағдайын жаңа кезең талаптарына сай бейімдеу, елдің тұрмыс сапасын көтеру, азаматтық қоғамның белсенділігін арттыру. Осының барлығы ел игілігін жаңа сатыға көтеру үшін аса қажет. Жолдау еліміздің саяси өмірін жандандырып, экономикалық-әлеуметтік дамуына тың серпін беретін үлкен жаңалықтарға толы болды. Ең бастысы, халықтың әлеуметтік жағдайы әрдайым мемлекеттің басты назарында қала бермек. Жолдауда айтылған жайттардың түпкі мақсаты – жұрттың тұрмысын жақсарту, әл-ауқатын арттыру. Саяси экономикалық реформалардың, игі бастамалардың бәрі осыған бағытталған.

Сонымен қатар Жолдауда саяси саланы әрі қарай дамыту мәселелері де қамтылды. Мемлекет басшысы кезектен тыс Президент сайлауы және Парламент мәжілісі мен мәслихаттар сайлауы туралы жариялады. Алдағы кезеңдегі электоралды циклдің мерзімін ашық жариялау жаңа саяси мәдениеттің көрінісі екені сөзсіз. Мұндай қадам қоғам мен билік арасындағы сенімді күшейте түседі. Жаңару, жаңғыру табалдырығында тұрған Қазақстанның гүлденуі – баршамыздың бақуатты тірлігіміз. Ендеше, Президент айтқандай, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» отырып, жарқын болашақ үшін жұмыла күресейік.

Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы ел көңіліне қонымды әрі жағымды жаңалықтарға толы болды. Соның ішіндегі ең ерекше реформаларының бірі – Ұлттық қордан өскелең ұрпаққа кәмелет жасына толғанға дейін бөлінетін қаржылық үлесі жайында. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөзді болашақ жастардың қолында екенін, оларға жасаған тәрбиелік және қаржылық инвестицияның бекерге кетпейтінін ата-бабамыз біліп айтса керек. Олай болса, бүгінгі жаңа реформа – оның жарқын дәлелі іспеттес. Балаларға жағдай жасау, оларға көмек қолын созу, қолдау – үлкендердің міндеті, парызы. Жастайынан қолдау көріп өскен баланың «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың» дегендей, болашақта еліне жанашыр, қамқор болатыны сөзсіз. Бұл реформа – Жаңа Қазақстанды құрудағы алғышарттардың бірі. Ел Президентінің бұл көрегенділігі қолдауға тұрарлық, құптарлық іс. Мұндай істерде Жаңа Қазақстандағы жұрт жағдайын жақсартатын жақсы реформалардың орындалуы мен жүзеге асуы қадағалануға тиіс. Әділетті Қазақстанды қалыптастыру балаларға жағдай жасау мүмкіндіктерін заңдық тұрғыдан негіздеумен де ерекшеленсе деген ұсынысымыз бар. Ендеше осындай игі істерге ұйытқы болып отырған Президентіміздің жаңа бастамаларын қолдай отырып, әрі қарай да жаңа реформалар күтетінімізді айтқымыз келеді [4].

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мамандарына хабарласқанымызда, Президент айтқан жеңілдетілген тәртіппен берілетін шағын несиенің шарты мен ережесі әлі дайын еместігін жеткізді. Дейтұрғанмен, алдағы уақытта оның да тәртібі мен талаптары ақпарат көздерінен көріне бастайды. Сол кезде жоғарыда айтылған бақылау мәселесі, қолжетімділік сияқты тетіктер назарға алынса дейміз. Жеке кәсіпке ынта-жігерін жұмсап, уақытын бөліп жүрген жастар қолдаудан қалыс қалмай, тиісті қаражатты тиімді пайдаланса, елге де, экономикаға да үлес қосары сөзсіз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз.
2. Қазақстан Республикасының Президент жолдауы 2022 жылы 1 қыркүйек
3. Қазақстан Республикасының Президент туралы заң 1995 жылғы 26 желтоқсан
4. "EGEMEN QAZAQSTAN" «egemen.kz» желілік басылымы

УДК 347 (574)

## СОВРЕМЕННОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ АДРЕСНОЙ СОЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ В КАЗАХСТАНЕ

**Петросьянц Т.В.**

*Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова,  
г. Актау, Казахстан*

**Аннотация.** Адресная социальная помощь как особый вид государственной социальной помощи имеет научный и практический интерес, особенно в контексте осмысления отечественного и зарубежного опыта. Такой интерес обусловлен, с одной стороны, масштабностью и интенсивностью произошедших за последнее время изменений правового регулирования социальной помощи малоимущим гражданам, с другой — острой необходимостью усиления борьбы с бедностью.

**Ключевые слова:** адресная социальная помощь, среднедушевой доход.

Одной из важнейших задач Казахстана как социального государства является обеспечение социальной защищенности и повышения уровня жизни граждан, в особенности тех слоев населения, которые в силу возраста, состояния здоровья или других жизненных обстоятельств не в состоянии сами обеспечить себе достойное существование и нуждаются в поддержке государства. Основными принципами социальной помощи являются ее правовая законодательная основа, информирование граждан о возможности ее получения, финансовая система социальной помощи, т.е. финансирование указанной помощи из средств соответствующих бюджетов. К числу основных принципов следует относить также принцип адресности, который в современных условиях приобретает особенное значение.

Цель принципа адресности состоит не в идее охватить всех и каждого системой мер социального обеспечения, а напротив, не допустить, исключить возможность включения в категорию нуждающихся лиц тех, кто в действительности не нуждается и в состоянии иметь собственный источник средств к существованию. Иначе эту же мысль можно сформулировать таким образом: принцип адресности предотвращает превращение социального обеспечения в такое негативное явление, как социальное иждивение [1].

Уровень жизни людей — понятие не отвеченное. Для государства он выражается в конкретных цифрах. Те граждане или семьи, которые по разным причинам оказались за чертой бедности, получают адресную социальную помощь (АСП).

Что такое АСП в Казахстане? Это государственная помощь лицам или семьям, у которых среднедушевой доход в месяц ниже черты бедности. В Казахстане эти пособия выплачиваются на основании Закона «О государственной адресной социальной помощи». Имеют право на АСП граждане РК, кандасы, беженцы, иностранцы и лица без гражданства, постоянно проживающие в стране.

АСП всегда рассчитывают индивидуально, при этом берут во внимание такие показатели, как:

1. Совокупный доход семьи. В нем учитывают все виды доходов членов семьи (зарплата, алименты, доходы от аренды имущества, личного хозяйства и другие средства, которые получает семья). Для определения АСП, как правило учитывают доходы за квартал, который предшествовал тому, когда обратились за помощью. Однако в совокупный доход не входит жилищная и адресная помощь, средства поддержки, полученные в рамках социального контракта.

2. Среднедушевой доход семьи. Это часть совокупного дохода, которая приходится на каждого ее члена в месяц. Исчисляется он путем деления совокупного дохода за квартал на количество членов семьи и на 3. [2]

Начисление АСП опирается на такие государственные показатели, как прожиточный минимум и черта бедности:

-прожиточный минимум (ПМ), который необходим для удовлетворения минимальных потребностей человека, определяет бюджет страны на текущий год. Это базовый показатель для расчета социальных выплат, в том числе и АСП. В бюджете РК на 2022 принят прожиточный минимум в размере 36 018 тенге (ст. 9, п. 5).

-черта бедности — предельная минимальная величина денежного дохода, которая необходима человеку. Условно ее определяют как 70% от ПМ, но точные цифры в областях, городах республиканского значения, в столице устанавливают ежеквартально.

Если среднедушевой доход семьи ниже установленной в регионе черты, то она может рассчитывать на адресную социальную помощь государства. Законом определены два вида АСП — безусловная и обусловленная.

Безусловная АСП оказывается:

-одиноким или одиноко проживающим людям с ограниченными возможностями (пенсионерам, инвалидам 1 и 2 группы, а также людям, долго остающимся нетрудоспособными из-за болезни).

-семьям, в которых нет трудоспособных лиц, или есть один, но он вынужден ухаживать за кем-то из семьи.

Обусловленную АСП назначают трудоспособным лицам, оказавшимся без работы, в таких случаях:

1.Одиноким или одиноко проживающим.

2.Малообеспеченным семьям, в которых есть один или несколько трудоспособных членов, оказавшихся без источников дохода. В том числе это могут быть плательщики единого совокупного платежа, предусмотренного Налоговым кодексом РК.

Обязательное условие оказания АСП таким гражданам — их активное участие в мерах содействия занятости, то есть в поисках работы, получении новой специальности, открытии собственного дела. Для этого предварительно между безработным и центром занятости заключается социальный контракт, в котором эти меры оговаривают. Хотя некоторые лица из числа трудоспособных освобождаются от заключения контракта (например, ухаживающие за теми членами семьи, которые не могут обойтись без посторонней помощи).

Малообеспеченные граждане или семьи могут самостоятельно определить свой совокупный и среднедушевой доход, сравнить его с прожиточным минимумом в стране и чертой бедности в регионе.

Если семейные показатели ниже, чем принятые в государстве, можно рассчитывать на АСП. Если расчеты показывают, что семья имеет право на АСП, подайте заявку на назначение адресной помощи в государственные учреждения в установленном порядке и ждите ее одобрения. Пособие назначают на квартал. Следует знать, что право на АСП придется подтверждать ежеквартально.

Рассчитать среднедушевой доход несложно, зная семейный бюджет. К примеру в семье из 5 человек работают двое и получают зарплату 30 000 тенге и 40 000 тенге. За квартал общий доход составит  $(30\,000 + 40\,000) \times 3 = 210\,000$ . Его надо разделить на количество членов семьи и на три:  $210\,000 : 5 : 3 = 14\,000$ . Это и будет доход на одного члена семьи в месяц.

Как пишут на официальном сайте МТСЗН РК, сравнить все показатели и определить, есть ли право на АСП, можно с помощью доступного онлайн-калькулятора.

Как подать заявку на АСП? Заявку на АСП подают в центр занятости по месту жительства, а там, где его нет, — в акимат населенного пункта. Для этого необходимо предъявить документ, удостоверяющий личность, и написать заявление установленного образца. Для выделения АСП на семью достаточно заявления от одного из ее членов.

Все документы, необходимые для назначения АСП, собирает центр занятости через информационные системы государственных органов. Он получает их копии в электронном виде. На сайте Egov.kz можно ознакомиться с перечнем документов для назначения помощи при разных жизненных ситуациях. Вот некоторые бумаги, которые нужны для оформления АСП:

- подтверждающие статус заявителя и членов семьи;
- об установлении инвалидности; о рождении детей, усыновлении, установлении опеки;
- о регистрации или расторжении брака, алиментах или задолженности по их выплате;
- о доходах, наличии подсобного хозяйства, собственного жилья и помещений, транспортных средств.

Законом установлен такой порядок назначения АСП:

Заявление регистрируют по месту подачи, в течение 1 рабочего дня оно передается уполномоченной участковой комиссии. Комиссия рассматривает заявление до 7 дней и выносит заключение.

Заключение и пакет документов передают в центр занятости. Здесь с заявителем и членами семьи проводят собеседование, чтобы определить основания для выделения помощи. При необходимости центр занятости и претендент на АСП заключают социальный контракт [3].

Проект решения, принятого в центре занятости, и социальный контракт передают в уполномоченный орган для назначения выплат. Там в течение 3 дней принимают решение о назначении АСП или об отказе в ней.

Заказать услугу назначения АСП можно на сайте электронного правительства Egov.kz. Следуя инструкции, авторизуйтесь на сайте, заполните заявку, подпишите ее ЭЦП, укажите номер счета в банке, открытый на заявителя.

АСП назначают в пределах сумм, предусмотренных на это соответствующим бюджетом. Размер ее зависит от разницы между среднедушевым доходом и чертой бедности, установленной в регионе, и рассчитывается на каждого члена семьи.

Денежную помощь назначают на квартал с месяца обращения, выплачивают ежемесячно. Обусловленная АСП тоже назначается на текущий квартал и может выплачиваться ежемесячно или единовременно, если это оговорено в социальном контракте (средства на развитие личного подсобного хозяйства или организацию индивидуального предпринимательства).

Если трудоспособный получатель АСП не выполняет условия социального контракта, вся семья теряет право на получение такой помощи. Получатель АСП обязан в течение 10 дней информировать центр занятости об изменении обстоятельств в семье (изменение ее состава, совокупного дохода и других факторов).

АСП — это помощь государства своим гражданам, оказавшимся на какое-то время в затруднительном материальном положении. Кому ее оказывают, как оформляют, предусмотрено нормативными документами. Своевременная поддержка помогает преодолеть возникшие трудности и обеспечить минимально необходимый уровень жизни казахстанцам.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Адресная социальная помощь: теория, практика, эксперимент / под. ред. Н.М. Ри-машевской. М.: ИСПН РАН, 2019. 256 с.
2. <https://www.nur.kz/nurfin/pension/1983378-posobiya-kakogo-razmera-posle-ih-povysheniya-poluchili-kazahstantsy/>
3. Дубенко О.С. Социальный контракт как новый вид социальной помощи // Кадровик. 2016. № 10. С. 53-59.

ӘОЖ 330.1

## ҚАЗАҚСТАНДА ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Салкынбаева Ф.Д.

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан*

**Аңдатпа.** Ғылыми мақалада, әлеуметтік қорғаудың қазіргі жүйесі толық ынтымақтастық иеленудің қағидасы мен мемлекеттік қатысудың жоғарғы деңгейі мен төмен құлшыныстармен сипатталады.

Толық ынтымақтастықтың қағида негізінде мүгедектерді, жұмыссыздарды асыраушысынан айрылғандарды жасының ұлғаюына байланысты адамдарды әлеуметтік қамтамасыз ету ұйымдастырылған.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік қорғау, әлеуметтік мемлекет, әлеуметтік жүйе, шетелдік азаматтар, әлеуметтік бағдарламалар.

Әлеуметтік қорғау жүйесінің сандық көрсеткіштері белгілі бір дәрежеде экономикалық даму деңгейіне, ал екі жақтық өзара келісімге келу деңгейі, мемлекеттік институттық қатысуы және қалыптастыру деңгейі таңдалған әлеуметтік-экономикалық моделге байланысты.

Бірдей дәрежеде дамып келе жатқан елдерде тарихи, мәдени, саяси және басқа да факторлар тұрғысынан әлеуметтік қорғау жүйесін ұйымдастыруда екі жақтық өзара келісімге келу деңгейлері мен мемлекеттік институттардың қатысу деңгейі әр түрлі дәрежеде болады.

Әлеуметтік қорғауға ие болу құқығын алу жарнаға емес, қауіпті жағдайдың туындау уақытына байланысты болған кезде, екі жақтық толықтай ынтымақтастығы жарна мен төлеме арасындағы байланысты болдырмауы мүмкін, қаржылық қысымды барлық салықтөлеушілер көтереді, ал әлеуметтік көмек алуға барлық азаматтра құқылы. Мұндай жүйеде пайданы бөлу механизмі және бірден-бір қаржы көзі мемлекеттік бюджет, ал үйлестіруші мемлекет болады [1].

Толықтай ынтымақтастық қағидасына негізделген жүйелер барлық азаматтарға бірдей, төмен деңгейдегі әлеуметтік көмек көрсетеді.

Ынтымақтастық шектеулі болған жағдайда төлем алу құқығы адамның енгізген жарнасына байланысты. Әдетте, мұндай жүйе жұмысшылар мен жұмыс берушілердің салымы есебінен қаржыландырылады, жарна көлеміне байланысты төлем ақы алу құқығына салым салған азаматтар ғана ие болады (немесе жұмыс берушісі олар үшін ақша бөлсе). Әдетте, мұндай жүйелер белгілі бір әлеуметтік топтарға қосымша көмек береді. Мысалы, жұмысшыларына немесе нақты бір еңбек ұжымына.

Сонымен қатар, әрбір азамат жеке алымдардан алынатын, сондай-ақ әлеуметтік қауіп төнгенде төленетін төлемдермен байланысты жүйеде ынтымақтастық көрінбейді.

Әлеуметтік қорғаудың қазіргі жүйесі толық ынтымақтастық иеленудің қағидасы мен мемлекеттік қатысудың жоғарғы деңгейі мен төмен құлшыныстармен сипатталады.

Толық ынтымақтастықтың қағида негізінде мүгедектерді, жұмыссыздарды асыраушысынан айрылғандарды жасының ұлғаюына байланысты адамдарды әлеуметтік қамтамасыз ету ұйымдастырылған. Барлық Қазақстан Республикасының азаматтары шетелдіктер мен азаматтығы жоқтар мен Қазақстан Республикасының территориясында тұрақты тұрып жатырғандар әлеуметтік қауіп жағдай туындағанда жұмыс істеу мүмкіндігіне және жарнаға қарамастан, барлығына бірдей мемлекеттік төлемдер

беріледі, заңмен және халықаралық келісімшартта қарастырылмаса ғана жүзеге аспайды. Сондай-ақ экономикалық нормативтердің жоқтығынан төлемақылардың арақатынасы жойылады. Нәтижесінде көрсетілетін әлеуметтік көмекке қарағанда жұмысқа жарамды бөлігі төмен көмекақы жүйеге қатысы жоқ азаматтарға алады.

Республикамызда ынтымақтастықты шектейтін және жұмыс жасаушылардың қосымша қорғанысын қамтамасыз ететін жүйе жоқтың қасы.

Ынтымақтастығы зейнетақы жүйесі – қарттық кезеңдегі қамтамасыз ететін жалғыз түрі, ол жүйеге қатысты белгілі бір құлшыныстары бар қатысушылардың негізінде құрылған.

Заңмен белгіленгендей, сондай-ақ қажетті таратуды қажет етпейтін факторға байланысты әлеуметтік қауіп төнген жағдайда ерікті қамсыздандыру қарастырылған [2].

Әлеуметтік мемлекеттің басты тұжырымдамасының негізі - өте ертеде пайда болған әлеуметтік саясатқа келіп тіреледі. Ертеде көптеген билеушілер, мысалы, Рим цезарлары жағдайы өте төмен адамдарға нан тарату мен ойын-сауықтар ұйымдастыру арқылы қамқорлық жасаған. XIX ғасырдың екінші жартысында «әлеуметтік мемлекет» ұғымын алғаш рет ұсынған неміс ғалымы Лоренц Фон Штайнер болды. Ол «әлеуметтік мемлекет өз азаматтарын экономикалық және қоғамдық дамуға дағдыландырып, үйретуге міндетті, себебі, бірінің дамуы – екіншісінің дамуына шарт болуы қажет, әлеуметтік мемлекеттің негізгі мәні де осы болып табылады» деп көрсеткен.

1930 жылы неміс ғалымы Герман Геллер әлеуметтік-саяси әдебиетке әлеуметтік құқықтық мемлекет ұғымын ендірді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бірқатар Батыс Еуропалық мемлекеттердің Конституциясында әлеуметтік мемлекет формуласы жазылған еді. XX ғасырдың 60 жылдары шамасында алғашқы әлеуметтік мемлекеттер, мысалы, Францияда, Германияда, Швейцарияда және Англияда, т.б. елдерде құрыла бастады. Олардың негізгі өмір сүру шарты – қоғамдағы жағдайы нашар топты қолдау үшін халықтық табыстың белгілі бір бөлігін бөле алатын экономикалық дамудың ең жоғарғы деңгейі болып табылады [3].

Әлеуметтік мемлекеттің мәнін терең түсіну үшін оның белгілерін ажырата білу қажет. Бірінші белгісіне - әлеуметтік саясатты жүзеге асырудағы құқықтық табиғаты, мемлекеттің әлеуметтік процестерді бақылау және бағыттау міндеті жатады, екінші - әлеуметтік сақтандыру жүйесінің жасақталуын айтуға болады, үшінші – бюджеттік-әлеуметтік төлемдер, төртінші - әлеуметтік қамсыздандыруды, жұмыспен және мемлекеттік қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйенің болуы саяды, бесінші – қоғамның әрбір мүшесіне мемлекеттің әлеуметтік қолдау көрсетуіне жатады, алтыншы - өз азаматтарының әл-ауқатының жоғары деңгейі үшін, жауапкершілігін арттырумен сабақтасқан.

Әлеуметтік мемлекеттің пайда болуы – құқықтық мемлекет құру принциптерінің рөлін төмендеткен (әлсіреткен) жоқ.

Әлеуметтік мемлекеттің мәні мен мақсаты – қоғамдағы бейбітшілік пен татулық үшін жағдай жасау, әлеуметтік серіктестік институттарын дамыту, еңбекшілерге әділетті де лайықты еңбекақы төлеу құқығына және қауіп-қатерден қорғауға кепілдеме беру. Осындай мемлекетті құрудың міндетті шарты – саяси және экономикалық билік бөлісі болып табылады.

Соған қарамастан, белгілі сипаттамасы бар әлеуметтік мемлекет туралы ереже Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілуге тиіс, ол өкімет билігіндегі және қарапайым азаматтардың өз міндеттерін есіне салатындай болуы керек. Ол мемлекеттің негізгі функциясы мұқият қарастыруды қажет ететін маңызды мәселе болып табылады. Әлеуметтік мемлекеттің пайда болуы мен қалыптасу тарихын саралап талдау, әлеуметтік қамсыздандыру функциясының кезек күттірмейтін проблема екендігін дәлелдеді. Ол – мемлекеттің алғаш заңдастырылған міндеттері болғандықтан және әлеуметтік сапаға



жетуге жасаған қадамы болғандықтан, қоғам және тұлға қатынастарының өзгеруінің бастамасы болды. Сондай-ақ, әлеуметтік қамсыздандыру өндірістегі материалдық игілік – жасына, жынысына, денсаулық, т.б. жағдайына қарамастан қоғамның барлық мүшесіне тиісті болуы керек. Әлеуметтік қамсыздандыруды қалыптастыру кезеңі құқықтың негіздің пайда болуы мен әлеуметтік процестерді құқықтық реттеу функциясын мемлекеттің өз міндетіне алуымен тікелей байланысты.

Одан әрі бұл функция әлеуметтік бағдарламаны бюджеттік қаржыландыру арқылы және әлеуметтік қамсыздандырудың мемлекеттік құрылымын құру барысында жүзеге асырылады. Осындай мемлекеттің басқа да атрибуттары - әлеуметтік сақтандыру, әл-ауқат деңгейі үшін мемлекеттің жауапкершілігі, әлеуметтік қолдау мүмкіндігін алуы - әлдеқайда кейінірек.

Әлеуметтік мемлекеттің екінші функциясы – білім және денсаулық сақтау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету. Бұл екі функция тек әлеуметтік мемлекетке ғана тән еместігін айта кеткен жөн. Адамдардың физикалық және экономикалық өмірінің маңызды алғы шарттары болғандықтан олар кез келген мемлекеттің типіне қарамастан жүзеге асырылады.

Әлеуметтік мемлекеттің үшінші функциясы - әлеуметтік қорғау. Оның пайда болуы, ең алдымен, азаматтардың әл-ауқатының деңгейіне мемлекет жауапкершілігінің қалыптасуына байланысты еді. Әлеуметтік мемлекеттің төртінші функциясы - әлеуметтік теңсіздікті бәсеңдету. Оны жүзеге асыру – барлық адамдардың бірдей әлеуметтік қолдау табу атрибутының пайда болғанынан бастап мүмкін болды. Әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік қамтамасыз етудің ертеректе қалыптасқан механизмі мен жалпыға бірдей әлеуметтік қолдау принциптерін жүзеге асыру – теңсіздікті толығымен жоюға мүмкіндік береді [2].

Әлеуметтік мемлекеттің бесінші функциясы – еңбекпен қамтамасыз ету. Германияда Веймар Республикасы кезінде мемлекеттік функция ретінде пайда болған және Ф. Рузвельттің «Жаңа курс» саясатында маңызды рөл атқарған бұл функция тек қана екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, шын мәнінде, мемлекеттің ажырамас қызмет бөлігіне айналған.

Қорытындылай келе, өркендеген елдердегі әлеуметтік мемлекеттің құрылуы мемлекеттік құрылыстағы жаңа қадам деп тұжырымдауымызға болады. Әлеуметтік мемлекет жоғарыда айтқанымыздай - өз азаматтарының өмір сүруіне лайықты жағдаймен қамтамасыз етуге, әлеуметтік жағдайының қорғалуына, материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға, өндірісті басқаруға, қоғам мен мемлекет іске араластыруға ұмтылатын мемлекет. Бұл мәселе – жағдайы нашар қамтамасыз етілген топтың пайдасына ұлттық табыстың қайта бөлудің көмегімен, халықты жұмыспен қамтамасыз ету, еңбекті қорғау, білім алу, денсаулық сақтауды, бүкіл қоғамның мәдениетін, т.б. дамыту саясатын жүргізуді жүзеге асыру барысында кол жетіп, орындалады. Әлеуметтік мемлекет қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік және т.б. теңсіздіктерді бәсеңдетуге, жуып-шаюға бар күш-жігерін жұмсайды.

Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

- әлеуметтік көмек көрсетудің атаулы сипатын күшейту;
- аз қамтылған халықтың еңбекке қабілетті бөлігінің кедейшілігін белсенді еңсерудің нақты тетіктерін пайдалану.

Лайықты еңбек мүмкіндіктерін кеңейту, икемді еңбек нарығын арттыру мақсатында:

- өңірлік орталықтарда өндірісті оңтайлы орналастыру, салалардың кластерлік дамуы, экономиканың шикізаттық емес секторын дамыту негізінде жұмыс орындарын құруды;

- кәсіби оқыту жұмыс берушілердің персоналды ішкі өндірістік оқытуды, кадрларды кәсіби даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыруда қатысуын ынталандыру арқылы жұмыс күшінің кәсіби-біліктілік деңгейін арттыруды;

- жұмыссыздардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша тиімді әлеуметтік қолдау көрсетуді көздейтін жүйелі шаралар қабылданатын болады

Жастардың кәсіби білім алуына, жеке кәсіп ашуына, жастарды шағын және орта бизнес саласына тартуға арналған кредит беру және гранттар бөлу бағдарламасын іске асыру арқылы оларды жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізу жөнінде шаралар қабылданатын болады [3].

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін міндеттердің болғандығы орынды. Дегенмен де дамып келе жетқан Қазақстан алдында әлеуметтік қорғау жүйесінде орын алған мәселелер жеткілікті:

Қазіргі кезде экономикалық табиғи ресурстарға байланысты. Бұл әлемдік сұраныстың құбылмалығына бағынышты. Мұнай саласына байланысты жұмыссыздықтың өсуіне, яғни отандық жұмысшыларға сұраныстың болмауы, бұл өз деңгейінде кедейліктің азаюына алып келмейді.

Адамдық капиталға инвестициялық құралдардың жетіспеуі. Денсаулықты сақтау, білім беру және әлеуметтік активті адамдар жаңа глобалды экономикада бәсекеге қабілетті бола алмайды.

Демографиялық тенденция елеміздегі ең маңызды мәселелердің бірі халықтың санын көбейту ең басты мақсат болып табылады.

Қазақстанда кедейліктен зардап шегіп отырған бұл-экологиялық аспектілерді басқару болып табылады, экологиялық қасіреттер (Арал теңізі, Семей ж.т.б) бұл денсаулықты сақтауда ішкі көші-қон мәселесі және аймақтық теңсіздіктің өсуіне алып келеді.

Соңғы жылдары тұрақты экономикалық өсім болған жағдайда да ЖІӨ әлеуметтік салаға шығындардың үлесін қысқартып отыр. Әлеуметтік саланы «2030 және 2010» стратегияға байланысты бюджетті дамытуға бағытталуы керек. Денсаулықты сақтау және білім беруде қажетті инвестиция тартуды басқару ресурстарды сонымен бірге халықтың кедей топтарының азаюы орын алуы керек.

Халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған топтары Үкімет тарапынан ерекше назар аударуды талап етеді. Егер өз уақытында шара қолданбаса, ұзақ мерзімді кедейлікті азайта алмайды.

Әлемдік дағдарыстың шарпуына қарамай, еліміздің қарқынды дамуы өткен жылы сыр берген жоқ. Қай салада да өсіп - өркендеу айқын байқалады. Әр жыл сайынғы халыққа Жолдауында әлеуметтің әлеуетін арттыру жөніндегі Президенттің нақты тапсырмалары жоғарыдағыдай шешімін тауып, халықтың тұрмыс-тіршілігін, күнкөріс қарекетін жақсартуға септігін тигізіп келеді. Осыған байланысты жасалып жатқан іс-шаралар оң шешімін табады деп айтуға болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә. Назарбаев «Жаңа онжылдық-Жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» -Елбасының Қазақстан халқына жолдауы.-Астана, Ақорда.2010ж
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. - Алматы: 20-21 б \
3. Кажыкен. М Некоторые аспекты планирования социальной политики в контексте устойчивого развития// Труд в Казахстане, Алматы, 2019-35-38

ӘОЖ 331.5.024.52

**МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДАҒЫ  
ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР - ЖАСТАР САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ  
ТЕХНОЛОГИЯСЫ РЕТІНДЕ**

**Сейтова К. Ғ.**

**Ғылыми жетекші: Бекбергенова Ж.Т.**

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан*

**Андатпа.** Жастар саясатын іске асырудағы әлеуметтік бағдарламалар- әлеуметтік субъектілердің мүдделерін үйлестіру, ресурстарды шоғырландыру, жастар саласында басқарушылық шешімдерді дайындаудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету функцияларын орындайды. Жастарды қолдау және әлеуметтік қорғау идеясы, «технологияландыру» түсінігі, әлеуметтік технологиялар өндіріске негізделетін жалпы қағидаларды қоғамға кіріктіру, практикалық қолдану, мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың оны жаңғырту саясаты қарастырылды.

**Түйін сөздер:** жастар саясаты, технологияландыру, NEET тұжырымдамасы, жұмыспен қамту, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар.

«Жастар саясаты» өткен ғасырдың 50 - 60 жылдары қоғамдық - саяси және ғылыми әдебиеттерде ұғым ретінде пайда болды. Оның пайда болуы жастардың Тәуелсіз әлеуметтік күш ретінде қалыптасуымен және оның әлеуметтік - саяси кеңістіктегі өзін - өзі анықтауымен байланысты.

Қазіргі уақытта жастарды қолдау және әлеуметтік қорғау идеясынан елдің әлеуметтік - экономикалық дамуына олардың үлесін арттыру мақсатында елдің жас азаматтарының әлеуметтік - экономикалық, қоғамдық - саяси және әлеуметтік - мәдени қатынастарға интеграциялану дәрежесін арттыру үшін жағдай жасау идеясына тұжырымдамалық көшу қажет. Қазіргі Қазақстанда жастардың рөлі артып келеді. Сондықтан жастарды қоғамдық қызметке тарту мақсатында мемлекеттің жас ұрпаққа әсер ету қажеттілігі туралы айтуға болады.

Әрине, жастар саясаты - бұл, ең алдымен, басқарушылық шешімдерді қабылдау және іске асыру үрдісінің логикасын анықтайтын стратегиялық мақсаттар. Ол әр түрлі деңгейдегі басқару органдарының жұмысындағы әлеуметтік-саяси басымдықтардың орналасуын және азаматтық қоғам құрылымдары қызметінің негізгі бағыттарын анықтайды.

Бірақ сонымен бірге басқарудың ұйымдастырушылық тетіктерін таңдауға назар аудару керек, әсіресе XX – XXI ғасырдың аяғынан бастап бірқатар зерттеушілер басқару әлеуметтануының дамуымен байланысты басқару әдіснамасын өзгерту қажеттілігін көтереді [1].

Жастар саясатын жүзеге асырудың негізгі бөлігі қойылған міндеттерге сәйкес жоспарланған іс - шаралардың орындалуын қамтамасыз ететін құралдар, әдістер мен ресурстардың жиынтығын қамтитын оны іске асырудың оңтайлы тетігін қалыптастыру болып табылады.

Жастар саясатын іске асыруда кеңінен қолданылатын құралдардың ішінде мемлекеттік бағдарламалардың бір түрі ретінде әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру бар. Олар жастар саласы үшін маңызды сипаттағы белгілі бір міндеттерді шешуді және ресурстардың тиісті шоғырлануын қамтамасыз етеді, әлеуметтік үрдістерге мақсатты және жүйелі түрде әсер етуге мүмкіндік береді.

Егер біз жастар саясатында мемлекеттік бағдарламалар құру практикасына жүгінетін болсақ, онда аймақтық деңгейде жастар саясатында әлеуметтік бағдарламалауды кешенді қолданудың басталуы 2007-2016 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясатының стратегиясын құру деп санауға болады, онда әлеуметтік бағдарламалар іске асырудың негізгі тетігі болып табылады. Сондай-ақ алдағы уақытта ҚР-ның 2017-2020 жылдарға арналған жастар саясаты бағдарламасын әзірлеу практикасы еліміздің өңірлеріне таралды және қазіргі уақытта жеке тұлғаға бағытталған, сондай-ақ проблемалық бағдарланған бағдарламалар кеңінен қолданылады.

Жастар саясатын жүзеге асыру шеңберінде жастардың әлеуметтік даму үрдісін жетілдіруге және оның рухани-адамгершілік сипаттамаларын жақсартуға, жастардың қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін барлық мүдделі тараптардың күш-жігерін үйлестіру мен шоғырландырудың неғұрлым тиімді тетіктерін енгізу орынды болады.

Барлық мүдделі тараптардың күш - жігерін үйлестіру мен шоғырландырудың тиімділігіне жастар саясатын іске асыру технологиясы ретінде әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу арқылы қол жеткізуге болады. Басқарушылық әсердің ұйымдастырушылық формалары мен әдістерін ресімдеу «әлеуметтік даму мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған қызметті оңтайландыру үшін басқаруда қолданылатын әлеуметтік технология ретінде әрекет ететін» әлеуметтік бағдарламалар аясында жүзеге асырылады.

Бағдарламалар пәні - бұл әлеуметтік әрекеттер, ал мазмұны – бұл әрекеттерді рационализациялау, оларды ұйымдастыру, үйлестіру, реттеу. Әлеуметтік бағдарламалар белгілі бір әлеуметтік мәселелерді шешу үшін алдағы әрекеттердің алгоритмдерін шығарады.

Жастар саясатын іске асыру кезінде әлеуметтік бағдарламалар әлеуметтік субъектілердің мүдделерін үйлестіру және қызметін үйлестіру, ресурстарды шоғырландыру, жастар саласында басқарушылық шешімдерді дайындау мен қабылдауды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету функцияларын орындайды. Әлеуметтік бағдарламалауды әлеуметтік басқаруды технологияландырумен бірге қарастырған жөн.

«Технологияландыру» түсінігін нақтылау Л.Я. Дятченко мен В. П. Бабинцевтің анықтамасында ұсынылған, оның пікірінше, әлеуметтік үрдістерді технологияландыру «әлеуметтік технологияларды мақсатты және жүйелі жобалау және енгізу» болып табылады.

Әр түрлі деңгейдегі басқару жүйелері үшін технологиялық тәсіл мен «технология» терминін қолдану өткен ғасырдың 60 – жылдарында ғылыми және сараптамалық қауымдастықтар мен ғылыми практиктердің қысымымен пайда болған құбылыс. Олардың қызметінің арқасында қоғамда әлеуметтік болжауды, жобалауды және бағдарламалауды дамыту мен іске асыру нақты белгіленген алгоритмдер мен процедуралардың реттілігімен барлық инженерлік заңдарға сәйкес жүргізілуі керек екендігіне назар аударатын жеткілікті қуатты көзқарас қалыптасты.

Жастар саясатын жүзеге асыру үрдісін технологияландыру үшін әлеуметтік бағдарламалауды қолдану оны нақтылауды қажет етеді, оны Ж. Т.Тощенко, В. Н. Минина және басқа зерттеушілердің еңбектерінен табуға болады. Сонымен, Ж. Т. Тощенко әлеуметтік бағдарламалауды «өзіне тән нақты мақсатты, бағдарламалық - мақсатты және проблемалық-мақсатты құралдар мен әдістер арқылы қоғамның әлеуметтік ұйымының барлық деңгейлеріндегі пісіп жетілген (өзекті) мәселелерді жоспарлы шешудің мақсатты, ғылыми негізделген үрдісі» деп анықтайды.

Бұл анықтама әлеуметтік бағдарламалардың проблемалық бағдарлануының маңыздылығын атап көрсетеді, бұл оларды әлеуметтік жобалаудан ерекшелендіреді, ол болжамды әлеуметтік объектінің, құбылыстың немесе үрдістің прототипін құру

үрдістеріне, сондай-ақ кез-келген ұйымның, құрылымның, қоғамдастықтың әлеуметтік дамуының барлық элементтерін мақсатты реттеуді көздейтін әлеуметтік жоспарлауға назар аударады.

Сонымен қатар, басқару технологиясы - бұл басқару әдістері мен үрдістерінің жиынтығы, сонымен қатар басқару іс-әрекетінің әдістерінің ғылыми сипаттамасы, оның ішінде басқару субъектісінің жалпы және нақты мақсаттарына жету үшін басқару шешімдерін қалыптастыру. Сонымен қатар, «басқару технологиясына» жақын «әлеуметтік технология» ұғымы екенін ескеріңіз, ал бұл ұғымдар жиі синонимді түрде қолданылады.

В. В. Щербина «Әлеуметтік технологиялар» ұғымын анықтауға көптеген тәсілдердің болуын, сондай-ақ осы терминді біріздендірудің мүмкін еместігін атап өтті, оның себебі «мазмұны, әсер ету объектісі, функциялары, қасиеттері, міндеттері және қолдану салалары бойынша» айырмашылықтар болып табылады [2].

Жалпы жағдайда, әлеуметтік технология әдістер мен тәсілдерді көбейтуге, оларды бірнеше рет қайталауға, сондай-ақ ұқсас жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді. Технологияларды пайдалану - басқару шығындарын азайтуға, басқарушылық әсердің тиімділігін және оның қоғамдық жүйелер өміріндегі рөлін арттыруға мүмкіндік беретін негізгі ресурс. Өйткені, менеджменттегі кез – келген технологияның мәні мен мақсаты басқару үрдісін оңтайландыру, одан нәтиже алу үшін қажет емес барлық қызмет түрлері мен операцияларды алып тастау болып табылады.

Әлеуметтік технологиялар өндіріс негізделетін жалпы қағидаларды қоғамға жалғастыру және практикалық қолдану ретінде түсініледі. Л. Я. Дятченко: «әлеуметтік технологиялардың материалдық өндіріс саласындағы технологиялардан түбегейлі айырмашылығы жоқ, өйткені кез-келген әлеуметтік үрдісті технологияландыру мүмкіндігі адам қызметінің құрылымында және адамның табиғатында жатыр», - деп баса айтады. Осылайша, бұл анықтама әртүрлі басқару объектілеріне қатысты әлеуметтік технологияларды қолдануды біріктіреді. Соңғысы, В. В. Щербинаның пікірінше, белгілі бір нәтижелерге әсер ететін келесі нысандар бола алады:

1) көбеюдің әлеуметтік үрдістері мен әлеуметтік қатынастары, мұндай әсерлердің нәтижесі бастапқыда берілген әлеуметтік нұсқауларға сәйкес олардың өзгеруі болып табылады;

2) адамдар немесе әлеуметтік топтар, ал нәтижесі өзгеріс болып табылады, оларға берілген бағыттағы мінез-құлқын өзгерту;

3) адамның іс-әрекеті, ал әлеуметтік технологияларды қолдану нәтижесі тиімділіктің белгілі бір деңгейін қамтамасыз ету немесе осы қызметті оңтайландыру болып табылады.

Бірақ кез - келген жағдайда, мұндай әсердің орталығында үнемі өзгеріп отыратын, уақыт пен кеңістіктегі әртүрлі оқиғалар мен құбылыстарды тудыратын қатынастар бар.

Осылайша, әлеуметтік бағдарламаның әлеуметтік технология ретінде әсер ету объектісі реляциялық желінің конфигурациясы болып табылады.

Қазіргі заманғы қазақстандық қоғам - бұл дамудың инновациялық сценарийін іске асыруға бағдарланған серпінді өзгертін қоғам. Болып жатқан үрдістер жастар белсенділігінің көрінісімен және оның әлеуетін қоғам мүддесі үшін іске асырумен байланысты мәселелерге көбірек көңіл бөледі.

Мемлекеттің инновациялық қызметіне өзінің мәдени және жеке қасиеттерімен ерекшеленетін барлық жастарды тарту жастар саясатының басым міндеті болуы керек. Бұл мәселені шешу белгілі бір басқарушылық тұжырымдаманы немесе жастар саласындағы басқарудың ғылыми және ұйымдастырушылық негіздерін қажет етеді. Әлеуметтік менеджмент ғылым ретінде «жалпы заңдылықтарды, қай салаға жататынына

қарамастан әлеуметтік әсер ету принциптерін, сондай-ақ әлеуметтік басқару жүйесін құрудың заңдылықтары мен принциптерін» зерттейді [3].

Қазақстан Республикасының жастар саясаты саласындағы заңнама жүйесінде Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде де, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының өңірлік ұйымы шеңберінде де жастардың құқықтарын қорғайтын халықаралық құқық нормалары маңызды орын алды.

Бүгінгі таңда жастар ортасындағы үрдістерді басқарудың институционалды моделі қалыптасқан. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жанында Жастар және отбасы істері жөніндегі Комитет жұмыс істейді, оған кең өкілеттіктер берілген, оның ішінде: жастар саясатының стратегиясын әзірлеу, оны жоспарлау, нормативтік қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік жастар саясаты саласындағы қызметін үйлестіру және басқалар.

Жастар саясатын басқарудың 3 деңгейін атап өткен жөн:

- Республикалық - Қазақстан Республикасы АҚДМ ЖДСМ; Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңес; Республикалық жастар ұйымдары;

- облыстық Нұр-сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында және 14 облыста жастар саясатын үйлестіру саласындағы уәкілетті басқармалар; жастар ресурстық орталықтары, өңірлік жастар ұйымдары;

- аудандық-аудандық ішкі саясат бөлімдері, қалалар мен аудандардың жастар ресурстық орталықтары, ауылдық жерлердегі жастармен жұмыс жөніндегі нұсқаушылар, жастар ұйымдары.

Төмендегі кестеде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жастар саясатын іске асыру жөніндегі функциялары берілген (кесте 1).

Кесте 1- Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жастар саясатын іске асыру жөніндегі функциялары

Институт	Қызмет бағыты
Орталық мемлекеттік органдар	Салалық қызметке сәйкес жастар саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру; Жастар саласында мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларды әзірлеу; Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру
Жергілікті атқарушы органдар	- Өңірде жастар саясатын іске асыруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру; - Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру және қорғау, жұмыспен қамту, этносаралық және конфессияаралық келісім, патриоттық тәрбие, Мемлекеттік рәміздерді насихаттау, тіл, ақпараттық, мәдени, гендерлік және отбасылық-демографиялық салаларда, жастар саясатын жаңғырту саласындағы мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мәселелері бойынша өңірдің жергілікті атқарушы органдарының қызметін ақпараттық-идеологиялық сүйемелдеу.


Бұдан басқа, институционалды құрылымға әкімдіктер жанындағы консультативтік-кеңесші органдар, Консультативтік-кеңесші органдар кіреді [4].

Бүгінгі таңда 2015 жылғы Заң мен 2020 жылға дейінгі тұжырымдама елімізде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бойынша басым құжаттар болып табылады. Елдегі жастар саясатын айқындайтын алғашқы ресми құжат қабылданғалы бері өзгерістердің белгілі бір серпіні байқалуда. Жастар саясатының қалыптасу жылдарында жастар және отбасы істері жөніндегі Комитет құрылды, ол еліміздегі жастар саясатының іске асырылуына тікелей жетекшілік етеді, тұрақты негізде жастар арасында әлеуметтік зерттеулер мен жастарға және жастар саясатының іске асырылуына жан-жақты талдау жүргізіледі.

Сондай-ақ ресми статистикалық деректер негізінде жастардың даму серпінін, жастар ортасында туындайтын проблемаларды және жастардың осал санаттарын айқындауға мүмкіндік беретін басқа да көрсеткіштерді анықтауға болады.

Мысалы, Қазақстанда NEET тұжырымдамасы енгізілді. Термин NEET - (ағылш. «Not in Education, Employment, or Training») - оқымайтын, жұмыс істемейтін және өз біліктілігін арттырмайтын, заңнамада белгіленген жастағы жастар. Жыл сайын сандық және сапалық деректерді талдау нәтижелері «Қазақстан жастары» Ұлттық баяндамасында көрсетіледі, оның негізінде ұсынымдар әзірленеді. Жастар саясаты саласы дамуының оң серпініне қарамастан, оны іске асыруда формалды тәсіл байқалады, онда жастардың өзі жастар саясатын қалыптастыруда шешім қабылдай алатын субъект емес, объект ретінде әрекет етеді.

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының әлеуметтік зерттеуіне сәйкес, жастардың мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға қызығушылығы өте төмен. Жастарға сауалнама ретінде сұрақ қойылды: «Қазақстанда мемлекеттік жастар саясаты қалай дамып жатыр?». Сауалнама нәтижелері елдегі жастар саясатына жастардың тек 9,5% -ы белсенді қызығушылық танытатынын көрсетті. Әрбір үшінші жастар осы пәнге қызығушылық танытады (32,1%). Респонденттердің көпшілігі мемлекеттік жастар саясатының қалай дамитынына қызығушылық танытпайды (46,2%) [5] (сурет-1).



Сурет 1 - Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатының дамуы [6]

Бұл ретте, сұралған жастардың жартысы мемлекеттің жастарды қолдау мәселелеріне көңіл бөлу дәрежесін жеткілікті деп бағалап, өз ұстанымын мемлекет жастардың дамуы үшін барлық жағдай жасайтындығымен 51,8% түсіндірді. Алайда, мемлекет жастарды қолдау мәселелеріне назар аударып отырған көңіл жеткіліксіз деп санайтындардың үлесі де айтарлықтай – 29,5%. Жас азаматтардың тағы 14,3%-ы мемлекет жастарға ештеңе жасамайды деп санайды. Жастар саясатындағы маңызды міндеттерді тиімді коммуникативтік алаң болып табылатын жастар жобалары мен бағдарламалары орындайды.

Біріншіден, жобаларды іске асыру процесінде жастардың бір-бірімен белсенді ынтымақтастығы жүреді, екіншіден, жастар мемлекеттік құрылымдармен бірлесіп өткір мәселелерді шешуге белсенді қатысады.

Алайда, жастарды қолдауға бағытталған бағдарламалардың мониторинг пен талдаудың нақты тетіктері жоқ, сондай – ақ бағдарламалар мен жобаларды іске асырудың ұзақ мерзімін ескере отырып, жастардың осы бағдарламалар мен жобалардың бар екендігі туралы хабардар болу дәрежесін төмен деп санауға болады.

Жалпы, Қазақстандағы жастар саясатының даму кезеңдерін және жастарды қолдауға бағытталған шараларды қарастыра отырып, бұл үрдіс айтарлықтай оң. Алайда, бұл жастардың қол жетімділігінде, ақпараттандыруында және белсенді қатысуында белгілі бір проблемалар бар екенін жоққа шығармайды. Бұл көбінесе елдегі мемлекеттік жастар саясатының форматын түсінуге және іске асырудың енгізілген тетіктеріне байланысты. Мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың қазіргі кезеңінде оны жаңғырту жөніндегі күш-жігерді жалғастыру шұғыл қажеттілік болып табылады, өйткені жастар саясатын қалыптастыруға, іске асыруға, демек, қоғамдық үрдістерге жастардың рөлі мен қатысуын арттыру жастардың әлеуетін арттыру мен дамытудың кепілгерлерінің бірі болып табылады.

Жастарды жұмыспен қамту және кәсіптік әлеуетін іске асыру мәселелері мемлекеттік жастар саясатының түйінді бағыттары саналады.

Жастар көбінесе жұмысқа тұру мәселесіне саналы түрде қарайды. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, 43,9% қазіргі кезде жұмысқа тұрып кету адамның кәсібилігіне байланысты екенін мойындайды. Жастар маман өзінің кәсіби қызметінің нәтижелеріне жауапты болуы 53,4% және жұмыстың практикалық дағдыларын меңгеруі тиіс 45,3% екенін түсінеді. Сауалнамаға қатысқан жастардың 52,8% үшін тұрақты жұмыс істеу сенімділік пен даму мүмкіндігінің шарты саналады. Жастар арасында табысқа жету түсінігі мансап сатысымен жылдам ілгерілеу мен лайық табыс табуды білдіреді. Басшы мәртебесі сөзсіз жетістік көрсеткіші саналады. Екінші жағынан, жастар бір сәттік жайлылыққа ұмтылады, бұл экономикадағы мінез-құлыққа да әсер етеді. Уақытша даяшы немесе бармен болып жұмыс істеу қалалық студенттер үшін қалыпты жағдайға айналған. Өзін-өзі қамтамасыз ету және тәуелсіздікке ұмтылу материалдық мәселелерді өз бетінше шешу әрекеттерінен көрінеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. План мероприятий по реализации Концепции государственной молодежной политики до 2020 года «Казахстан 2020: путь в будущее» (первый этап – 2013–2015 годы) – Правительства Республики Казахстан от 17 июня 2013 года № 603.

2. Закон РК от 9 февраля 2015 года № 285-V «О государственной молодежной политике» (с изменениями по состоянию на 07.07.2020 г.).

3. «Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің статистикасы» ұлттық жинағы / «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ – Нұр-Сұлтан, 2021.

4. Абулова М.С., Гаврилова Ю.А. Правовое обеспечение молодежной политики Республики Казахстан // Вестник Казахстанско-Американского свободного Университета, №3, 2005 г. – <http://www.vestnik-kafu.info/journal/3/>

5. Молодежь Казахстана. Статистический сборник. 2015-2019 гг. – Нур-Султан, 2020. – 127 с. Доступно на: <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>

6. «МОЛОДЕЖЬ КАЗАХСТАНА». Аналитический доклад по результатам социологического исследования / НИЦ «Молодежь» – Нур-Султан, 2019. – С 142.



ӘОЖ 441.4

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Тулаева Е.

Ғылыми жетекші: Әбжами А.

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан*

**Андатпа.** «Коррупция» термині латын тілінің «corruptere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы.

**Түйін сөздер:** коррупция, сыбайлас жемқорлық, пара.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді.

Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын қалыптастыру мақсатында университетте тұрақты түрде «Таза сессия» штабы жұмыс істейді. Штаб қызметінің негізгі идеясы жастармен кездесулер өткізу және оларға жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлық туралы ұғымды түсіндіру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша шараларды жетілдіру, студенттер арасында заңдылық пен жемқорлыққа қарсы тәртіп орнату, сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қарсы әрекет ете білуге тәрбиелеу. «Коррупция» термині латын тілінің «corruptere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес [1].

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: бұл – «...жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктерді заңсыз алу және мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктерін мүліктік пайда табу үшін жеке басына пайдалануы, сондай-ақ аталмыш тұлғаларға жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайшы түрде пара ұсыну жолымен сатып алуы».

БҰҰ-ның құжаттарында қолданылатын жемқорлық терминінің халықаралық-саяси анықтамасы мынадай деп берілген: сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану.

Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады [2].

Пара дегеніміз не? Бұл лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы. Бұл жағдайда көрсетілген ақша мен игіліктерді әрдайым парақордың жеке өзі

алмайды, оларды көбіне оның жақын адамдарына немесе жасанды жалған ұйымдарға ұсынады. Пара деп саналатын нәрселер:

Бұл әлеуметтік қауіпті құбылыспен күресудің өзектілігі бірқатар жағдайларға негізделген:

- сыбайлас жемқорлық азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндіктерінің шындап бұзылуына әсер етеді;
- сыбайлас жемқорлық қылмыстың субъектілері әдетте жоғары қоғамдық жағдайда болады;
- әбден жетілдірілген зияткерлік тәсілдермен айналысу; бұл құбылыс әртүрлі жағдайларға үздіксіз өзгере және жетілдіріле отырып бейімделеді;
- осы іс-әрекет келтіретін үлкен материалдық және моральдық шығын;
- сыбайлас жемқорлық тек жасырын сипатта ғана емес, сонымен қоса келісімді түрде жасалады, қағида бойынша ол өз артынан шағым тудырмайды, өйткені кінәлі тараптар заңсыз жасалған мәміледен өзара тиімді пайдаға ие болады;
- сыбайлас жемқорлық әрекеттер әдетте кәсіби емес адамның тексеріп қарауына қиын соғатын күрделі өзіндік және құпия мемлекеттік қызмет түрлерінде жасалады;
- сыбайлас жемқорлық мемлекеттік аппаратқа деген шынайы сенімді жойдырады, оның беделін түсіреді;
- шын мәнісінде, заңмен қорғалатын барлық қоғамдық қатынастар сыбайласқан лауазымды тұлғалардың қылмыстық әрекеттерінің объектісі бола алады [3].

Осыған байланысты 2014 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді.

Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа кез-келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» төзімділік таныту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Стратегиямен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мынадай:

- мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар қолдану;
  - қоғамдық бақылау институттарын енгізу [4].
- Сыбайластық жемқорлықпен күрес мыналардың негізінде жүзеге асырылады:
- заң мен сот алдында бәрі тепе-тең;
  - мемлекеттік органдар қызметін нақты құқықтық реттеумен (регламенттеумен) қамтамасыз ету, аталмыш қызметтің заңдылығы мен жариялылығы, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылау жасау;
  - жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, ұйымдастыру-басқару жүйелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдылығы;
  - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылармен күресуге жәрдемдескен азаматтардың жеке қауіпсіздігін және оларды ынталандыруды қамтамасыз ету;
  - мемлекеттің мемлекеттік қызметті орындауға уәкілетті және оған теңестірілген тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауы, аталмыш тұлғалар мен олардың отбасыларының лайықты өмір сүрулері үшін бұл тұлғаларға еңбекақы (ақшалай қолдау) мен жеңілдіктер тағайындау;
  - жеке және заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметтерін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын тұлғалардың өкілеттіктерін делегирлеуді болдырмау, сондай-ақ оларға бақылау мен қадағалау жүргізу [5].

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы» заңы  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>
2. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңы  
<https://almatycontrol.gov.kz/?p=493&lang=kk>
3. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет көрсету түрлері туралы» заңы  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000986>
4. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000986>
5. «НұрОтан» партиясының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы  
[https://www.inform.kz/kz/nur-otan-partiyasynyn-sybaylas-zhemkorlykka-karsy-is-kimyldyn-2015-2025-zhyldarga-arnalghan-bagdarlamasy\\_a2716185](https://www.inform.kz/kz/nur-otan-partiyasynyn-sybaylas-zhemkorlykka-karsy-is-kimyldyn-2015-2025-zhyldarga-arnalghan-bagdarlamasy_a2716185)
6. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі агенттігінің жаңа идеологиясы туралы» (Астана, 2014ж).

ӘОЖ 34(075.8)

**ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫ  
РЕТТЕЙТІН ЗАҢНАМАЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ:  
ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ**

**Ізтұрғанова Г.Қ.**

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау қ., Қазақстан*

**Андатпа.** Мақала нарықтық экономика және жаһандану жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуы кезеңінде жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеу проблемаларына арналған. Ұсынып отырған еңбекте жер қойнауын пайдалану саласындағы, сондай-ақ оған ілеспе пайдалы қарекет түрлері - табиғатты, жерді пайдалану, жолайғы өнімдер өндіру салаларындағы құқықтық қатынастардың ерекшеліктері ашылады. Сондай ақ жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік-құқықтық реттеудің мәселелері мен мемлекет пен қоғам мүдделерінің көзделуі, жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттардың орындалуы мен тұжырымдар қарастырылған.

**Түйін сөздер:** Заңнамалық актілер, жер қойнауы, мониторинг, қадағалау, өкілеттілік, құқықтық режим, норма, жер қойнауын пайдалану, құқықтық қатынас.

Жер қойнауы мен оны пайдаланудың Қазақстан экономикасы үшін маңыздылығы баға жеткісіз. Бұл саладан бюджетке кіріс түсіп қана қоймайды, сонымен қатар қазіргі өнеркәсіптің көптеген саласын шикізатпен қамтамасыз етуші басты сала болып табылады. Осы арқылы ол - елдің экономикалық қуатының жалпы артуына орасан зор үлес қосады. Бұл өз кезегінде экономиканың осы саласын құқықпен қамтамасыз ету қажеттігін алға тартады және мемлекеттен заңшығарушылық қызметте тұтас, ұзақ мерзімге бағдарланған әрі дәйекті саясат ұстануды талап етеді. Мұның өзектілігі жаһандану және Қазақстан экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстармен ықпалдасуы жағдайында тіпті арта түседі.

Осы таяудағы уақытқа дейін жер қойнауын зерттеу мен игеру саласындағы қатынастарды реттеп келген негізгі заң 1996 жылдың 27 қаңтарында қабылданған № 2828 «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңы болды. Кемшілігі бола тұра, бұл құқықтық акт жер қойнауын ұтымды да тиімді игеруге, азаматтық-құқықтық акт, келісімшарт, негізінде шаруашылық субъектілеріне, соның ішінде шетелдіктерге де, жер қойнауын иелік етуге және пайдалануға беруге жол ашты. Онда мемлекет пен жер қойнауын пайдаланушылар мүдделерін теңдестіретін нормалар болды. Осыған орай, заңнамада болған олқылықтарды анықтау және заңды жетілдіру мақсатында құқық қолданудың бірегей жүзесін қалыптастыру, оны талдау мен қорыту өте өзекті іс болып табылады. Экономиканың біз зерттеп отырған саласындағы қатынастарды реттейтін арнайы заң шығармашылығының дамуындағы келесі қадам 2010 жылдың 24 маусымында қабылданған № 291-IV «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңы болды.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы арнаулы қатынастардың бірқатары субсидиарлы түрде азаматтық, экологиялық, жер, су, салық, инвестиция заңнамаларымен, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану операцияларын қауіпсіз жүргізу мен жер қойнауын пайдалану шаруашылығының жеке түрлерін лицензиялау жөніндегі құқықтық актілермен реттеліп келе жатқаны белгілі.

Осыған орай, О.И.Ченцованың жер қойнауын пайдаланудың құқықтық режимін сипаттай келе, оны «жер қойнауын пайдалану туралы арнаулы заңнама» («Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңы, «Мұнай туралы» ҚР Заңы) және «басқа (шектес) заңнамалар, бұған экологиялық, инвестициялық, корпоративтік, салықтық заңдар енеді», сондай-ақ «мемлекеттік органдардың мәртебесі мен өкілеттігін анықтайтын заңнама» деп жіктеуін келтіре кеткен орынды [1].

Сонымен, Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану қатынастарын реттеуге мүмкіндік беретін заңнаманың үлкен жүйесі бар, алайда экономиканың осы секторындағы құқықтық тәртіп пен заңдылықты орнықтыруға сеп болатын құқық қолданудың бірыңғай жүзесі қалыптаспаған. Сол себептен жер қойнауы және оны пайдалану туралы заңдарды жетілдіру қажеттігін негіздеу үшін мынадай негізгі проблемаларды айырықшалап көрсету қажет:

Бірінші проблема «заңнама» ұғымын жалпы теориялық тұрғыдан түсіндіруге қатысты. Заң әдебиеттерінде бұл ұғым кең және тар мағынасында түсіндіріледі. Кең мағынасында ол - қоғамдық қатынастардың белгілі бір саласында қолданылатын нормативті құқықтық актілердің (заңдар мен заң күші бар актілердің) бәрінің жиыны дегенді, ал тар мағынасында, жекелеген зерттеушілердің ойлауынша, ол - бар-жоғы «заңдардың ретке түсірілген жиыны» дегенді білдіреді [2].

«Заңнама» ұғымының тар мағынасын ұстанатындар құқықтық мемлекет теориясы бойынша бұл терминді кеңіте түсіндірмелеуге болмайды деп санайды. Бұл термин кең мағынаға ие болуына себеп совет шындығы болды, онда құқықтық қатынастардың көбі ведомстволық актілермен - қаулылармен, ережелермен, нұсқаулармен, бұйрықтармен т.с.с. құжаттармен реттелген болатын [3]. Мұндай пікірді В.В.Гошуляк та қолдайды: «Заңнама» терминін кең мағынада парықтау, мемлекетіміздің (ССРО-ны айтып отыр. - Е.Ж.) тарихында бұрын болғандай, заңның орнына заңды күші бар актілерді ауыстырып алуға әкеп соқтыруы мүмкін, ал ол - қоғам өміріндегі заң беделін түсірудің рұқсат етілген құралы ретінде пайдаланыла алады», - деп көрсетеді зерттеуші [4].

Сонымен қатар зерттеушілер «заңнама» ұғымын кең мағынада түсіндірудің дұрыстығын негіздейді. Олардың пікірінше, «заңнаманы» тар мағынада пайымдау, яғни, заңнамалық актілердің я заңдардың жиынтығы деп қарау, заңнамада олқылықтың пайда болуына әкеп соғуы, нормативті құқықтық актілердің арасындағы байланыстарды бұзып, заңнаманың жүйесіз дамуына әкеп соғуы мүмкін» [5].

Қазақстан Республикасының қазіргі заңдарында мұндай тұрғының көрінісі бар. Мәселен, 1998 жылдың 24 наурызындағы № 213 «нормативті құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының глосарийінен «заңнама» термині «белгіленген тәртіппен қабылданған нормативті құқықтық актілердің жиынтығы» деп ұғылатынын көреміз. Соған қоса, «нормативті құқықтық акт» «құқықтық нормаларды белгілейтін, олардың ықпалын өзгертетін, тоқтататын я кідіртетін, референдум арқылы қабылданған не болмаса мемлекеттің уәкілетті органы я лауазымды тұлғасы қабылдаған белгіленген формадаға жазбаша ресми құжат» ретінде түсіндіріледі [6]. Демек, Қазақстан Республикасының арнайы заңында «заңнама» кең мағынада тұжырымдалған.

Ресей империясы мен ССРО-да құқықтық ойдың даму тарихына көз жіберсек те, іс жүзінде «заңнама» термині әрқашан кең мағынада қарастырылғанын байқаймыз. Мәселен, Ресей империясының заң әдебиеттері мен анықтамалық әдебиеттерінде «заңнама» деп «құқық бастауларын» (нормативті құқықтық актілер, құқықтық ғұрыптар, соттық прецеденттер, нормативті мазмұндағы халықаралық келісімдер, мемлекетішілік келісімдер) түсіндірілген [7]. Совет дәуірінде «заңнама» термині қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы ретінде пайымдалды [8].

Біздің пікірімізше, мемлекеттілік дамуының, биліктің демократиялық институттарының қалыптасуының, нарықтық экономика нығаюының, қоғамдық

қатынастарды реттеудің формалары мен әдістерін жетілдірудің қазіргі кезеңінде заңнама жүйесінің шағындалуы керек. Шағындалғанда да, оның эволюциялық дамуы нәтижесінде оған биліктің жағарғы мемлекеттік органдарының заңнамалық актілері ғана енетіндей болып шағындалғаны жөн. «Заңнама» терминін кең ұғымда қолдану шын мәнінде ғылыми тұрғыдан жаңсақ, қазіргі мемлекет үшін іс жүзінде тиімсіз болып шығады. Заңды күші бар құқықтық актілер - қаулылар, қағидалар, ережелер, нұсқаулар, бұйрықтар және басқа құқықтық құжаттар шын мәнінде заң деңгейінде, заңдардың орнына қолданылуына жол беруге болмайды. Сондықтан нормативті құқықтық актілерді заңдар және басқа заң күші бар актілер деп нақты бөліп қарау керек. Ал «заңнама жүйесіне» тек заңдар және заң күші бар басқа нормативті құқықтық актілер (мысалы, ҚР Президентінің заң күші бар Жарлықтары) ғана енгізілуі тиіс.

Пікіріміздің негізділігі мыналардан көрінеді:

1) ҚР Конституциясында «қолданыстағы құқық» ұғымының мәні оған «Конституцияның, оған сәйкес заңдардың, басқа нормативті құқықтық актілердің нормаларын, Республиканың халықаралық келісімдерден туындайтын және басқа міндеттерін, сондай-ақ Республиканың Конституциялық Кеңесі мен Жоғары Сотының нормативті қаулыларын» (4-бап) жатқызу арқылы ашылады. Бұл жерде нормативті құқықтық актілердің «заңнама» деген тұтас ұғымға бірікпейтін түрлерінің нақты ажыратылғаны айқын көрініп тұр.

2) «Заңнама» термині «заң» сөзінен жасалып тұр, сондықтан, ғылыми тұрғыдан қарағанда, «заңнама» ұғымына деңгейі, формасы және қабылдану тәртібі жағынан «заң» мәртебесі жоқ басқа нормативті құқықтық актілерді жатқызуға болмайды. Заң дегеніміз ерекше тәртіппен қабылданатын, заңдық жоғары күшке ие, елдің саяси, қоғамдық және экономикалық өмірінің шешуші мәселелері бойынша мемлекеттің ықтияр қалауын білдіретін нормативті құқықтық акт емес пе. Заңдар мен заң күші бар басқа нормативті құқықтық актілерді өкіметтің жоғарғы органдары (Парламент, Президент) немесе жалпыхалықтық референдум барысында азаматар қабылдайды. Оларда халықтың қоғамдық және мемлекеттік құрылыс, мемлекеттік аппараттың қарекеті мен ұйымдастыру қағидаттары, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, экономикалық және саяси дамудың т.с.с. іргелі мәселелері жөніндегі тәуелсіз ықтияр қалауы жария болады.

3) Басқа нормативті құқықтық актілер Конституция мен заңдарға сәйкес болуға және ешқашан қайшы келмеуге тиіс. «Нормативті құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының нормативті құқықтық актілерді негізгі және туынды (3-бап) деп бөлуі, олардың иерархиясын белгілеуі (4-бап), заңнамалық актілердің (конституциялық заң, Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар жарлығы, кодекс, заң, Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлығы, Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы, Сенат пен Мәжілістің қаулыларының) басқа нормативті құқықтық актілерден үстемдігін (6-бап) анықтауы кездейсоқ іс емес.

4) Басқа нормативті құқықтық актілерді «заңнамаға» жатқызу «заңнамалық актілердің», нақты айтқанда, заңдардың жоғары мәртебесін кішірейтеді, төмендетеді, тіпті, кейде елдің заңнамалық тұтас жүйесіне сенімді азайтып, оған қайшы келетін тұстары да бар.

Екінші проблема нормативті құқықтық актілердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысты. Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігін жариялағаннан басталған қазіргі заман тарихы құқықтық шығармашылық (норма шығару) үдерісінің белсенді болғанын куәландырады. Алғашқы кезде мұндай белсенділік совет уақытының заңдары мен заңды күші бар актілерінің биліктің жаңа институттарына және нарықтық қатынастарға көшуге сәйкеспейтіндігінен, жаңа қоғамдық қатынастарды реттеу үшін

елдің Конституциясынан бастап маңызды нормативті құқықтық актілердің бәрін тездетіп әзірлеу қажеттігімен түсіндірілді.

Қазақстанда соңғы жылдары маңызды заңнамалық актілерді қайта қарау қызу жүргізіліп жатыр, қолданыстағы заңдарға көп мөлшерде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде. Заңдар мен басқа нормативті құқықтық актілерді жиі өзгертіп, толықтыра беру олардың бастапқы мәнін, оларды әзірлеуде негіз болған философиялық тұғырдың маңызын жойып жіберетіні сирек құбылыс емес. Соңғы бірнеше жылдың ішінде Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» және «Мұнай туралы» арнайы заңдарына бірнеше рет өзгертулер енгізілді. Өзінің мәні жағынан бұл өзгерістер салмақты құқықтық жаңалықтар әкеле алмады, не бары әр түрлі экономикалық және әлеуметтік міндеттерді, сондай-ақ әкімшілік сипаттағы тұрлаусыз мәселелерді шешуге бағытталды. Заң шығару үрдісінде «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңына 1996 жылы 15 күннің ішінде (2006 жылдың 29 желтоқсанында, 2007 жылдың 9 және 12 қаңтарында) үш рет толықтырулар мен өзгертулер енгізілгені белгілі. Жоғарыда көрсетілген міндеттер мен мәселелер заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу жолымен емес, экономикалық, нарықтық механизмдерді қолдану, келісімшарттық тәжірибені жетілдіру жолымен шешілуге тиісті болатын, қазір де солай болуға тиісті [9].

Проблема, әрине, маңызды. Бірақ мұны, біздің ойымызша, келісімшартқа отыру кезінде жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелерінің санатына Қазақстан тауарлары мен қызметтерін конкурс негізінде алатындай етіп енгізу арқылы шешуге болады, тиіс те. Мұндай амалдың өзі қазақстандық өнім шығарушылар мен қызмет көрсетушілерді өздерінің өнімі мен қызметтерінің сапасын арттыруға мүдделі ете алар еді. Жер қойнауын пайдалану саласындағы басқа да маңызды мәселелерді осы сияқты жолдармен шешуге болар еді.

Үшінші проблема заңды күші бар нормативті құқықтық актілерін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкестіру туралы. Қазір елімізде ҚР Үкіметі, министрліктер мен орталық басқа ведомстволар (Агенттіктер, Комитеттер т.с.с.), жергілікті өкілетті және артқарушы органдар қабылдаған заңды күші бар 250000-нан астам акт қолданыста. Тәжірибе көрсеткендей, заң күші бар актілердің санының көп болуы - қоғамдық қатынастарды, оның ішінде жер қойнауын пайдалану қатынастарын құқықтық реттеудің сапасын қамтамасыз етеді деген сөз емес. Заңды күші бар құқықтық актілердің заңнамалық нормаларды қайталаған, тіпті, қайшы келген мысалдар аз емес.

Осыған орай Ю.Г.Басиннің тұғырлаған пікірін келтіруді орынды санаймыз. Ол «... аналогия құқық шығару емес, құқық қолдану қарекетін орындауда қолданылатындықтан» ҚР Үкіметі бекіткен құқықтық актіде уақытша сақталатын өнімдер мен материалдарды (оның ішінде көмір мен күкіртті) өндіріс қалдықтары санатына аналогия бойынша енгізуі негізсіз екендігін атап көрсетті. Ол дұрыс ескертеді: «Совсем недопустимо применять аналогию в публичных отношениях, если такое применение ухудшает положение граждан и юридических лиц, устанавливает или усиливает ответственность за какие-либо правонарушения, определяет или дополнительно увеличивает денежные платежи или иные взыскания, вводит не предусмотренные законом дополнительные платежи и т.п.» [10].

Мұнан шығатын қорытынды сол: қабылдаған құқықтық актілері қолданыстағы заңдарға және жер қойнауын пайдалану жөнінде мемлекет жасаған келісімшарттарға қайшы келетіндіктен, қоршаған ортаны қорғау жөнінде уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің пайдалы қазбалардың белгілі бір түрлерін өндіріс қалдықтарына жатқызу әрекеттерін құқыққа сай деп тануға болмайды.

Осы еңбек аясында жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастардың нормативті құқықтық базасына жүргізілген талдаулар мен заң шығару қарекетінің

проблемаларын зерттеу «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы қазіргі заңдарды жетілдіру жөнінде тиісті ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді. Болашақта жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманы жетілдіру үшін оны құқық өрісіндегі дербес сала ретінде «заңдастырып», Жалпы және Ерекше бөлімдерден тұратын жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Кодекске негізделетін бір-біріне байлаулы заңдардың жиыны ретінде ұсыну қажет. Кодексті әзірлеу тұжырымдамалық бірқатар тұғырлы қағидаларды ұстану қажет деп санаймыз. Ондай қағидаларда мынадай жайттар ұйғарымын табуы қажет:

1) жер қойнауы мемлекет меншігі болып табылады, алайда жер қойнауын пайдалану саласындағы құқықтық қатынастардың басқа субъектілерінің, соның ішінде шетелдік субъектінің де, иелігінде және пайдалануында болуы мүмкін;

2) жер қойнауы геологиялық ресурстар мен геологиялық ақпараттың өзара байланысты, бірақ генезисі, табылу формасы, физикалық өлшемдері, функционалдық мүмкіндіктері, антропогеннің қарекеттегі орын мен рөлі жақтарынан өзгешеленетін жиынтық ретінде қарастырылуға тиіс, сонда бұл минералды ресурстарды, пайдалы қазбаларды және кенорындарын сыныптауға негіз ретінде қызмет етеді;

3) жер қойнауы телімдері жылжымайтын мүлік ретінде азаматтық құқық айналымына түсіп, мүлік жалдау нысаны бола алады;

4) жер қойнауын пайдалану құқығы заттық құқықтың бір түрі болып табылады, сондықтан мүліктік құқықтың нысанына жатқызылуға тиіс;

5) жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану заңдары жер қойнауын игеруге қатысты қатынастардың барлық түрін реттейді;

6) азаматтық заңнама жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастардың белгілі бір түрлерін субсидиарлы жолмен реттейді. Атап айтқанда: жер қойнауын пайдалану құқығын берумен; жер қойнауын пайдалану келісімшартын жасау, өзгерту және тоқтатумен; жер қойнауын және оның телімдерін пайдалану құқығын азаматтық құқықта қаралуымен; болашақ жер қойнауын пайдаланушыны анықтауға конкурс жүргізумен; жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт міндеттерін орындауымен байланысты қатынастарды реттейді.

7) жер қойнауын иелік етуге және пайдалануға берудің келісімшарттық түрі сақталады: концессия, жалдау мен мердігерлікті қосқанда, келісімнің барлық формасы пайдаланылады;

8) жер қойнауын пайдалану саласындағы құқықтық қатынастар тек заңнамалық актілермен реттелуге тиіс. Бұған жер қойнауын пайдаланумен тікелей байланысты емес қатынастар, мысалы пайдалы қазбалар кенорнын игеру аумағында әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру қатынастары, кірмейді;

9) жер қойнауын игеруде экологиялық қауіпсіздік басымдығы сақталуға тиіс.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ченцова О.И., Законодательство Казахстана о недропользовании: текущий статус, перспективы развития и проблемы законотворчества (взгляд практикующего юриста). // Сборник научных статей юристов юридической фирмы «Эквитас» «Актуальные проблемы гражданского права: вопросы теории и практики». // под ред. Басина Ю.Г. и Ченцовой О.И. // Алматы., 2003. - 211 с.

2. Поленина С.В., Теоретические проблемы системы советского законодательства. - М., 1979. - 202 с; Поленина С.В., Российской законодательство: проблемы и перспективы. - М., 1995. - 478 с; Тихомиров Ю.А., Юридические коллизии. - М., 1994. - 230 с; Игнатьева М.Н., Федеральное и республиканское законодательство



Российской Федерации: проблемы взаимодействия и взаимосвязи. - Якутск, 1995. - 121 с.

3. Пиголкин А.С., Студеникина М.С., Российское законодательство: проблемы и перспективы. - М., 1995. - 478 с.

4. Гошуляк В.В., Теоретико-правовые проблемы конституционного и уставного законодательства субъектов Российской Федерации. - М., - 336 с.

5. Рыженкова М.А. (Сретенская М.А.), Законодательство Республики Беларусь в контексте системного подхода. // Интернет-сайт: [www.by.spinform.ru](http://www.by.spinform.ru). // 20.12.2009.

6. Закон Республики Казахстан от 24 марта 1998 года № 213 «О нормативных правовых актах». // Ведомости Парламента Республики Казахстан, 1998 год, № 2-3, ст.25.

7. Энциклопедический словарь, Т.12. // под ред. Брокгауза Ф.А. и Ефрона И.А. - Санкт-Петербург, 1894. - 480 с.

8. Законы Республики Казахстан от 11 мая 1999 года № 381, от 11 августа 1999 года № 467, от 1 декабря 2004 года № 2, от 20 декабря 2004 года № 13, от 14 октября 2005 года № 79, от 31 января 2006 года № 125, от 29 декабря 2006 года № 209, от 9 января 2007 года № 213, от 12 января 2007 года № 226, от 24 октября 2007 года № 2, от 10 декабря 2008 года № 101-IV, от 13 февраля 2009 года № 135-IV. // Справочно-правовая система «Юрист». // 20.12.2009.

9. Елюбаев Ж.С., Практика совместного предприятия «Тенгизшевройл» по разработке обязательных нормативно-правовых и нормативно-технических документов. // Сборник материалов «Пятой Атырауской правовой конференции». // Атырау. - 2007. - 260 с.

10. Басин Ю.Г., Юридическое заключение о соответствии Постановления Правительства РК от 6 сентября 2001 года № 1154 законодательству Республики Казахстан. // Архив совместного предприятия «Тенгизшевройл». - 2002.

## МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENTS

АЛҒЫСӨЗ	
Ахметов Б.Б.....	3
ҰЛТ РУХЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА	
Қабылов Ә. ....	5
<b>ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМДЫ, ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ</b>	
<b>РАЗВИТИЕ СОВРЕМЕННОЙ НАУКИ, ТЕХНОЛОГИЙ И ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ТРАНСФОРМАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ</b>	
НЕОБХОДИМОСТЬ ЗАЩИТЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ ОТ ОПАСНЫХ ТЕХНОГЕННЫХ ВОЗДЕЙСТВИИ ПРОМЫШЛЕННОСТИ НА ЭКОСИСТЕМЫ	
Рзаева К.С. ....	10
ТОПЛИВО ДЛЯ ДВИГАТЕЛЕЙ С ИСКРОВЫМ ЗАЖИГАНИЕМ	
Сауғабай А., Рзаева К.С. ....	15
DEVELOPMENT OF COMPUTER TESTING IN THE MODERN EDUCATIONAL PROCESS	
Sharipova A.B., Begimova M.M. ....	19
ИЗУЧЕНИЕ СПОСОБНОСТИ АДСОРБЦИИ ШТАММОВ DIETZIA MARIS НА РИСОВОЙ ЛУЗГЕ	
Хожанепесова Ф., Дадрасниа А., Серикбаева А. ....	22
ANALYSIS OF AUTOMATED SYSTEMS FOR ASSESSING PERFORMANCE INDICATORS OF MULTI-NOMENCLATURE MACHINE-BUILDING ENTERPRISES	
Мадиярова А.С., Suleymanova R.S. ....	26
ПЛЮМ-ТЕКТОНИЧЕСКАЯ ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ОСНОВА ПРОГНОЗА ПОЛЕЗНЫХ ИСКОПАЕМЫХ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА	
Байбатша А.Б. ....	32
УСТОЙЧИВОСТЬ СТАЦИОНАРНЫХ ВРАЩЕНИЙ ЗАРЯЖЕННОГО ТВЕРДОГО ТЕЛА В МАГНИТНОМ ПОЛЕ	
Амангелдиева Г.С., Билашова Г.С. ....	38
Ш.ЕСЕНОВТЫҢ МАҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІН ДАМУДАҒЫ РОЛІ	
Арашова Н.К. ....	43
УСТОЙЧИВОСТЬ СТАЦИОНАРНЫХ ВРАЩЕНИЙ ЗАРЯЖЕННОГО ТВЕРДОГО ТЕЛА В МАГНИТНОМ ПОЛЕ	
Билашова Г.С. ....	46
БАҚ ТІЛІНІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ	
Дальмуханова Ф.К. ....	51
ХЕОПС ПИРАМИДАСЫ ҚАЛАЙ ҚҰРЫЛДЫ: ИНЖЕНЕРЛІК АЙЛАЛАР	
Қашқынбаева А.А., Ғылыми жетекшісі: Демеев А.Д.....	55
ЕЖЕЛГІ ПАРСЫ ТОНАЗЫТҚЫШТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
Демеев А.Д., Серикбаева А.К.....	58
ХИМИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА «МӨҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҰҒЫНДЫРУ	
Қабдысалым К., Ибраева М.М., Мукажанова Ж.Б., Саньязова Ш.К.....	65

ПРИМЕНЕНИЕ J-ФУНКЦИИ ЛЕВЕРЕТТА ПРИ ОЦЕНКЕ ПЕРСПЕКТИВ НЕФТЕГАЗОНОСНОСТИ МЕЗОЗОЙСКИХ ОТЛОЖЕНИЙ МЕСТОРОЖДЕНИЯ	
<b>Көбен Г.Қ., Мурзагалиева Ж.С., Даутов А.М., Қожахмет Қ.Ә., Бекенов Е.М.</b> .....	68
АНАЛИЗ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ ШТАМПОВКИ ДЕТАЛЕЙ С ПОМОЩЬЮ ОПЕРАЦИИ РАЗДАЧИ	
<b>Майрамбаев З., Мадиярова А.С.</b> .....	73
ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	
<b>Сагиндыкова Э.У., Меңдібаева А.</b> .....	79
ӘЛ ФАРАБИДІҢ РУХАНИ МҰРАСЫН ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ Ш.ЕСЕНОВТЫҢ ОРНЫ	
<b>Семерханов Б., Ғылыми жетекші: Өтесова Г.Е.</b> .....	86
ЭКОНОМИЯ ТОПЛИВА И СМАЗОЧНЫХ МАТЕРИАЛОВ ПРИ ЭКСПЛУАТАЦИИ АВТОМОБИЛЬНОЙ ТЕХНИКИ	
<b>Джолов Е.М., Рзаева К.С.</b> .....	90
ТРУДНОСТИ ПЕРЕВОДА ЛОЖНЫХ ДРУЗЕЙ	
<b>Сабырова Ш., Научный руководитель Дальмуханова Ф.К.</b> .....	95
ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ УПРАВЛЕНИЕМ ПОДГОТОВКОЙ МАШИНОСТРОИТЕЛЬНОГО ПРОИЗВОДСТВА И ЕГО ИНФРАСТРУКТУРОЙ	
<b>Куанышалиева А., Мамбеталиева Г.С.</b> .....	97
ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРДЫҢ СЕҢІМДІЛІК ЖӘНЕ ТӨЗІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІН ЕСЕПТЕУДЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТЕОРИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ	
<b>Орынбай С., Сүйеуова Н.Б.</b> .....	100
РОБОТИЗАЦИЯ СОВРЕМЕННЫХ СКЛАДСКИХ ЛОГИСТИЧЕСКИХ КОМПЛЕКСОВ	
<b>Анес А.С., Табылов А.У.</b> .....	104
ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ ИНТЕРМОДАЛЬНЫХ КОНТЕЙНЕРНЫХ ПЕРЕВОЗОК	
<b>Еспекеева А.О., Табылов А.У.</b> .....	109
ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРІ	
<b>Төрехан М., Ғылыми жетекші: Таймуратова Л. У.</b> .....	116
PROJECT METHOD APPLICATION IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE	
<b>Yussimbayeva S.</b> .....	120
ИННОВАЦИОННЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ ТРАНСПОРТНО - ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ ЛОГИСТИЧЕСКИХ СИСТЕМ	
<b>Азангали Б. Ж., Юсупов А. А.</b> .....	125
СОВРЕМЕННОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АЛЬТЕРНАТИВНЫХ ВИДОВ БИОТОПЛИВА ДЛЯ АВТОТРАНСПОРТА	
<b>Бекмуратов Д.А., Юсупов А.А.</b> .....	129
ЖАҢА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ	
<b>Қайырханов М., Ғылыми жетекші: Таймуратова Л.У.</b> .....	135
ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ЕББҚ БАР БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ	
<b>Қуатова Ж.К.</b> .....	141

DEVELOPMENT OF TECHNOLOGY PREVENTING THE FORMATION OF SCALE ON THE PUMPING EQUIPMENT ESP IN KARAKUDUK OIL FIELD <b>Nurbolatkyzy A., Chazhabayeva M., Chazhabayeva M.</b> .....	145
ЕКІ ҚАР ҰШҚЫНЫ БІРДЕЙ БОЛУЫ МҮМКІН БЕ? <b>Демеев А.Д., Семирханова Д.К.</b> .....	147
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ІЗДЕНІС ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ <b>Сагиндыкова Э.У., Азаматова Г.М.</b> .....	151
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТІРЕГІ - БІЛІМДІ ҰРПАҚ <b>Сидешова Р.А.</b> .....	156
БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ <b>Нұрова Қ.</b> .....	159
СТУДЕНТТЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЛЫҚ ДАМУЫ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТ <b>Аманқосова А.Қ.</b> .....	163
ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ <b>Ахметова Г.М.</b> .....	167
ПРИМЕНЕНИЕ КОЛТЮБИНГОВОЙ ТЕХНОЛОГИИ В МАНГИСТАУ <b>Куанышалиева А., Чажабаева М.М.</b> .....	175
РОЛЬ ОБЩЕНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ВОЛЕВЫХ КАЧЕСТВ ЛИЧНОСТИ <b>Таджибаева Ж. А.</b> .....	180

**ГЕОЛОГИЯДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ  
ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
ИНФОРМАЦИОННЫЕ И КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В  
ГЕОЛОГИИ**

МОНИТОРИНГ ПОЧВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ДАННЫХ ДИСТАНЦИОННОГО ЗОНДИРОВАНИЯ <b>Койбакова С. Е., Сырлыбекқызы С., Мухитова А.А.</b> .....	184
ТЕҢІЗ» КЕН ОРНЫНДАҒЫ ҰҢҒЫЛАРДЫҢ ГИДРОДИНАМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕЛЕРІ <b>Тауова Н.Р., Ғылыми жетекші: Кожамет К., Есенаманова М.С.</b> .....	189
ГЕОЛОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ПРОВОДКИ ПРОЕКТНЫХ СКВАЖИН ЖАЗГУРЛИНСКОЙ ДЕПРЕССИИ <b>Мерекеева Э.К., Черкешова С.М.</b> .....	194
«ТЕҢІЗ» КЕН ОРНЫНЫҢ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ <b>Тауова Н.Р., Ғылыми жетекші: Кожамет К., Есенаманова М.С.</b> .....	200
АНАЛИЗ ПАРАМЕТРОВ ПОЛЕВЫХ СЕЙСМИЧЕСКИХ РАБОТ ЗД <b>Мерекеева Э.К., Кылышбаева Н.Ж.</b> .....	206
МҰНАЙ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ПОРФИРИНДЕРДІ ЭПР СПЕКТРОСКОПИЯ ӘДІСІМЕН АНЫҚТАУ <b>Латипова Д., Нажетова А, Калиманова Д., Насиров Р.</b> .....	211
ИССЛЕДОВАНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ КОАГУЛЯНТОВ ДЛЯ ОЧИСТКИ СТОЧНЫХ ВОД	

<b>Лукманов А.Б., Научный руководитель: Сулейменова Б.С.....</b>	<b>215</b>
ПЕРСПЕКТИВЫ НЕФТЕГАЗОНОСНОСТИ КОСБУЛАКСКОГО ПРОГИБА С УЧЕТОМ НОВОЙ ГЕОЛОГО – ГЕОФИЗИЧЕСКОЙ ИНФОРМАЦИИ	
<b>Бекешова Ж.Б., Научный руководитель: Қожахмет Қ.Ә.....</b>	<b>221</b>
МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ КЕНОРЫНДАРЫН ИГЕРУДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
<b>Есболай Г.І. ....</b>	<b>226</b>
ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР	
<b>Есболай Г.І. ....</b>	<b>228</b>
ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕ ҚОЛДАНАТЫН ЭЛЕКТРОНДЫҚ КАРТАЛАР	
<b>Утепова Г.А., Ғылыми жетекші: Жидебаева А.Е. ....</b>	<b>231</b>
ИНФРАСТРУКТУРА СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ	
<b>Жумадилова М.Б. ....</b>	<b>235</b>
РАЗВИТИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ, ИСПОЛЬЗУЮЩЕГО ОТКРЫТОЕ ПРОГРАММНОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ	
<b>Жумадилова М.Б. ....</b>	<b>240</b>
НЕФТЕГАЗОНОСНОСТИ ДОЮРСКОГО КОМПЛЕКСА МАНГЫШЛАКА	
<b>Бекешова Ж.Б., Научный руководитель: Қожахмет Қ.Ә, Жиенбаева Г.И.....</b>	<b>245</b>
КЕСКІНДЕРДІ ӨНДЕУДЕНГІ МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ	
<b>Қожабай Қ.Б., Ғылыми жетекші: Тусупов Д.А., Сабитова Н.Ж.....</b>	<b>252</b>
ТОПЫРАҚ ҚАБАТЫНЫҢ МҰНАЙ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОСПАЛАРЫМЕН ЛАСТАНУЫ	
<b>Суйменова М.К. ....</b>	<b>255</b>
АТЫРАУ ҚАЛАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА АУАДАҒЫ КҮКІРТТІ СУТЕГІ МЕН ТОПЫРАҚ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ЖЫЛЖЫМАЛЫ КҮКІРТ МӨЛШЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ	
<b>Рыскалиева Д.К., Сырлыбекқызы С., Есенаманова М.С.....</b>	<b>259</b>
ПРИМЕНЕНИЕ J-ФУНКЦИИ ЛЕВЕРЕТТА ПРИ ОЦЕНКЕ ПЕРСПЕКТИВ НЕФТЕГАЗОНОСНОСТИ МЕЗОЗОЙСКИХ ОТЛОЖЕНИЙ МЕСТОРОЖДЕНИЯ	
<b>Көбен Г.Қ., Мурзагалиева Ж.С., Даутов А.М., Қожахмет Қ.Ә., Бекенов Е.М. ....</b>	<b>264</b>
АНАЛИТИЧЕСКИЙ ОБЗОР СУЩЕСТВУЮЩИХ РЕКОМЕНДАЦИЙ И МЕТОДОВ КАВИТАЦИИ НАСОСОВ	
<b>Жумагазин А.Ж., Научный руководитель: Баямирова Р.У.....</b>	<b>269</b>
АНАЛИЗ ЭФФЕКТИВНОСТИ РЕМОНТНО-ИЗОЛЯЦИОННЫХ РАБОТ НА ЭКСПЛУАТАЦИОННЫХ СКВАЖИНАХ МЕСТОРОЖДЕНИЯ КАЛАМКАС	
<b>Исатай А.И., Научный руководитель: Баямирова Р.У.....</b>	<b>274</b>
АНАЛИЗ ИССЛЕДОВАНИЙ, ПОСВЯЩЕННЫХ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ РЕЦЕПТУР БУРОВЫХ РАСТВОРОВ	
<b>Нуршаханова Л.К., Мирзаев Р.И., Закенов С.Т., Закенова А.С.....</b>	<b>281</b>
АНАЛИЗ ГЕОГРАФИЧЕСКОГО И ФИЗИЧЕСКОГО РАСПОЛОЖЕНИЯ РЫБОПРОМЫСЛОВЫХ ВОДОЕМОВ ДЛЯ КОМПЛЕКСНОГО ИССЛЕДОВАНИЯ	
<b>Ғани Ш.М., Научный руководитель: Сулейменова Б.С.....</b>	<b>286</b>
ПРИМЕНЕНИЕ НОВЫХ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ	

<b>Сугиров Д.У.</b> .....	290
МАҢҒЫСТАУ ЭКОЛОГИЯСЫ	
<b>Суйменова М.К.</b> .....	297
КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ	
<b>Мухитова А.А., Нурбаева Ф.Қ.</b> .....	300
МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ШЕСЕНОВ	
<b>Табылдиева О.Д.</b> .....	304
«ТЕҢІЗ» КЕН ОРНЫНДА МҰНАЙ АЙЫРУ КЕЗІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАН КҮКІРТТІ ӨҢДЕУ	
<b>Тауова Н.Р., Ғылыми жетекші: Кожамет К., Есенаманова М.С.</b> .....	308
АҚАБА СУЛАРДЫ ТАЗАРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ	
<b>Гарифуллаев Б.М., Ғылыми жетекші: Сырлыбекқызы., Алтыбаева Ж.К.</b> .....	315
МОРФОФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ КРИТЕРИИ АДАПТАЦИИ РЫБ К УСЛОВИЯМ ВНЕШНЕЙ СРЕДЫ	
<b>Сейдалиева Л.К., Крючков В.Н., Волкова И.В.</b> .....	320

**ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ  
ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ НЕДРОПОЛЬЗОВАНИЯ И ВОПРОСЫ  
СОЦИАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ**

ПРОМЫШЛЕННОЕ ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ – КАК ФАКТОР КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ КАЗАХСТАНА	
<b>Абдешов Д.Д.</b> .....	323
ВОПРОСЫ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН О НЕДРАХ И НЕДРОПОЛЬЗОВАНИИ.	
<b>Асылбаев Э.Р., научный руководитель: Петросянц Т.В.</b> .....	326
СОЦИАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ И ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СЕМЬИ	
<b>Ахметова Б.С.</b> .....	332
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	
<b>Байжанова Л., научный руководитель Тажиева И.Т.</b> .....	338
ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРУ	
<b>Балғожаева Ж., ғылыми жетекші: Шахаева Г.Б.</b> .....	342
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕГИОНА, ПРОБЛЕМЫ И ПОТЕНЦИАЛ РАЗВИТИЯ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА	
<b>Бермухамедова Г.Б.</b> .....	345
ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТИ В НЕФТЕГАЗОВУЮ ОТРАСЛЬ РК	
<b>Елемесова А., научный руководитель Кисаева З.Н.</b> .....	349
ИНТЕРПРЕТАЦИЯ И ПРИМЕНЕНИЕ ДАННЫХ ЭКОНОМИЧЕСКОГО АНАЛИЗА СОСТОЯНИЯ И ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТРУДОВЫХ РЕСУРСОВ ДЛЯ ПРИНЯТИЯ УПРАВЛЕНЧЕСКИХ РЕШЕНИЙ НА ПРОМЫШЛЕННОМ ПРЕДПРИЯТИИ	
<b>Есенгельдинов Н., научный руководитель: Саубетова Б.С.</b> .....	355
СОЦИАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ С ОБЩЕСТВЕННОЙ ЦЕННОСТЬЮ: МЕЖДУНАРОДНОЕ СРАВНЕНИЕ	
<b>Замзан А. Қ., научный руководитель: Саймаганбетова Г.А.</b> .....	359

ЭКОНОМИКО – ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ЗНАЧЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В СОВРЕМЕННОМ ГОСУДАРСТВЕ <b>Кайрова А., научный руководитель: Абдешов Д.Д.</b> .....	363
СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ НАПРАВЛЕНИЙ ПОВЫШЕНИЯ УРОВНЯ И КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ РЕГИОНА И ПУТЕЙ ЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ <b>Кисаева З.Н.</b> .....	366
МЕХАНИЗМ РАЗВИТИЯ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ РЕГИОНА <b>Қосымбаев А., научный руководитель: Бермухамедова Г.Б.</b> .....	372
СОЦИАЛЬНАЯ СРЕДА И УПРАВЛЕНИЕ ЧЕЛОВЕЧЕСКИМИ РЕСУРСАМИ <b>Машырықова А.А., научный руководитель: Омарова А.И.</b> .....	376
РОЛЬ И МЕСТО ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ АПК В РАЗВИТИИ ЭКОНОМИКИ РЕГИОНОВ <b>Орынбасар А., научный руководитель: Бермухамедова Г.Б.</b> .....	380
КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК КІЛТІ - БІЛІМДЕ <b>Өтебалиева Қ.Е.</b> .....	384
СОВРЕМЕННОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ АДРЕСНОЙ СОЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ В КАЗАХСТАНЕ <b>Петросяц Т.В.</b> .....	387
ҚАЗАҚСТАНДА ХАЛЫҚТЫ ӨЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ <b>Салкынбаева Ф.Д.</b> .....	391
МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДАҒЫ ӨЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР - ЖАСТАР САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ РЕТІНДЕ <b>Сейтова К. Ғ., ғылыми жетекші Бекбергенова Ж.Т.</b> .....	395
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ – ӨРБІР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ <b>Тулаева Е., ғылыми жетекші: Әбжами А.</b> .....	401
ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕЙТІН ЗАҢНАМАЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ <b>Ізтұрғанова Г.Қ.</b> .....	404

Баспаға қол қойылған күні 04.10.2022  
Пішімі 32\*45 ¼  
Көлемі 416 бет  
Таралымы 100 дана  
"Brand Book" ЖШС баспаханасында  
басылды. Мекенжайы: Алматы қ.,  
Баянаульская к. 1/1.

---

Подписано в печать 04.10.2022  
Формат 32\*45 ¼  
Объем 416 стр.  
Тираж 100 экз.  
Отпечатано в типографии  
ТОО "Brand Book".  
Адрес: Республика Казахстан, г.  
Алматы, ул. Баянаульская 1/1.